

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Карагандинская область

1. Абетова Айым	3
2. Айтжанова Лиза	5
3. Алескеров Иса	7
4. Алишбекова Ақниет	8
5. Аман Аружан	9
6. Аманбаева Гүлім	12
7. Аманжол Думан	16
8. Анарбаева Эльнора	19
9. Аханова Шырайлым	22
10. Ахметбеков Даян	24
11. Әміренова Гүлназ	25
12. Базарбекова Мадина	28
13. Базылова Жанерке	31
14. Балтабай Ділде	34
15. Бобло Лаура	35
16. Буркитхан Еркежан	37
17. Еркин Азат	39
18. Ерсұлтанов Әміре	42
19. Есенгабулов Жандос	44
20. Жабкен Ұлмекен	47
21. Жаныбек Айтуар	50
22. Жанат Аяулым	52
23. Жанат Назерке	54
24. Жекеева Камшат	57
25. Жұмабаев Ескендір	60
26. Замиденов Айдар	63
27. Каримова Назерке	66
28. Кенесова Ақбота	69
29. Кирпичникова Юлия	71
30. Көпеева Мадина	74

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

31. Қурманова Милана	77
32. Қызбала Назерке	79
33. Қапанова Аяна	83
34. Қасым Найляна	86
35. Лашкарев Рүстем	88
36. Накупова Айдана	91
37. Насибуллина Алсу	96
38. Нұрлыбаева Ақбота	98
39. Рахимова Жансая	102
40. Рыспаев Мақсат	105
41. Сагинтаев Карим	107
42. Сағынбаев Ерқанат	109
43. Садуова Мейрана	112
44. Сейітова Арайлым	115
45. Тайжанова Дильназ	117
46. Тайлақбаева Данагүл	120
47. Тасболатова Ұлжан	123
48. Терлікбаев Нұрасыл	126
49. Шаканова Мадина	132

Абетова Айым

Қарағанды қаласы

№82 ЖББОМ-тің 7 сынып оқушысы

Ғылыми жетекшісі: Жамангарина Э.А

Ұлы Отан соғысы

Соғыс...Осы сөзді естігенде бойынды бір қорқыныш билейді.1941-1945 жылдар...Тарихқа енген киелі сандар.Ұлы Отан соғысы... Бұл сөз тіркесін естігенде,көз алдына қанды майдан,ағаларымыздың жер үшін,келешек үшін соғысып жатқаны елестейді.Бұл – біздің елімізге төнген үлкен қауіп, әрі сын еді. Отанымызды қорғауға еңбектеген жас та, еңкейген кәрі де аттанды.

Жауымыз неміс,
Күресеміз біз,
Ел үшін,жер үшін
Ақпақшы қанымыз

Ұлы Отан соғысы жалпы алғанда кеңес-герман соғысы,яғни Германия мен оның одақтастарына қарсы Кеңес Одағының соғысы. 1941 ж. 22 маусымда Германия мен оның одақтастары кеңес-герман келісімшартын бұзып, Кеңес Одағына соғыс ашты. Германияның негізгі мақсаты КСРО-ны жою еді.Сөйтіп олар КСРО-ны жою үшін соғыс ашады.

Деректербойынша, біздіңреспубликамызда 6,2 миллион адамтұрыпжатқан. СоғысжылдарыКеңесАрмиясыныңқатарына 1 миллион 200 мыңқазақстандықшақырылған, 20-дан астаматқыштардивизиясы мен басқа да құрылымдаржасақталған

Соғыстың 1-кезеңі (1941 ж. 22 маусым — 1942 ж. 18 қараша) өте ауыр болды. Қызыл Армия өте қолайсыз жағдайда қалды, техника мен қару-жарақтан көп шығын болды. 170 дивизияның 28-і толық талқандалып, ал 70 дивизия өзінің адамдары мен әскери техникасының тең жартысынан айрылды. 200-дей жанармай, оқ-дәрі және қару қоймалары немістер басып алған жерлерде қалды.

Ұлы Отан соғысы осындай үш кезеңнен тұрды.Фашистер өз қарсыластарын аямады.Біздің майдангерлеріміз төрт жылдан,үш кезеңнен тұрған қанды соғысқа шыдауға мәжбүр болды.

Қандай күш бұл дүниеде одан артты?! Деп айтқандай Қасым Аманжолов ағамыз БІЗ ЖЕҢЕМІЗ!!!-деп өз-өзімізді жұбатып,соғысқа шығатынбыз.

Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдағанжауынгерлердіңішіндеқазақаталарымыз бен апаларымыз да көп.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ерлігінжырқылыпайтатынәрбірқазақбатырымыздыешбірімізешқашанұмытпаймыз.

Ал енді біздің жерлестеріміз жайлы айтып кететін болсам, олар майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Бірақ бұл Ұлы Отан соғысында тек жігіттер ғана болған жоқ, яғни қыздар да болды. Бірақ қыздардың ішінен ерекшеленгендері ол - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Олар өздерін нәзік жандылармыз демей, қорқыныштарын жеңіп, майданға шықты.

Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Мен осы батырларды мақтан етемін!!! Себебі, олар біздің жеріміз, біздің болашағымыз үшін аянбай еңбек етті, қандарын төкті. Немістер бізді қанша қинаса да, біз шыдадық. Біздің ерік-жігеріміз берік болды, алға қойған мақсатымызға қарай жүре білдік. Міне, біздің ерік-жігеріміздің, шыдамдылығымыздың арқасында немістерді жеңдік. 9 мамыр өміріміздегі ең қуанышты сәттеріміздің бірі. 9 мамыр ардагерлеріміздің мерекесі. Олар осы құрметке лайық. Қазір қазақ елдімекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай Қазақстан ұрпақтары өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсатта берілген. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар - біздің мақтанышымыз!

Қазіргі таңда осы майдангерлер өздерінің еңбектерінің жемістерін көріп, тәуелсіз мемлекетте ел қатарлы өмір сүріп жатыр. Менің ойымша, біз осы майдангерлерді сыйлап, құрметтеп, оларға шамамыз келгенше көмектесу керекпіз деген ойдамын.

Жеңіс туы желбіресін көк аспанда,
Ардагерлер мұнаймасын Қазақстанда.
Қорықпай шыққан майданға жаспыз демей
Қуанамын батыр апа-аталарға.

Айтжанова Лиза

Қарағанды қаласы

№82 ЖББОМ-тің 9 сынып оқушысы

Жетекшісі: Жамангарина Э.А

Ұлы Отан соғысы

XX ғасырдың ең алапат соғысы- Екінші дүниежүзілік соғыс немесе Ұлы Отан соғысы болып табылады. 1941 жылғы 22 маусым - тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Себебі, сол күні неміс фашистері сол уақыттағы Кеңес Одағына тұтқиылдан, соғыс жарияламастан басып кірді. Соғыстың алғашқы күндерінде Кеңес Одағының әскери ері көп шығынға ұшырады. Халқымыздың Отанпарыздығының ерлігінің арқасында, соғыстағы жауынгерлердің батырлығы мен жанкештігінің арқасында жауға тойтарыс берілді. Төрт жылға созылған бұл соғыста жеңіске жету біздің халқымыз үшін өте қымбатқа соқты.

Соғыс жылдарында тарихи мәліметтер бойынша жиырма бес миллионнан астам әскерлер мен бейбіт халық апат болыпты. Қазақстандықтар қатарынан алты жүз мыңнан астам ерлер соғысқа шақырылған. Оның ішінде үш жүз елу мыңнан астамы қазақтар. Майдандағы ерлігі үшін қазақстандық жауынгерлердің көбісі Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Көптеген аға – апайларымыз ел басына түскен ауыр күнде елім деп қолдарына қару алып, жауға қарсы тұра білді.

Олар: Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Қ.Аманжолов, Б.Момышұлы, Т.Бегильдинов, Р.Қошқарбаев сынды және аттары аталмай хабарсыз кеткен батыр бабаларымыз. Осы жауынгерлердің ерліктерін айта кетсем деймін.

Момышұлы Бауыржан – жазушы, даңқты жауынгер, гвардия полковнигі, панфиловшы, Кеңес Одағының Батыры (1990), Қазақстанның Халық Қаһарманы (1995).

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-шы атқыштар (8-гвардиялық) дивизиясы құрамында майданға аттанады. Батальон, полк командирі болады. Соғыстың соңғы жылдарында осы гвардиялық дивизияны басқарады.

Өшпес ерлік жасап, Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандықтардың бірі – әскери ұшқыш **Нұркен Әбдіров**. 1942 жылы шабуылдаушы ұшқыш Нұркен Әбдіров майданға жіберіледі. Екі айға жетер-жетпес уақыт ішінде 16 рет әскери-әуе жорығына араласты, жаудың 12 танкісін, 28 автомашинасын және т.б. техникаларын, 50-ге тарта солдаты мен офицерін жойды. 1942 жылы 19 желтоқсанда Ростов облысы Боков ауданындағы Коньков хуторына шоғырланған жау танкілері мен автомашиналарына жасалған шабуылға қатысты. Шабуыл кезінде Нұркен Әбдіровтің ұшағы отқа оранды. Осыдан кейін ол ұшағын бұрып әкеліп, жау

танкілерінің шоғырына соғады. Нұркен Әбдіровке әскери міндетін атқару кезінде көрсеткен мұндай өшпес ерлігі үшін 1943 жылы 31 наурызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Рақымжан Қошқарбаев – Берлинде Рейхстаг қабырғасына алғашқылардың бірі болып жеңіс туын тіккен қаһарман қазақ жауынгері. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылды. Лейтенант Рақымжан Қошқарбаев 1945 жылдың сәуірінен Берлинге шабуыл жасаған кеңес әскерлерінің алдыңғы сапында болып, Рейхстагты алу ұрысында асқан ерлік көрсетті.

Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген **Әлия Молдағұлова** мен пулеметші **Мәншүк Мәметова** бар. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - **Қасым Қайсенов**.

Осы соғысқа менің атамда қатысқан екен. Менің дәл бүгінгі күндей бақытты өмір сүруіме, осындай бейбіт заманда өмір сүруіме өз үлесін қосқан атамды мақтан етемін! Ол да батыр! Оған да соғыста көрсеткен ерлігі үшін көптеген медальдар берілді. Ол кісі майданнан аман-есен қайтып келді. Бүгінгідей тыныш заманда дүние салды.

Осындай ержүрек батырларды мақтан тұтамыз, себебі олар өз Отанын, атамекенін және отбасын қорғау үшін қолына қару алып майданға аттанды. Осы өшпес ерліктері мәңгілік есімізде!

Бүгінде Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтері, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштері және "Мәңгілік алау" мемориалдары бар. 9 мамыр күні елі мен жері үшін өмірін қиып, туған жерге оралмаған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді. Қалың жұртшылық соғыста қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етіп, "Мәңгілік алау" мемориалына гүл шоқтарын қояды. 9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау!

Батыр-ерлердің арқасында бүгінгі ұрпақ тәуелсіз елде, бейбіт аспан астында өмір сүріп жатыр. Осы күндерді сыйлаған, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, зұлмат соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлер ешқашан ұмытылмайды деп ойлаймын.

Елімізде соғыс оты тұтанбасын, жеңіс туы желбірей берсін...

Алескеров Иса

3 сынып оқушысы

№ 20 негізгі орта мектеп Қарағанды қаласы
жетекшісі: Асанова Гульмира Сейсембаевна

Ұлы Отан соғысы

1941 жылдың 22 маусымында немістер шапқыншылық жасады. Ұлы Отан соғысы басталды. Сол күнне бастап әр үдің, әр отбасының басында қиыншылық туды. Майданға ұлдарымыз. Ағаларымыз, әке мен аталарымыз аттанды. Тағдырдың жазуымен көп адам соғыстан қайтпады, қайтқандар есінде бірге соғысқан жауынгерлері есте қалды. Сол сынақ жылдары халықтың есінде барлығы сақталды. Әйелдер мен балалар фабрика, зауыттарда техникаларға қажетті саймандар, ыдыстар, түрлі заттар шығарып, еңбек етіп, жауынгерлерге көмектесуге тырысты. Жұмыстары үзіліссіз жалғасты, адамдар қодырғылардың жанында он екі, он төрт сағат жұмыс жасады. Әр адам жеңіске жету үшін үлес қосуға дайын болды.

Халқымыз жеңіске жету алдында үмітін үзбей жұмылып еңбек етті. Соғыста жарақат алған жауынгерлерді иттерде құрқарды. Медбикелер жарақат алған жауынгерді құтқаруда өздері жауған оқтың астында қалуға дайын боды. Өкінішке орай, фашистердің күші қатал болды. Майданда миллиондаған адам қырылды, тұтқынға алынып, ату жазасына жазылды.

Немістер жаулап алған үш жылға созылған Ленинградтың ашаршылығы да таихта қалды. Ұлы халықтың бар екеніндігіне және жауымызды жеңетінімізге ешкім сенген жоқ. Бірақ біз бұл соғысты жеңдік және де басқаша болуы мүмкін емес-ті. Біздің халқымыз қан төгісті қалаған жоқ.

Біз өз, жақындарымызды, жасыл орманымызды, өзен – көлдерімізді жаудан қорғадық. Артымызда махаббат болғандықтан, біз жеңдік, ал фашистерде соқыр өшпенділік болды. Сол соғыстың ұлылығы совет одағының адамы жазықсыз өлімді қаламай, өмір үшін арпалысты.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Алишбекова Ақниет

5 сынып, №65 ЖББ ОМ КММ

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Өмірсерік Манар Нұрланқызы

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына мінеки, 71 жыл болды. Ол кезде адамдар көп азап шекті, қиналды, киетін киімі, жейтін тағамы жоқ болды. Бұл соғысқа көп адам қатысты және көп адам қаза тапты. Көп балалар анасынан, әкесінен айырылды. Ол кезде қиын заман болды. Мұндай жағдай ешкімнің басына келмесін.

Алғашқы да 1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4 шамасында фашистік Германия әскері КСРО-ның батыс аумағына баса-көктеп кірді. Соғыс туралы хабар тез тарады. Соғыс төрт жылға созылған. Адамдарға ұйықтап жатқан кезінде жарылғыш заттар атылған, сол сәтте бақилық болғандары да бар. Олар бір үйді өртеп және тыныш жатқан жанұяны өлтірген. Сондай қиын заман. Бұған шыдаған адамдар қалай өмір сүріп келді екен? Сондай аянышты..

Кеңес Одағы халқы оның ішінде қазақ халқы бір адамдай болып аттанды. Соғысты жеңіспен аяқтау үшін бар күш-жігерін салған. Ұлы Отан соғысы жылдары 1 млн 200 мың қазақстандық армия қатарына алынды. Яғни әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды. Сонымен қатар, Мәскеуді қорғау үшін шайқасқа Қазақстанда құрылған атақты 316 атқыштар дивизиясы қатысты. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов, Бауыржан Момышұлы сынды аға-әпкелеріміз бар күш-жігерін сарып етіп, жандарын да аямады. Олардың ерлігі бізге үлгі, ұлағат.

Соғыс жылдарын да адамдар бойында қорқыныш болды. Адамдар қатты қорықты. Соғыс кезінде жер де азап шекті. КСРО жерінің талай жері жарақат алып, жарамсыз болып қалды. Бізге әрине бұның бәрі түстей көрінеді. СЕбебі біз бұл жайлы аз білеміз. Бірақ біз тәуелсіздіктің қалай келгенін, соғыстың азапты оқиғаларын оқып та жүрміз. Өте қиын.. Енді тек әлемде бейбітшілік болсын! Ешқашан соғыс болмасын деп тілейміз!

Аман Аружан

6-сынып оқушысы

Нұра ауданы Қарағанды облысы Майоровка ауылы

Абдолла Асылбеков атындағы ЖОББ мектебі

Жетекші: Кусаинова Динара Бекбулатовна

Жасасын, Ұлы Жеңіс күні!

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,

Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, - деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді...

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды біздің аталарымыз, әжелеріміз, ағаларымыз көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен көп күткен. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пайда еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар, – деген мақалда айтқандай, біздің ата-бабаларымыз біз үшін осындай тыныштықты сыйлағандарына, рахмет айтамын. Өйткені олар ерлік, жігерлерімен ел үмітін ақтап, сақтап қалды. Адамзат баласына алапат қатер төндірген соғыс отының өшкеніне осынша уақыт өтсе де, жері мен намысын жауға таптатпаған жеңімпаз аға ұрпақтың ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Олар майданда жанқиярлықтың, патриоттықтың, қайсарлықтың өнегесін көрсетті.

Сонда біздің батырларымыз соғыс уақытында жауға қарсы тұрып, өздерінің атақтары үшін емес, жер бетіндегі өмір үшін күресті. От кешіп, қан жұтқан аталарымыз бен апаларымыздың жасаған ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Ол аталарыма мың алғыс айтып, тағзым етемін!

Менің арғы аталарым да соғысқа небәрі 19 жасында аттаныпты. Өкінішке орай аталарымның өздерінен соғыс жайлы айтып беруді сұрай алмадым. Өйткені, ол кісілер мен дүниеге келмеген уақытта өмірден өткен. Ойлап қарасам, қазір 19 жаста өзінің кім екенін білмей жүргендер аз емес сияқты. Ел басына қауіп төнген кезде өрімдей жас болған атамның қолына қару алып, жауға қарсы аттанғаны бүгінде ұрпақтары бізге мақтаныш. Шындап келгенде, бүгінде тәуелсіз мемлекеттің ұланы болып жүргеніме атамның да үлесі зор. Аспанымыз ашық болуына ол кісілер жастық ғұмырын сарп етті, қаншамасы қыршынынан қиылды. Ең бастысы, енді ондай зұлмат болмаса екен!

Біз соғысты көргеніміз жоқ, көрмей-ақ, білмей-ақ қоялық! Бірақ өсіп келе жатқан елдің келешегі соғыс ардагерлерінің өмірі жайлы көп білетін болса, олардың жасаған ерлігін, Тәуелсіздіктің қандай қиыншылықпен келгенін түсінетін болады. Ата-бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау- әрбір азаматтың борышы, ел үшін аянбай еңбек етіп, ел азаматы болу біздің міндетіміз деп ойлаймын.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – үлгі», деген мақалда айтқандай, батырларымыздың ерлігі елге мұра болып қалды, ал біздей оқушыларға бұл үлкен үлгі. Жеңіс күні- достық пен бірлікті жырлайтын, халықтың ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн.

Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,
Жігерленген құштарлықтың құралы.
Күрескердің арманы мен ұраны,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қуаныш пен мерекенің бұлағы. –деген өлеңдей, әлем тарихы беттерінде өзінің сұрапыл зұлымдығымен өшместей із қалдырған соғыс Жеңіспен аяқталып, ұлы мерекеге айналды. Сондықтан бұл мерекенің мәні мен маңызы ерекше.

«Қажеті жоқ... Соғыстың қажеті жоқ! Дұрысы тірлік қылып, ізденейік. Шынайы данқ –еңбекпен келген ат. Соғыс жабайылардың еншісіне қалсын!» - француз жазушысы Ги Де Мопассан айтқандай, ешқашанда соғыс болмай, тәуелсіз еліміз тыныштықта өмір сүре берсін дегім келеді. Біздің ата-бабаларымыз көрген қиыншылықты біз, біздің ұрпағымыз көрмесе екен деймін.

Біз Ұлы Отан сґғысын көзімізбен көрген жоқпыз,бірақ жүрегімізбен сеземіз.Сол кездегі түскен сызаттар тарих бетінде жаңғырып тұр.Біз жыл сайын мамырдың 9-жұлдызында жеңіс күнін тойлаймыз,соғыс ардагерлерін құттықтап,оларға ризашылығымызды білдіреміз.Ал қазір сол қаһармандардың арқасында жас ұрпақ тыныш,бейбіт ғұмыр кешіп жатыр.Біздің басымызға келіп қонған бақ –ол, сол тайсалмай соғысқа аттанған,батыр ата-бабамыздың арқасы.Олардың ісі мәңгі ұмытылмас құнды мұра қалдырды,ол-бейбіт өмір.Біз, өскелең жас ұрпақ осы жеңіс үшін сіздерге өмір бойы риза болып өтеміз !

Аманбаева Гүлім

10 сынып оқушысы

«№7 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Сәтбаев қаласы Қарағанды облысы

Жетекшісі: Жекенова А.Ж.

Тұлғасы тұнған тәлім,есімі елге мәлім-Б.Момышұлы

Отанға деген сүйіспеншілік- еліміздің келешегіне оның кемел ұрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетміз деп білейік.

Отаның Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ.

Ол «өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу -сатқындықтың белгісі. Ел дегенде еміреніп,жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін! Отан үшін отқа түс-күймейсің! Опасызда Отан жоқ. Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды!», -дейді...

... Біздің халқымыз, әсіресе жастар осы қағидаларды естеріне ұстаса деймін.

Н.Ә.Назарбаев.

Ер есімін ел есінде мәңгілікке қалдыру мақсатында 1990 жылы ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысы бойынша Бауыржан Момышұлына Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді. Осы атақ берілген кездегі өз сөзінде Н.Ә.Назарбаев «Бауыржан жұлдызды болған күн – қазақтың жұлдызы жанған күн», – деп толғана айтқан еді.Қазақтың қаһарман қолбасшысы Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірін жас ұрпаққа насихаттау, оларды отансүйгіштікке баулу, Қарулы Күштер қатарына жан-жақты жетілген жастарды тәрбиелеу.

Егемен еліміздің ұлттық сана-сезімі мен намысы оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор, бойында білімге негізделген ізгілікті қасиеттері қалыптасқан «Сегіз қырлы, бір сырлы қазақ азаматын» тәрбиелеуге болатынына біздің көзіміз жетіп отыр.Бүгінгі таңда қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты ұлттық тәрбие рухында тәрбиелеу болып табылады. Бұл талаптың көкейкестілігі қазіргі әлемді жаһандандыру жағдайында бұрынғыдан да артып отыр. Осы тұрғыдан алғанда бірегейлікті сақтаудың басты жолдарының бірі – жастарға ұлттық тәрбие беруде халықтың мәдени мұрасын пайдалану.Жастардың арасында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға мынадай факторлар әсер етеді: ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық игі дәстүрлер, ұлттық парыз, бірлік және міндет. Жауынгер-жазушы Б.Момышұлының «Соғыс психологиясы» деген

еңбегінде аталған қасиеттерге жан-жақты сипаттама беріледі. Солардың ішінде автор әсіресе ұлттық парыз ұғымына аса мән береді. Оның пайымдауынша, ұлттық парыз – Отанға деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін, жерін аман сақтап, ата-баба дәстүріне өте сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарау.

Қазақ халқының тарихында үлкен абырой мен қадір – қасиет иесі, алғашқы полковник, Кеңес Одағының батыры, жазушы Бауыржан Момышұлының орны ерекше.

Халқымыздың патриот ұлы Б.Момышұлы: Қазақ халқы батырға бай және батырлықты биік дәріптеп, азамат пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық, ерлік, ұрпақтан – ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Одан тәлім – тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы тұл, келешегі тұрлаусыз болады. Б.Момышұлының ерен ерліктері мен жасампаз жауынгерлік істерін насихаттау кеңінен өріс алған. Өр азамат туған елінің өткені мен бүгінін біле отырып, болашаққа қадам басады. Болашаққа рухани мәдениетімен қатар ұрпағының ұлттық қасиеттерін сақтауда тарихын үлгі етеді. Ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін тарихи оқиғалардың баса ауқымдысы – Ұлы Отан соғысы. «Ер елсіз болмайды, ел ерсіз бомайды» деп дана халқымыз айтқандай, қан майдандарда қол бастап, елдің намысын жауға таптатпаған батыр бабаларымыз аз емес. Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрады. Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының ерлігі ерекше. Жауға қарсы сұрапыл соғысты батальон командирі, аға лейтенант болып бастаған Б.Момышұлы Жеңіс күні жақындағанда гвардия полковнигі атағын алып, асқан ерліктері мен дүниені дүр сілкіндірген 9-гвардияшылар дивизиясының қолбасшысы атанды. Б.Момышұлының адамгершілік тұлғасы, ұстаздық ғибраттары мен ерліктері небір дастандар мен шығармалар желісінде айшықтала түсті.

Соғыста есімі аңызға айналған кеңес Одағының Батыры Б.Момышұлы: «Соғыс жылдарында Отанымыздың, партиямыздың шақыруымен жүз мыңдаған Қазақстандықтар ел намысын ер намысын қорғап, олар майдан шебінде тірескеннің тізесін бүктіріп, белдескеннің белін сындырып айқасты. Оларға бел тірек болған ер намысы, ел намысы болды». Сондықтан да «Ежелден ер тілегі – ел тілегі», – дегендей, майдан шебінде біздің жігіттер өлгенше намыс туын көтерді. Әл-Фараби бабамыз «Адамға ең алдымен білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», – деген екен. Расында да солай. Өйткені ғылымға бет бұрған, соған барынша назар аударып, тәрбиені заңмен реттеуге тырысқан көптеген дамыған мемлекеттер ел болашағы саналатын жастардың тіршілігіне алаңдаушылық білдіріп, мазасыз күй кеше бастады. Олардың жанында ғасырлар бойы атадан балаға дарыған тәлім-тәрбиесі

ұрпақты тек жақсылыққа тәрбиелейтін қасиеттер қазақты заман аласапыранынан сақтап келеді. Болашақта да тағдырымыздың тәлкекке түсіп, талбесігіміз шайқалмауы үшін осы салада қыруар шаруаны іске асыру қажет.

Бұл адамның бойындағы жауынгерлік қасиетті, жауынгерлік өнегелікті қалыптастыра білген. Б. Момышұлы ар-намыс, ождан үшін күрес, Отанды қасықтай қаны қалғанша қорғау, Отанға берілген адал болу-тәрбиенің өзекті мәселесі екенін айта келіп, «бұл ұғымдар үздіксіз тәрбие арқылы сана-сезімге сіңіріледі де, адамның бойында саналы іс-әрекет жасау үшін дербес мінез құлық қасиеті қалыптасады. Жауынгердің адамгершілік келбетіне қорқыныш жат болуға тиіс. Опасызда-Отан жоқ. Отансыз сатқын-қорқақ бұралқы итпен тең» деп қарайды. «Ерлік- тәрбиеден туады. Анамнан батыр болып тудым деу –ақымақтық» деп ой түйген Бауыржан, солдатпен командирдің ара-қатынасы туралы сөз қозғап: «Жауынгердің бойында намыс отын тұтандыратын-командир. Командирдің жеке басы ерліктің үлгісі болуымен бірге, командир-жауынгердің басшысы, жаны жайсан, ерлік жігері мықты, жүрегі таза солдаттың серігі болғаны абзал » дегенді талап етті

Тәрбие проблемасы-бұл жөргекте жатқан кезден бастап, найзаласқан қоян-қолтық айқасқа дейінгі аралықта жүргізіле беретін тәрбие проблемасы болып табылады. Ата-ана тәрбиесі-Б. Момышұлы жас жауынгерлерді ерлік – патриоттық, отанын, елін, жерін сүйге тәрбиелеуге шақырды. Тәрбие адам бойына жақсы мінез құлық қалыптастырады, тәрбиелеудегі мақсат-саналылық, бұл тәрбиеде басты мәселе, ал мәжбүр ету қосалқы тәртіп режимі деп қарайды. Қатаң тәртіп, құрғақ ақыру адам қасиетін аяққа басу емес. Армияда адамның адамгершілік сезімін терең құрметтей білуге негізделген қатаң тәртіп қана нәтиже береді деп, ол қатаң тәртіп қоюшылықты жеке бастың ерекшелік қасиетіне негіздей, құрметтей отырып, іске асыруды талап етеді.

Қазіргі кезеңде елімізде Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру өзекті мәселенің бірі. Мектепте Б. Момышұлының өмірі мен шығармашылығын көбірек насихаттау аса маңызды. Өйткені болашаққа алаңдаған батырдың да қорыққаны бар еді: «Оттан да, оқтан да қорықпаған Бауыржан едім. Кейінгі кезде қорқынышым көбейіп барады. Балаларға бесік жырын айтатын келіндерімнің азайып бара жатқанынан қорқамын, екінші немерелеріме ертегі айтып беретін әжелердің азайып бара жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тындап, дәстүрді бойына сіңіріп өспегеннің көкірегі көр болама деп қорқамын. Көрдің қолына балта берсең шаба салады, бақыр берсең ала салады, найза берсең сұға салады, намыстанбай бұға салады. Мен табиғатынан, тағдырынан болған соқырлықты айтамын. Егер ондай соқырлықтан жазылмасақ, халық болудан қаламыз ба деп қорқамын!».

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Сондықтан Бауыржан атамиздың айтқан өсиетін насихатын жиі еске алып, содан ауытқымауға тырысып өмір сүре біру әрбір қазақ баласының парызы.

Сонымен қатар Б. Момышұлының жастарды төмендегідей 15 қасиеттен жирендіріп, 15 қасиетке баулуға тырысқанын айқын аңғарамын.

Аманжол Думан

Қарағанды қаласы 6 сынып оқушысы
Жетекшісі: Жамангарина Э.А

Ұлы Отан соғысы

Ұлы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында сұрапыл соғыс жылдарында өз Отанын фашистік басқыншылардан аман алып қалған біртуар батырлар туралы материалдар жариялайды. Кеңес дәуірінде қазақ халқынан шыққан сан мыңдаған батыр ұл – қыздардың ішінде есімі елге ерекше таныс батыр апаларымыздың бірі – Хиуаз Доспанова.

1922 жылдың мамыр айының 15 – інде Атырау облысында дүниеге келген Хиуаз – Ұлы Отан соғысында әскери ұшақпен аспан төрінде майдан салған ерлігімен танылған, ал соғыстан кейінгі бейбіт өмірде қайраткерлігімен дараланған қазақтың қаһарман қызы.

Оның жастық шағы мен өмірінің басым бөлігі мықты насихаттық идеологияны ұстанған Кеңес заманымен тұспа – тұс келді. Басқа – басқа, Кеңес өкіметінің кезінде Одақ үшін отқа да, суға да түсуге бар жанкешті ұрпақ тәрбиелей білгендігін кімде болса мойындайтыны хақ. Хиуаз да Отанын шын сүйген сол кездегі албырт жастардың бірі болатын. Кеңес заманындағы авиацияның жетістіктері мен ұшқыштардың сан түрлі ерлік істері жөніндегі үгіт – насихат қазақ қызының да осы салаға деген ынтызарлығын оятқан. Осындай ой – қиялдың тұңғығында жүрген қагілез де пысық қыз ақыры дегеніне жетіп, 1940 жылы мектепті үздік деген бағамен бітірген. Ол тек мектепті ғана тәмәмдап қоймай, запстағы ұшқыш деген куәлігін қоса ала шығады. Енді өзінің ұшқыш болатындығына сенімі нығая түскен, оқудан соң тура Мәскеуге жол тартып, Жуковский атындағы әскери – әуе академиясына түспек болған оның алғашқы қадамы сәтсіз болды. Бұған налыған Хиуаз ба? Ол бірден Мәскеудің бірінші медициналық институтына түседі. Мұнда жүргенде де өр мінезді, қайсар қыз қатарының алды болады. Сабақты жақсы оқығанымен қоймай, ол гимнастикамен де айналысып, қоғам өміріне де белсене атсалысады. Студенттік өмірдің қызығына батып жүрген бақытты күндерді соғыс деген тажал бұзады. Бұл кезде Хиуаздың сессиясын аяқтап, жазғы демалысқа дайындалып жүрген кезі болатын. Ел басына күн туған шақта ол еліне барып, демалып жатқанды әбес көріп, құрбы – құрдастарымен бірге Мәскеу қорғанысын қамтамасыз ету жұмыстарына атсалысады. Олар алдымен «Метрострой» жүйесінде болып, кейіннен Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қарамағына өтеді.

1941 жылдың қыркүйек айы. Мәскеудің оқу орындарында жаңа оқу жылының басталып жатқан кезі. Ал жастардың көпшілігі Отанды жаудан қорғау үшін майданға аттанып жатқан шақ.

Бұл кезде Хиуаз да майданға медбике, тегі болмаса, санитар болып кетсем бе деп, талпынып жүрген. Сөйтіп жүргенде ол әйгілі Марина Раскованың қыз – келіншектерден авиаполк құрып жатқандығын естиді. Бұл Хиуаз сияқты нағыз өршіл жас үшін өзінің кім екендігін көрсетіп қалатын жақсы мүмкіндік еді. Бұны Хиуаздың өзі де жақсы түсінеді. Көктен сұрағаны жерден табылған қайсар қыз ойланбастан, бірден аталған полк басшысына келеді. Қазақ қызына полк басшылығы алғашында сенімсіздікпен қараса да жауынгерлер құрамына қабылдайды. Сөйтіп, жауынгер қыз Саратов

қаласының әскери әуе училищесіне жіберіледі. Мұнда штурмандар даярлайтын арнайы курсты аяқтаған жас қыз 1942 жылдың көктемінде сол кездегі авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жау шептерін бомбалайтын әйелдер авиаполкінің құрамында майданға аттанады.

Батыр апамыздың ерлік еңбектері туралы қалдырылған жазба деректер бойынша Хиуаз қызмет еткен полк Оңтүстік майданда, яғни Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Беларусь, Польша, Германия аспанындағы шайқастарға қатысқан. Ол кездегі авиациядағы штурманның атқаратын рөлі ерекше маңызды еді. Өйткені ол ұшақты алдын – ала анықталған жау құрамаларына дәл төбесіне әкеліп бомбалайтын. Сондай – ақ олар ұшаққа жау тарапынан шабуыл жасалғанда әуе шайқасында жүргізеді. Ал экипаж командирі алда жалда мерт болса немесе жаралана қалса, штурман өзі отырған жерінен ұшақты да басқарып, әуедегі шайқасты да жалғастыра береді. Әуеде қарша бораған оқтың арасында жүріп осындай бірнеше міндетті бір адамның атқаруы екінің бірінің қолынан келмесі анық. Ал Хиуаз осы міндетті абыроймен, тіпті асқан шеберлікпен атқара білді. Ол 300-ден астам маңызды тапсырмаларға жіберіліп, барлығында да ерлік көрсеткен. Кейіннен Кеңес Одағының батыры атағын алған Марина Чечневаның Хиуаздың шеберлігі туралы: «Хиуаз Доспанова ұшағын нысанға ылғи да дәл апаратын және өз аэродромына да сондай дәлдікпен қайта оралатын», - деп жазғандығы бекер болмаса керек.

Қыз – келіншектерден жасақталған және Хиуаз қызмет еткен авиаполк үкіметтің көптеген наградаларын алған. Алдымен оған «Гвардиялық» деген атақ беріліп, артынан «Тамань», Қызыл Ту, Суворов ордендері беріледі.

Авиаполк қызметкерлерінің жазып қалдырған деректері бойынша, соғыс кезінде алған қатты жарақаттың салдарынан Хиуазды алғашында қаруластары өлді деп санайды. Алайда оның шалажансар күйде жатқандығын біреулер байқап қалады. Сөйтіп ол аман қалып, тек 6 айдан кейін ғана айығып шығады.

Соғыстағы ерліктері үшін батыр қыз «Қызыл жұлдыз», «II дәрежелі Отан соғысы» ордендері мен «Кавказды азат еткені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарын иеленіп, әскери атағы аға лейтенант шеніне дейін өседі.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Кеңес әскері 1945 жылы Берлинді азат еткен соң Мемлекеттік Қорғаныс комитеті қыз – келіншектер авиаполкін бірінші болып таратады. Ал бұл кезде екінші топтағы мүгедек Хиуаз медицина институтына келіп оқуын жалғастырмақ болады. Алайда ол сол кездері өзінің ерлік істерімен, іскерлігімен Орал облыстық комитетінің бірінші хатшысы Мінайдар Салиннің көзіне түседі. Содан Хиуаз өзі туған облыстағы обкомның нұсқаушысы болады. Кейіннен Алматыдағы Жоғары партия мектебіне жіберіледі. Сол уақыттан бастап, оның ел басқару ісіндегі қырына жол ашылады. Сөйтіп, ЛКСМ Орталық комитетінің бірінші хатшысы сияқты көптеген лауазымды қызметтерді атқарады.

Ел басына күн туған шақта сұрапыл соғысқа араласып, бейбіт заманда еліне талмай еңбек еткен «Халық Қаһарманы» Хиуаз Доспанова 2008 жылдың мамыр айының 20-сы күні өмірден өтті.

Анарбаева Эльнора

10 сынып оқушысы,

№1 қосымша білім беру мектеп-орталығы

Қарағанды облысы, Абай қаласы

Жетекшісі: Әбілдина П.А

**Ұлы Жеңістің 71 жылдығына арналады
«Жеңіс жаңғырықтары» тақырыбына шығарма**

Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси-тарихи, елдік мәні туралы ойлану, пайымдау-кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыздың рухына бас иеміз...

Адамзат тарихындағы аса ірі де қасіретті оқиға –екінші дүниежүзілік соғыс. Ал кешегі алып КСРО мемлекеті құрамындағы халықтар үшін Ұлы Отан соғыс болды. Биыл ТМД елдері осы соғыстың 71 жылдық мерейтойын атап өтпекші.

Ұлы Жеңіске әртүрлі көзқарастар пайда болды. Бір кезде шын жеңімпаздардың кім екенін, қай мемлекет пен халықтың жеңіске қандай үлес қосқаны даусыз айқын болса, енді қазіргі постмодерндік Еуропаның тарихы және саяси жадында әлдеқашан тарихтың ескі үйіндісіне кеткен қара күйелер қайта бықсып, жандана бастады. Тарихи бұрмалаудың басты нысаны кеңес халқының –біздің әкелеріміздің Жеңісі ілінді.

Осының барлығы бізге екінші дүниежүзілік, Ұлы Отан соғысы туралы шындықты жас ұрпақ санасына қайта-қайта жеткізіп отыруды міндеттейді. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз көзқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы-табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселе өзгермеу керек.

Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды. Ол дүние жүзі халықтарының бестен төртінің тағдырына әсер етті. Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша, бұл алапатта 60 млн. адам қаза тапты. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 млн. деп есептеледі.

Фашистік агрессия кеңес халқына ешқандай таңдаудың жолын қалдырмайды. Өйткені гитлерлік Германияда елді мемлекеттік жоспары

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жасалынған болады. Кенес жауынгерлеріне өз елінің әр қадамды үшін қасықтай қаны қалғанша соғысудан басқа жол қалмады.

Фашистік Германияға қарсы соғыста шешуші ұрыстар совет-герман майданында болғанын ерекше қажет. Осындай пікір, көзқарас Қазақстанға да қажет. Бұл сол соғысқа қатысқан әкелеріміздің рухына тағзым, бүгінгі көзі тірілерінің ерлігіне құрмет.

Қазақстанның Ұлы Жеңіске үлесі айырықша болды. Республикамыз халқы қаһарлы жылдары тас-түйіндей бекіді. Тылдағы қазақстандықтардың ерлігі туралы мына бір деректерді тағы бір еске салу орынды. Соғыс алдында Қазақстанда 6,2 млн. халық тұрса оның 1,7 миллионы әскер қатарына шақырылып, 700 мың адам еңбек армиясына жіберілді. Қазақстанда 12 атқыштар дивизиясы, 4 ұлттық кавалерия дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы қырылды. Мамандардың есептеуінше, осы шаралардың нәтижесінде Қазақстан халқының соғыс қажеттеріне жұмылдырылуы 24 пайызға жеткен. Ал екі майданда бірдей соғысқан Германия халқының соғысқа жұмылдырылуы 12 пайыз болған. Осы деректен-ақ тылдағы еліміз халқына қандай ауыртпалық түскенін айқын көруге болады. Соғыс жылдары өнеркәсіпте еңбек еткендердің 50 пайызы жеңіл. Сондай-ақ тамақ өнеркәсібінде 85-90 пайызы, ауыл шаруашылығында 80 пайыздан астамы әйелдер болды. Жастар жұмыс істейтіндердің 35-40 пайызын құраған. Осындай жұмысшылар құрамымен Қазақстан соғыс жылдары ҚСРО-да өндірілген молибденнің 60, металлдық висмуттың 65, полиметалл рудаларының 79 пайызын берді. Батыс аудандардан көшірілген 220 кәсіпорынды қабылдап, қысқа мерзімде іске қосты.

Өз халқының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы төмен болса тұрса да республикамыз соғыс жылдары орталыққа 4829 мың тонна астық, 600 мың тонна ет тапсырды. Республика малшылары Қызыл Армияға 110 мың ат берді, бұл 10 атты әскер дивизиясының құруға жетті. Соғыс өртіне шалынған аймақтардан эвакуацияланған жүздеген мың адамдарды, кейіннен саяси құғын-сүргінге түсіп, депортацияға ұшыраған 1 миллионға жуық әртүрлі этнос өкілдерін қабылдады. Мұның бәрі республикадағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы оған әрі күрделендіргені белгілі. Халқымыз осының бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол ұшын берді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Ал олардың қатарындағы қазақтардың саны 100 еді. Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттік пен тазалықтық қоғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Соғыстың от-майданында жүріп “алты малтаны ас етіп”, “толарсақтан қан кеше жүріп”, елге жеңімпаз ретінде оралған олар соғыстың ерлік рухын, адам бойындағы бар қасиетке сын болған алапат қиыншылықта өзінің азаматтық арына дақ түсірмей, тіпті дәлірек айтсақ қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігі, жанкештілігі мен төзімділігі туралы бүгінгі ұрпаққа жеткізген кешегі өткен Бауыржан Момышұлы мен Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев бастаған жазушылар мен ақындардың шығармашылдық ерлігін, бүгінгі ортамыздағы қайырымдылық пен әділдіктің, патриоттықтың жыршысы һәм күзетшісіндей Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әзілхан Нұршайықов және басқаларды айту парыз.

...Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Едімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Кеңес жауынгерлерін өз туының астына топтастырған коммунистік идеология мұрағатқа кетті. Соғыстың қорытындысында қалыптасқан социалистік лагерь, әлем саяси дамуының бағытын анықтаған Ялта бейбітшілік шарты, Варшава Шарты ыдырады...

Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Оған қазақстандықтар мен қазақтар қосқан қасиетті де қаһармандық ерлік үлес – ерлікті біз мақтан тұтамыз. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскері даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді. Олардың ерлігі алдында тағзым етіп бас ию тірілерге қажет. Ер есімі- ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақ елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді!

Аханова Шырайлым

Жезқазған гуманитарлық колледжі
Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы
Жетекші: Есенгабулова Гулнар Омарбековна

Сіздерге алғысымз шексіз,ардагерлер!

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытпақ емес! Соғыс-күйретуші күш! Соғыс атты суық сөздің сызды ызғары жүректерге жүк түсірген ауыр оқиға. Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Қарғыс атқыр соғыстың кесірінен мезгілсіз кеткен жақын жандарға деген талмаусыраған аянышты сезім бар көңілде. Әрқайсысының сүре алмай кеткен өмірлері, көре алмай кеткен қызықтары, армандары бәрі де алыстап кеткен. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе кинода бізге ата-бабаларымыздың ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы жайында, халқымыздың жауды жеңген ерлігі туралы әлі де талай-талай ұрпақтар аңыз етіп айтатын болар. Бұл қасіретті сұм соғысты ұмыту мүлдем мүмкін емес. Бірақ сол қасіретті күндердегі болған жайғдайлардың барлығы да қаз-қалпында, жүректегі соғыс салған жараның орны сияқты үңірейіп әлі тұр.

Ұлы Отан соғысының жеңісіне бүгінде жетпіс бір жыл толуда. Иә, адам баласының тарихына белес болып енген тарихи жеңіс оңайға түскен жоқ. Расында да мұның бәрін ұмыту мүмкін емес. Тіптен, сол Ұлы Отан жеңісіндегі совет халқының қаһармандығының айқынды беттері, жауды жеңудегі ерлігінің маңызы қанша уақыт өткен сайын жойылмақ емес.

Қариялар азайып бара жатқанымен, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралғын ақсақалды аталарымызбен, ақ жаулықты апаларымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн-Жеңіс күні. Негізінен күллі жұртшылық тойлап жатқан осынау жеңіс мерекесі күні сол қан майданға қатысып, талай рет өмір мен өлім арасындағы арпалыстан аман өткен ардагер ағаларымыздың көңіл-күйін түсіну, соғыс көрмеген ұрпақ үшін аса оңай соға қоймайды. "Ер есімін ел сақтар" деп дана халқымыз айтқандай, жеңіс мерей тойында, қанды майданда шыбын жаны, қасық қаны тамғанша, жау ортасына аттай салып кірген, Отан үшін отқа түсіп, кеудесін оққа тіреген майдангер ағаларымыздың ерлігі естен кетпес жайт болып қалады. Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік, ол күш әрине "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

бірігіп,күштерін бір арнаға салды.Ұлы Жеңіс- он бес одақтас мемлекеттердің ортақ мерей тойы.

Сонымен қатар, қанды майданның қармағына ілініп, ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің рухына табыну келешек ұрпақтың бір борышы.Ал майданнан аман келген майдангерлерге құрмет көрсету жас ұрпаққа өнеге, таусылмас қазына, мәңгі өшпес ұлағат ретінде қалмақ.Негізінен жыл сайын тойланатын жеңіс күнін ардагерлер сағына күтеді.Өйткені, аласапыран күндерінің қиыншылығын бірге көрген, бір тілім қара нанды да теңдей бөліскен жауынгер достарымен жылына бір рет жүздескенге не жетсін.Міне, неліктен қазақ халқы Ұлы Отан соғысы жылдары атақ даңқын жоғары көтерді, өзінің қаһарман, батыр, адал халық екенін Отанға әлемге паш етті.Сондықтан да, әрқашан осы ерліктерді ұмытпауғаа опат болған жауынгерлердің рухына табынып,”ешкім де ешқашанда, еш уақытта да ұмытылмайды” деген ұранмен ардақтау бізге парыз.

Қазақ елі-басына күн туғанда,теріп айтсақ сөз келмитін жауынгер халық.Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғиық, қимылы қылыш ата-бабамыздың есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш қайрат,рух береді.

Бізге жарқын болашақ,бақытты ғұмыр силаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды.Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.Осындай кең далада тату-тәтті өмір кешуге мүмкіндік берген ата-бабаларға мың алғыс.Ұлы Жеңіс құтты болсын!

Ахметбеков Даян

3 сынып оқушысы

№ 20 негізгі орта мектеп Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Асанова Гульмира Сейсембаевна

«Ұлы Отан соғысы жылдары...»

Екінші дүниежүзілік соғыс кезі- біздің еліміздің ауыр сынақтар жылы болды. Жетпіс жыл бұрын жиырма екінші маусымда бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы бүкіл адамзат тарихында қайғылы оқиға дүниежүзілік соғыс басталды.

Соғыс біздің елімізге азап, қиыншылық және бақытсыздық әкелді. Қалалар мен ауылдар қирады. Мыңдаған балаларды әке - шешесіз қалдырды. Бірақ соған қарамастан біздің халық соғысты жеңді, өйткені өз Отанына берілген, нағыз патриот. Көп батылдық пен шыдамдық танытқандықтан, соғысты жеңді. Соғыс әр түрлі ұлттарды біріктірді, жасы мен кәрісі бірігіп соғысқа қарсы шықты, өз жерін сақтап қалуға тырысты. Қазіргі жастар соғыстың не екенін білмейді және де соғыстың болғанын қаламайды.

Сол жетпіс жыл бұрын адамдар соғыстың болғанын қалаған жоқ, бірақ аспандағы күнді, шөптің тәтті иісін, өзінің балаларын көрмейтінін біле тұра, өмірінің соңына дейін соғысты. Ұлы Отан соғысы «Ұлы» деп аталуы халықтық ерлік. Болған соғыс әділ, өйткені жердегі бақыт, бейбіт өмір үшін болған соғыс. 9 мамыр – ең басты мерекелердің бірі, басқа саяси көзқарасы барлар ешқандай дауласпайды, өйткені сұрапыл соғыс Қазақстанның және басқа мемлекеттің отбасыларының басынан өтті. Сондықтан бұл соғыс шындығында, Ұлы Отан соғысы, бүкілхалықтық. Ұлы Отан соғысы барлық отбасылары үшін қасиетті болып есте қалады!

Әрине, бүгінгі күні сол сұрапыл соғыс алыста қалды, ол туралы бізге көп нәрсе белгісіз. Бірақ мен халқымды мақтан етемін, жауынгерлер алдында басымды ием, және үлкен рахметімді айтамын!

Бізге өмір сыйлағандарыңызға, сіздерге рахмет!

Сіздерге бейбіт өмір, бақыт, жақындарыңыздың назары мен қамқорлығына бөленіңіздер, ең бастысы – денсаулық!

Ұзақ өмір сүріп, бейбіт өмірге қуаныңыз!

Әміренова Гүлназ

10 сынып

Қарағанды облысыҚарқаралы қаласы
Мәди Бәпиұлы атындағы №44 ЖОББ мектеп
Жетекшісі: Исина Гулден Асылханқызы

Ерлік пен батырлық

Ерлік... Осы бір сөзді естіген кезде көз алдыма сансыз ғаламат ойлар келіп, сонау заңғар тауға асқақтатады. Ел ішінде «Ер елдің айнасы» деген терең мағыналы мақал бар. Түбіне үңіле қарасаң ұшы-қиыры жоқ кеңістікке енгендей сезімде боласың. Дәл осындай мағыналы ойдың бала қиялымды сансыз көп тараптарға жол сілтері рас. Сонау атам заманнан бері білектің күшімен, найзаның ұшымен елін қорғап қалған батыр ата-бабаларымыздың ерлік істері бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай іс. Елім деп еңіреп өткен саңлақтарымыздың ерлік істерін есіме алсам, бір марқайып қаламын! Сол кездердегі атқарылған талай жорықтар ел басына төнген қара бұлттың кейпінде еді. Алайда, қазақ халқының арда туған асыл текті, жауырыны тоқпақтай ерлері елім деп, жерім деп жауға қарсы шауып, бостандыққа қол жеткізуді ғана мақсат тұтқан. Дәл осындай елім деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат. Халқымыз мұндай қаһарман ұлдарын жыр аңызға айналдырып, өшпес ерліктерін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтауы тиіс.

«Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ер жетесіз» деп атам қазақ бекер айтпаған ғой. Біз ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралаудамыз. Бұл айтылған ойдың негізгі мақсаты-ұлыларды зерттеп, олардың мол мұрасын кейінгі ұрпаққа аманат ету. Қазақ елінің қасиетін өз бойына дарыта алған, туған ұлтын шексіз сүйіп, терең қадір тұтқан халқымыздың қаһарман ұлдарының саны аз емес. Қаһармандар қатарына Т.Бигельдинов, Р.Қошқарбаев, Б.Момышұлы, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова секілді батыр бабаларымыздың ерлігі арқасында қазіргі тату тәтті өмірімізге, бейбіт заманымызға жетіп отырмыз. Дәл осындай ерліктерімен көзге түскен қазақтың ұл қыздарының ерлігіне бар әлем тәнті. Аспанда өртенген әскери ұшағын әдейі жаудың топтасқан қар қоймасына құлатып, ерлікпен қаза тапқан Нұркен Әбдіров пен жаудың жалын атқан от ұясын өз денесімен жауып, жауынгерлерге жол ашып, қаһармандық көрсеткен Сұлтан Баймағанбетовтің ерліктері жүректі елжіретеді. Қазақтың қос батыр қыздары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың қарумен де, қаламмен де жауға қарсы күрескен Бауыржан Момышұлының ерліктері бізге өнеге. Қазақ даласы үшін бабаларымыздың

каны, аналарымыздың көз жасы аз төгілген жоқ. Елін сүйген ерлердің ерлігі халық жадынан ешқашан өшпейді.

Қазір біздер өз алдына тәуелсіз мемлекетпіз. Осы тәуелсіздікке жетіп отырғанымыз - ел үшін күресте ерлікпен қаза тапқан ағалар мен батыр апаларымыздың арқасы. Олар бұл соғыста: «Өз Отанымызды жау шеңгеліне бермейміз!»- деп алға ұмтылды. Соның ішінде «жаным-арымның садағасы» және «халқым үшін қасықтай қаным пида» деп ұрандаған қазақ батырларының бірі – Бауыржан Момышұлы. Ол қазақ халқының тарихында ержүрек, батыр, патриот ретінде мәңгілікке жатталып қалмақ!

Қазіргі ұрпақтың да дәл осындай ерліктің айшықты көрінісін көрсетіп жүргендері баршылық. Әрине, қазіргі бейбіт заманда ата бабамыздың жасаған ерліктері бүгінгі келешек ұрпақтың көрсетіп жүрген батырлығымен тең түспейді. Алайда, қазіргі жас ұрпақтың ерлігі ретінде олардың Отан алдындағы борыштарын абыройлы ақтап, елінің атын бар әлемге паш етіп, әр кез оны жүрегінің түбінде сақтауын айта алар едім. Қазіргі таңда да қанша азаматтарымыз еліміздің тынышытығын сақтау мақсатында талай жанкешті әрекетке барып қаза тауып жатыр. Халқымыз ерлікті ерекше бағалайды. Бүгінге дейін ішкі істер органдары мен ішкі әскердің 877 қызметкері Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталса, 90 сақшы бұл марапатқа қаза болғаннан кейін ғана ұсынылған.

Елім деп еңіреген ерлердің көптеп болуы үшін, меніңше, тәрбиенің таза бұлағымен ұрпақты нәрлендіргеніміз абзал. Отан отбасынан басталады демекші, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берудің астары тереңде екені анық. Ұрпағынды түзегің келсе, қызыңды тәрбиеле, руыңды түзегің келсе, ұлыңды тәрбиеле деген сөзде қаншама терең мағына, өткір ой жатыр десеңізші. Қанымызда қайсарлық, жанымызда өткір рух болғандықтан, артымызға бұрылғанда көз тастар батырларымыз жетерлік.

Халық әр адамның жанұясы іспетті, тек халық тұрғанда ғана ешкім жетімсіремейді, ал елім деп еңіреген ерлер халқын жетімсіретпесі анық. Туған елі тұрғанда, ержүрек ұл-қыздар халық жанында мәңгі сақталады. Ал ержүрек ұл – қыздар тұрғанда, туған елдің де, туған жердің де тұғыры мәңгі асқақтай бермек.

Қазіргі таңда елбасымыздың алдымызға қойып отырған сенім мен мақсаты көп. Елбасымыздың еліміздің бірлігін,ынтымақтастағын сақтап қалуды көздеп, бар игі істерді орындап жүргені баршамызға мәлім дүние. Соның ішінде елбасының жолдауын негізге ала аламыз. Еліміздің тірегі әрі көшбасшысы өзінің сөзінде Отанымыздың іргесін құлатпай, берік ұстап тұру ол біздің азаматтарымыздың мойнында екендігін жете аңғартқан болатын. Сонымен сол азаматтың ертеңі мен бүгінгісінен хабардар болғаны да жөн. Әр азамат бір отбасының мүшесі. Ал отбасы Отанымызды құраушы белгілі бір бөлшектері. Сол себеапті де Отанымыздың тынышытығын сақтаймын

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

деген әр азамат өзінің тәуелсіздігіне қандай ауыр жолмен жеткендігін және оның үлескерлерін білуі басты міндеті. Және әрі қарай да оны қорғап, бейбіт заманның әсем көрінісін сақтап қалуы үшін аянбай еңбек етсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіс достық пен бірлікті жырлаған, ер намысы боп атылған, ел даусы боп шақырған жеңіс. Арын жалау етіп, жанын алау етіп жауға аттанған ел ұрандары жерін, халқының өмірін, өзі туған өңірін, ақ сүт берген анасын, ақ самал ескен даласын қорғаумен болды. Осы соғыста қасық қанын қиып ұрыс даласынан қайтпай қалған қаһармандар қаншама!

Біз,яғни қазіргі ұрпақ, соғыс ардагерлерін, майданна қайтпай қалған боздақтарды келешек үшін қанын төккені үшін басымызды иіп құрмет көрсетуіміз қажет, ол біздің адамгершілік парызымыз. Адамзаттың алдындағы үлкен міндет осы тарихи шындықтарды болашақ ұрпаққа ешқандай өзгеріссіз жеткізу болмақ.

Базарбекова Мадина

9 сыныбы, №9 ЖОББМ

Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы

Жетекші: Абилкаиров Кабден Абилкаирович

Досқа құшағы кең жандар

"Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес"

Халық даналығы.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен – ақ неміс фашистерінің елімізге тұтқиылдан шабуыл жасап, барлық бағытта жерімізге ентелей басып кіруі – қорғаныс саласын шұғыл түрде өзгертуге мәжбүрледі.

Осыған байланысты майдан шебінен мыңдаған бейбіт адамдарды, жүздеген кәсіпорындарды, мәдени және ғылыми мекемелерді тылға көшіру қажеттілігі туды. Бұл қауіпсіздік үшін әрі майданды қажетті қару – жаракпен қамтамасыз етудің ең маңызды іс – шарасы еді. Соғыс жылдары Қазақстанға эвакуацияланған адамдар саны 484149 – ға жеткенін тарихтан білеміз. Қазақстан алғашқылардың бірі болып, бейбіт адамдарды қабылдап, кәсіпорындарды қайтадан құруды жедел қолға алды. Елімізде аз уақыттың ішінде тыңғылықты датынымсыз еңбектің арқасында қару – жарак шығаратын 460 зауыттар іске қосылды. Осы өңірде соғысқа аса зәру марганец рудасын шығаратын Жезді кен орны 38 күн ішінде алғашқы өнімдерін бере бастады.

Соғыс дүмпуі біздің Қарсақбай елді мекенін де шарпып өтті десе де болады. Майданға біреудің жары, біреудің әкесі аттанып жатты. Елдегі бар ауыртпалық кешегі азаматтардың орнын басқан әйелдер мен балаларға түсті. Күлтай шешеміз жалғыз ұлы Қонысбайды әскерге аттандырып, келіні Нұрбибі, немерелері Жолдасбай, Гүлжанмен қалды. Қонысбай кеткелі жарты жылдан асса да, хат - хабар жоқ. Баласынан жақсылық хабар күткен ана бес уақыт намазын қаза қылмай, жалғызының тілеуін тіледі. Почтабайдың алдынан шығады, кейде кеңсеге келінін жіберіп, екі көзі төрт болып хабар күтеді. Ухілеп, түні бойы көз ілмейтін Нұрбибіні де аяйды. Ол таң біліне, зауыттағы жұмысына асығады. Нұрбибі өзіне тапсырылған жұмысты абыройлы әрі асыра орындап, алғашқылардың бірі ретінде, «стахановшы» атанды. Соғыс кезінде атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда құйылғанын және соған үлес қосқанын мақтанышпен айтып отыратын.

Күздің сұрқай бұлтты күндерінің бірі еді. Қарсақбай көшесіне 2-3 машина келіп тоқтады да, біртіндеп адамдар түсе бастады. Олардың киімі жұпыны, өздері басқа ұлт өкілдері сияқты. Әлдене деп сөйлескен олар үйіріліп тұрып қалды. Ауыл адамдары да жинала бастады.

Кеңсе бастығы соғысқа қатысқан адам еді. Шолақ қолын сермелеп жиналғандарға: "Бұл адамдар - Украина жерінен келген бауырларымыз. Осы

жандарға өз туғанымыздай көмек қолын созайық. Кәне, үйді-үйімізге бөліп алып, қонақжайлылық көрсетейік!"- деді.

Е-е-е, байғұстар, қайтсін – ай енді,- деген дауыстар шығып, аяушылық білдіргендер де кездесті. Аз уақыттан кейін әркім келген адамдарды үйлеріне бөлісіп ала бастады.

Ашаң жүзді, қабағын мұң торлаған бір әйел екі баласымен шеткерірек тұр екен. Кейінгі кезде денсаулығы сыр беріп жүрген Күлтай шешей кеңсе басына әрең жеткені сол еді, балалы әйелді көріп: «Кел, кел, қызым!»- деп құшағын жая, еңіреп жіберді. (Күлтай шешеміздің есіне хабарсыз кеткен ұлы Қонысбай түскен еді.) Наташа балалары Антон мен Анитаны ертіп, шешейдің соңынан ере берді. Олар шағын үйге келіп кірді.

Келін, келін, Нұрбибі! Үйге қонақ келді. Тездетіп бидай көже істеп жібер,- деді.

Алақай! Қонақ келді. Енді көкем де келеді!– деп, Жолдасбай мен Гүлжан ерекше қуанды.

Состиып тұрып қалған Наташа мен балаларын Күлтай шешей төрге шығарды. Келген отбасына жылы қабақ танытып, дастарқандарына құрт, ірімшік, сүт қойып қарсы алды.

Күздің суығында тоңып, қарны ашып келген қонақтар тойынған соң, балалар сыртқа шығып, алғашқы таныстықтарын бастады. Бір – бірінің сөзіне түсінбесе де, емеуінен не айтқанын іштей түсініп, шамалы уақыттан кейін ойнап кетті.

Наташа қос мұңлыққа Украинада күйеуі Андрей соғысқа алынғанын, ал әке – шешесінің фашистердің қолынан қаза болғанын, сондай – ақ көрген ауыртпалықтарын айтып жылапта алды. Оған қосылып, екі ана да көзіне жас алды.

Бір үйлі жанға, тағы бір үйлі жан қосылды. Бұл үйдің бар талғажау етері – екі-үш ешкісі. Соны сауып, сүтін пайдаланады, диірмен тартып, бидай ұнынан әртүрлі тағам жасап, кәдеге жаратады. Ал Андрей мен Анита болса, диірменді алғаш рет көріп, таң – тамаша болды.

Күздің қара суығы өңменнен өтердей. Андрейдің аяқ киімі тозып, жылу ұстамаса, Анита сырт киімсіз еді. Қазақ халқы қашанда жомарт, қолы ашық емес пе?! Бірі Антонға жылы етік, енді бірі Анитаға пальто әкеліп берді.

Қарсақбайға келген ересектерде, балаларда жергілікті жерге үйреніп, қазақша сөйлеуге да машықтана бастады. Қолға тиген жұмысты жиіркенбей, ересектер еңбекке де араласып кетті. Кешкілікте балалар ата - анасына көмектесіп, солдаттарға азық - түлік, жылы киім - кешектер даярласты.

Бапай үйінен мектеп ашылып, барлық балалар оқуға тартылды. Мектепке барған Антон Ақан Андрейұлы, Анита Әнита Андрейқызы болып, класс журналына тіркелді.

Күлтай шешей өздерінің жанындағы бос тұрған үйге Наташаны көшіріп кіргізді. Жергілікті тұрғындар бірі киіз, бірі көрпе, енді бірі ыдыс – аяқ, азық-түлік текеп берді. Қырсыққанда биыл қыста қатты болды. Дегенмен отын – судан тарыншылық көрмеді. “Елде болса, ерніңе тиер” деген осы.

Қарсақбайға көктем кеш келді. Ешкілер лақтап, балалардың аузы аққатие бастады. Күлтай шешей бір ешкісін ерулікке берген еді, Наташа соны сауып, балаларына талқан жасап беруді үйренді.

Украинадан келген бауырлар қазақ халқының қонақжай әрі бауырмал екендіктеріне көздері жетті. Жергілікті халықтың тұрмыс – тіршілігіне де көндіге бастады. Ауылда қандай да бір жұмыс бола қалса, бәрі жиналып, тап-тұйнақтай орындайтын. “Бірлік бар жерде, тірлік бар” деген осы болар.

Бірде хат күтіп, бірде жылап, күндер жылжып өте берді. Балалар ауыл сыртындағы төбеге шығып ойнайтынды шығарды. Ақан мен Әнита ұлттық ойындарды жетік меңгеріп алды. Ақан асық атудың шебері атанды. Әнита мен Гүлжан қолдан қуыршақ жасап, мәре – сәре болып жатқан жайы бар. Бүгін Қарсақбай елді мекені үлкен қуанышқа кенеліп жатыр. Соғысқа барған Біркен ағай жараланып, елге оралған еді. Ауыл адамдары Біркен ағайдың үйіне жиналды. Нұрбибіге еріп, Наташада барды. Бәрі Біркенді қаумалап алған.

-Менің жалғызымды көрмедің бе?

-Көкемді ше?

-Жалғызым, елге оралса екен! – деп, Күлтай шешей көз жасын бір сығып алды.

Бір күні почтабай Күлтай шешейдің үйіне келді. “Наташа қызыңызға күйеуінен қара қағаз келді” - деді. Күлтай іштей егіліп, почтабайдың алдына түсті. Көршінің үйіне келіп кірсе, Наташа Әнитаның шашын өріп отыр екен. Қызым, қосағың Андрейіңнен айрылып қалдың” – деп, Күлтай шешей Наташаны құшақтап жылай бастады. Ең жақын, соңғы үмітінен айрылу Наташаға оңай түспегені анық. Наташаның үйінен шыққан дауысқа ауыл адамдары жиналды. Наташаға басу айтып, көңілдерінің бір екенін білдірді. Отан үшін жан қиған үлкен ерлік деп, Андрейді мақтан етті.

Қарсақбаймен біте қайнасып, Наташа отбасымен тұра берді. Туған анасындай болған Күлтай шешейден, абысындай болған Нұрбибіден қазақтың салт – дәстүрлерінде үйреніп алды.

Қарсақбай таңы бүгін ерекше атып, бар мейірім шапағын жерге төгіп тұр. Көптен күткен Жеңіс күні де келіп жетті. Жиналыс болып, Отан үшін қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Солдаттардың жесірлеріне құрметте көрсетілді. Сол құрметтің ішінде Наташа да бар еді. Жиын соңы мерекелік концертке ұласты.

Базылова Жанерке

Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжі
Жетекші: Хасенова Галия Абдрахмановна

Неменеңе жетістің бала батыр...

Ұшқыр ойды от - қайраққа жаныған,
Туған елді өз үйім деп таныған,
Жалындаған жастар керек еліме
Батыр баба қасиеті дарыған!
Сырбай Мәуленов

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио-телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері Ұлы Отан соғысының басталғанына 75 жыл, ал Жеңіске 71 жыл уақыт болса да, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Дегенмен, сол сұрапыл соғыстың куәгерлері мен қатысушыларының күннен-күнге қатары азайып барады.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмыр басты пенде үшін теңдессіз құндылық – ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Осыдан 75 жыл бұрын, фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болған. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан еткен. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылған. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі Беларусь жерінде қалған. Соғыс кенеттен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылған. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранған. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосқан. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданған, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ - ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парактарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны – өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржан Момышұлының еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар. Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді. 1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316-атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол көрсеткен, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанған. Жеңістің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында қаһармандық пен өшпес ерлігі үшін Мәскеу халқы құрметтеп, үлкен сый жасаған. Мәскеу қаласынан ұлан - ғайыр, ұзын көше, зәулім мектепке батыр атамыздың есімі берілген. Бұл Бауыржан Момышұлының ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына деген

құрмет еді. Оның «Ежелден ер тілегі – ел тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» деген өсиетінің өмірде орындалғанын көріп қуанамыз. Ержүрек батырдың кітаптарын оқып отырып, терең ойға қаласың. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқына деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аласың. Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т. б. шығармалары бұған дәлел. Оның шебер суреткерлігіне, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығына таң қаласың. Шығармаларында әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек. Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан-ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, Тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. Бүгін сол армандардың – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі – халықтың бақ жұлдызы жарқырап жанған күн. Сіздің тағылымыңызды зер сала оқып - үйрену бүгін де, ертең де келешек ұрпақ үлесінде. Ұлт болашағының негізін жасайтын жастар санасы өркениет деңгейіне сай болуы шарт. Осыны ойлаған кезде сіздің: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқамын. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ», – деген өсиетіңіз ойға оралады. Бұл – үлкен алаңдаушылық. Өзін халықтан бөліп қарай алмайтын тұлғаның алаңы. Бұл үн бүгінгі күнмен де үндесіп жатыр.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – біз үшін де ұлы мереке! Ұлы Отан соғысы біздің әрбіріміз үшін ұмытылмастай ізін қалдырды. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Қазір қазақ елді-мекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілуде. Ол деген біз, яғни, болашақ ел тізгінін ұстайтын жастар, қазақстандықтар – өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат.

Балтабай Ділде

3-сынып, №10 ЖББОМ КММ

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Зарыххан Айжамал

Биыл мемлекетіміз Ұлы Отан соғысының жетпіс жылдығын атап өтті. Бұл соғыстан басқа елдер сияқты біздің ел де көп зардап шегіпті. Қаншама ер азаматтар соғыста қаза болыпты, хабарсыз кетіпті. Ұлы Отан соғысы осыдан жетпіс жыл бұрын төрт жылға созылып, біздің жеңісімізбен аяқталыпты. Ол кезде менің атам да туылмаған. Бірақ бұл соғыс туралы, соғысқа қатысқан ауыл адамдары, тылдағы ауыр еңбек туралы үйде атам жиі айтып отырады. Атам Балтабай Боқайтегі тарихты, шежірені, салт-дәстүрді жақсы біледі. Өзім мектепке барып, кітап оқи алғаннан бастап, Ұлы Отан соғысы туралы, соғыста батыр атанған апаларымыз М.Мәметова, А.Молдағұлова, ағаларымыз Н.Әбдіров, Б. Момышұлы, Р. Қошқарбаев тағы басқа батырлардың ерлігі туралы оқып таныса бастадым.

Атамның айтуынша, соғысқа ер азаматтар алынып, олар істейтін ауыр жұмыстар: мал бағу, егін егу, шөп шабуды енді балалар мен әйелдер, қарт ата-әжелер атқарыпты. Тіптен менің жасымдағы балалардың өзі қой бағып, отын, астық тасып, үлкен адамдарша еңбек етіпті. Елдің жағдайы ауыр болыпты. Тамақ, киім жетіспепті. Сондай қиыншылыққа қарамастан олар жеңіс үшін бар күштерін жұмсапты. Атамның әкесі мен анасы соғыста жеңіп шығу үшін көп еңбек етіпті. Әкесі колхоздың жылқысын бағыпты, ал анасы егістікте жұмыс істепті.

Ауылда атамның басшылығымен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ер азаматтарға арналып, ескерткіш тақта ашылды. Біздің кішкентай Жұмыскер ауылынан 171 адам соғысқа аттанып, оның 96-сы қаза болған, 69-ы хабарсыз кеткен. Әр жыл сайын 9 Мамыр Жеңіс күнінде ауыл тұрғындары, оқушылар, мектеп ұстаздары жиналып гүл қойып, ел үшін өмірін қиған азаматтарды еске алады.

Қазір біз сол аталарымыз сыйлаған жеңістің арқасында бақытты өмір сүрудеміз, еліміз дамуда. Біз сол аталарымыз бен апаларымыздың ерлігін ұмытпауымыз керек. Отанымызды солардай қорғап, сүйе білуіміз керек деп ойлаймын. Енді ешқашан соғыстың болмағанын қаламаймын. Өйткені соғыста халықтар бір-бірімен жер үшін таласып, балалар әке-шешесіз жетім қалады. Мен бүкіл әлемде бейбітшілік болғанын қалаймын!

Бобло Лаура

Қарағанды қаласы
№82 ЖББОМ-тің 8 сынып оқушысы
Жетекшісі: Жамангарина Э.А

Ұлы Отан соғысы

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген,
Оқдаусы мәңгілік жойылсын.
Бомбаның орнын тегістеген,
Күректер музейге қойылсын
Соғыс, соғыс. Қандай суық сөз бұл!
Солсұрапылжылдардақаншаазаматжерқұшты, қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қанша ма үй тірегінен айырылды. Ауылдан сән, өмірден мәнкетіп,сұрықсыз бір дүниеге айналды.

Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып – типыл етті. Сөйтіп соғыс әрүйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр - қайратының, бірлігінің дәлелі еді.

Менің атам Жалбыров Жағыппар Жалбырұлы 1939жылы аттанған екен. Менің атам Жалбыров Жағыппар Жалбырұлы 1919 жылы қараша айының жетінші жұлдызында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бесаба бекетінде дүниеге келген. Ата –анасы шаруа адамдары болған. 19жасқа толғанда әскерге алыныпты.1938 жылы алғашқы үш жылында Жапония шекарасында шетел-интервентерімен соғысқа қатысқан.Кейінен 1941 жылы Германия КСРО-ға оасыздық пен шабул жасап елін отанын қорғауға аттанды.Менің атам Украина,Польша, Чехословакия, жерлерін неміс фашистерден азат етті

Соғыс зардабы кім - кімге де есжиғызған жоқ. 1945 жылы соғыс аяқталса да, соғыстан кейінгі уақыт ең қиын кезендердің біріболды. Қаншама жауынгерлер жаралы оралса, қаншам аадамдардың үйіне күн сайын қара қағаздар жіберіліп жатты...» Атам жанарын бір нүктеге қадағандай қатты да қалды. Бейнебірмайданды кино лентасынан көріп тұрғандай... көз алдына елестеп те кеткенболар.

Атам 1943 жылы елге аман – сау оралып, үй іші қуанышқа кенеліпті. Қарағанды қаласына келген соң қызу еңбектің ортасы Костенко шахтысында еңбек етіп жұмыс жасапты. 1944жылыЖағыппар атам Төлеу әжеммен бас қосып, үлгіліжанұялардың бірі атаныпты. Екі ер бала мен жетіқыз бала тәрбиелеп, олардыоқытып, елге сыйлы азаматтар болуына үлесін қосыпты. Кейінгіжылдарда Бесаба жылқышы қызметін атқарып,. Кәсібіне ннәсібін теріп еңбегімен еленген атам осы қызметінен зейнеткерлікке 1970жылы

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

шығыпты. Ауылдағы үлкен жанұяғаайналғанотбасыданбалаларытарап, тамырытереңжайылыпты. Әрбаласыбөлек - бөлекшаңырақкөтеріпті. 25 немересі, 16шөбересі бар бүгінде. Жылсайын көктем мен бірге келетін Жеңіс тойына омырау толы медалін тағынып жиындарға қатысып жасжеткіншектерге өз батасын берушіеді. Шіркін, өмірдің зулап, зымырап өтуін қарашы. Ол кез оралмасқа кетті.

Буркитхан Еркежан

7 сынып оқушысы

«Родниковское ауылының №25 ОМ» КММ

Қарағанды облысы

Басшысы: Джилкибаева М.Б.

«Ұлы Отан соғысына 70 жыл»

Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. Әйгілі қолбасшы, соғыс батыры Б. Момышұлы «Соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген, миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпес із жазылмас жара қалдырды» деп өз ойын айтып еді

Ұлы Отан соғысы халық өмірімен, тағдырымен тығыз байланысты. Бұл оқиғаны біз жүрегімізден алып тастай алмаймыз. Отан қорғауға ерлер мен әйел-дердің құқығы тең болған еді. Сондықтан әйелдерде Отан үшін күресіп, жауға қарсы тұрды. Шығыстың екі батыр қызы М. Мәметова мен Ә. Молдағұлова осы соғыстың батыр құрбандары болды. Халықтың басына қиын қыстау кез туғанда М. Мәметова және Ә. Молдағұлова сияқты біз көмектесуге, күресуге дайынбыз. 1418 күнге дейін созылған Ұлы Отан соғысы Қазақстан тарихында өте күрделі кезеңдердің бірі. Соғыстың барлық ауыртпалығын қарапайым солдаттар мен офицерлер көтерді. Олар рейхстагқа Жеңіс туын тіккен болатын. Бөлімшенің жауынгерлері мен офицерлері қазақ халқының батырларын зор құрметпен жерледі. Ата – бабаларымыз майданға жан аямай арпалысты. Олар біз үшін, біздің болашағымыз үшін, туған жеріміз үшін, туған тіліміз үшін жауға қарсылық білдіріп, үлкен ерліктер көрсетті. Біз енді осы ата – бабаларымыздың үмітін ақтауымыз керек. Себебі, болашақ біздің қолымызда. Менің ойымша, қазақ халқы Ұлы Отан соғысында болған оқиғаларды көре және біле отырып, жайбарақат отыра алмайды. Мұны жадымыздан шығарып, өшіріп тастау біздің қолымыздан келмейді, Өйткені Ұлы Отан соғысы бізге өз туған тілімізді, жерімізді, отбасымызды және қасымызда жүрген туған – туыстар мен достарымызды қадірлеп, бағалай біле білу керек екенін көрсетті.

Бірақ, соған қарамастан ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс-күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет – журнал материалдары немесе кинолар, радио телехабарлар ата – бабаларымыздың ерлегін мақтаныш тұта жеткізді. Ұлы Отан соғысы ... Бұл сол кездегі кеңес халқының ер жүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Мен соғысты жек көремін. Соғыс адамдарға азаптан басқа ештеңе бермейді. Елімізді қорғау үшін адамдар соғысқа аттанады. Бірақ бұл соғыстан тек кейбір адамдар тірі қалып, үйлеріне барады. Қайтыс болған адамдардың үйлеріне қара хат

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жіберіледі. Зар жылап отырған аналар үмітін үзбей, оларды күтеді. Баласының өлгенін ешқандай ана мойындамайды. Сөйтіп жүріп, ауырып, бұл дүниеден өтеді. Осындай жағдайды ойласам, көңіл – күйім түсіп, көзімнен жас шығады. Мұндай соғысты кім жақсы көріп, кім қалайды. Мен соғыстың ешқашан болмағанын тілеймін. Біз қазақтар бәріміз біргеміз. Бұл біздің ең басты байлығымыз. Себебі, барлығымыз тату – тәтті, достықпен, бірлікпен өмір сүріп жатырмыз. Мұның барлығы ата – бабаларымыздың арқасы деп ойлаймын.

Біз ата – бабаларымыздың алдында бес иіп, құрметтеуіміз, бұл адамгершіліктің белгісі. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – бірлік. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Б. Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі – ел есінде» - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталарымызбен апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ

Еркин Азат

9 сынып оқушысы,
Д.Шалабекұлы атындағы негізгі орта мектеп
Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Қантай ауылы
Жетекшісі: Амирбекова Кульзина Икымовна

Ұрпағы ардақ тұтып, бас иеді рухына

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім!

Жеңіс! Бейбітшілік! Бұл қандай керемет сөздер десеңші. Бұл сөздердің астарында ашық аспан, бейбіт өмір жатыр. Бүгін біз тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешудеміз. Мұндай еркіндік бақытын адамзат тарихындағы ең жойқын күресте бесіктен белі шықпай еңбекке араласып, бұғанасы бекімей қолына қару алып, қасық қаны қалғанша күрескен аға ұрпақ сыйлады. Фашистік идеология кеңес үкіметінде тұратын халықты саяси және нәсілдік тұрғыдан аяусыз қырып-жоюдың кең көлемді бағдарламасын әзірлеп, шабуылға шықты. Бірақ одан түк шықпады. Қаншама халық біртұтастына бірігіп, күштерін біріктіріп алды.

Сол кездегі Кеңес үкіметінің халқында Коммунистік партия мен үкіметтің саясатына деген наразылыққа жеткілікті негіздер болды. Бірақ қатерлі қауіп төнген кезде халық реніштерін ысырып тастады. Халықты қасіретті тағдырдың ортақтығы, елдің тәуелсіздігінен айырылу қатері, бір Отанның адамы екені, ата-баба рухы біріктірді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ Кеңес халқы жан –тәнімен Отанын қорғады. Әрбір село, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты. Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталып армандары орындалды. Бірақ ол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп, миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекеті болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен біздің халықтың ерлігі ерен деп сеніммен айта аламын.

Балам, сенің бұл халқың-батыр халық. Батырлығын жауына татырды анық, - деп ақындар жырына арқау болған халқымыздың батырлығы, ерлігі қан майданда талай рет көрінді. Біздің

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасып, Отаны үшін жанын қиюға әзір екендерін сөзбен емес, іспен дәлелдеді.

Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар.

Ерліктің қос қанаты деп білемін Аяулы Әлия мен Мәншүгімді, - деп есімдерін ән-жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі екеніне дау жоқ. «Майданға жіберетін ешкімім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін» деп Алматыдағы медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қасарлығы таң қалдырмай қоймайды. Сол секілді мергендігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қалды. Мәншүк пен Әлиядан басқа халқының абыройын асырып, елінің даңқын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, жаралыларды өлімнен құтқарған көптеген қазақ қыздары майдандағы ерліктеріне лайық орден, медальдармен, бас қолбасшының алғыс хаттарымен марапатталған. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаевтай, жаудың тылында партизандардың қатарында шайқасқан қазақстандық - Қасым Қайсеновтай азаматтарымызбен біз қашан да мақтанамыз. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлы мен 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. «Біз-кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол - Отанға деген сүйіспеншілік», - деп еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген. Бүкіл әлемді шошытқан фашистік басқыншыларға қарсы шыққан халқымыздың біртуар азаматы, қайталанбас тұлға, атақты әскери қолбасшысы Б.Момышұлы жорық жолын Жетісудан бастап, Европаның төріне - Берлинге барып ат басын тіреді. Полк командирінен дивизия командиріне дейінгі даңқты жолды басып өтті. Ерлігін жыр қылып жырлайтын әрбір қазақ батырларымызды келешек ұрпақ, біз, ешқашан ұмытпаймыз деп нық сеніммен айта аламын.

Олар өлді, тек аспан сау болсын,-деп.
Олар өлді, туған жер бар болсын-деп,
Олар өлді, ақ арман сөнбесін деп,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Олар өлді, өзгелер өлмесін деп ақындарымыз жырлағандай, майдан даласында алты жүз мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Жыл сайын Жеңіс күні Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтеді. Үлкен қиындықпен, қанмен келген ұлы күннің қаһармандарын қанша дәріптесек те артық емес. Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда, олардың тірі қалғандары, арамызда жүріп Жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай.

Соғыс ардагерлерін құрметтеу- біздің міндетіміз. Ел басына ауыр күн туған кезде «ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып», «толарсақтан саз кешіп» бабаларымыз жерімізді сыртқы жаулардан қорғады. Ұлы Отан соғысы кезеңінде қаншама ата-апаларымыз Антқа адал болудың үлгісін танытты. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көгілдір аспанымызда ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлады. Сондықтан ардагерлерімізді ардақ тұтып, рухтарына басымызды иіп тағзым етеміз. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға біз сөз береміз. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы тиіс.

Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Бүгінде біздің азаматтық парызымыз – Отанымызды сүйіп, еліміздің, жеріміздің адал ұлдары болу.

Ерсұлтанов Әміре

7 сынып, №1 орта мектеп,

Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы

Жетекшісі: Абубакирова Сара Манарбековна

XX ғасырдың алапат соғысы Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Ұлы Отан соғысы болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтардың қолдарына қару бермей, ауыр тыл жұмыстарына алса, Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстандықтар қолдарына қару алып бір кісідей майданға барып Отан қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге арзанға түспегені әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кеткені баршаға аян. Осыдан 71 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан.

Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Жек көремін соғысты,
Қираған үй-қоқысты.
Естімесін ешкім де,
Жоқтауды, зарлы дауысты.
Бейбітшілік орнасын,
Сұм соғыс еш болмасын!
Береке-бірлік тұрақтап,
Алла бізді қолдасын!
Отаны үшін, елі үшін жаралған,
Қан майданнан жеңіспенен оралған.
Халқымыздың ең қадірлі адамы
Менің атам. Ол кісінде жоқ арман!
70 жыл-біздің Ұлы Жеңіске,
Оқ пен отты бағындырған ер іске!
Майдангерлер, ардагерлер-батырлар,
Жеңіс-солар, мәңгі өлмес періште!

...Міне, бізге Жеңіс осындай жолмен келді. Сол үшін біз ата-бабаларымыздың ерлігін мақтан етуіміз керек. Жеңіске өз үлесін қосқан батырларымызды әрқашан жадымызда ұстауға тиіспіз. Олардың рухына мың тағзым!!!

Есенгабулов Жандос

10 сынып, НЗМ ХББ Қарағанды қ.

Қарағанды облысы

Жетекшісі: Абылбаева Б. А.

Ерлік елге мұра

Соғыстың зардабы осы күнге дейін сыр беріп, жадымыздан өшер емес. Оның қамтыған аумағы, қаза болған адамның шектен тыс мөлшері бұрын-сонды болып көрмеген. Шайқасқа қару алып қатысқандармен бірге елде қалған бейбіт адамдар да сол зұламаттың зардабын тартты. Ол кездің балалары балалықты ерте ұмытты, шыбық мініп, ат ойнаудың орнына, өгіздің тізгінін ұстады, елде қалған қарттармен, әйелдермен бірге таңның атысынан күннің батысына дейін табандары мен алақандары тілінгенше еңбек етті. Жеңісті жақындатты.

Бүгінгі күні «соғыс» сөзінен гөрі «Жеңіс» сөзін ауызға жиі аламыз. Ол заңды да. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Бұл күн-әділеттің әді-летсіздікті жеңген күн. Бұл күн бүгінгі ұрпақтың соғыс ардагерлері сыйлаған бейбіт даму жолын әрі қарай жалғастырып жатқан күн» деген еді. Ел басына күн туғанда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, соғыстың алғашқы күндерінен-ақ қазақстандықтар Отанын қорғауға ұмтылды. Екінші дүниежүзілік соғыстың барлық майдандарында біздің жерлестеріміз жезқазған-дықтар белсене қатысты. Олардың қаны Москвадан-Берлинге, Прагадан-Қиыр Шығысқа дейінгі шайқастарда төгілген.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында майдан ұрыс-даласында ғана емес, ең алыс ауылдарда да жүріп жатты. Совет халқы майданда шабуылға шықты, егіс даласында, шахталарда, завод пен фабрикада өздерінің бар қажыр-қайраттарын сарқып еңбек етті. «Тылдағы еңбек, майдандағы еңбектен кем бол-мады» деп тегін айтылмаған. Тылдағы ұрыс-ол таңның аты-сы, күннің батысы, уақытпен санаспай еткен еңбек. Отан мен халық алдындағы жауапкершіліктің жү-гі майдандағы солдаттардікінен кем болған жоқ. Барлық қазақстандықтар, жез-қазғандықтар «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен өмір сүріп, еңбек етті. Соғыс жылдары газет бетінде жарық көрген майдангерлердің өз еңбектері туралы хаттарыны, тыл еңбеккерілерінің майданға еңбегі жетістіктері жайлы хаттарының тәрбиелік мәні зор болды.

«Правда» газетінің 1943 жылғы 6 ақпандағы санында «Қазақ халқының майдангер қазақтарға арналған хаты» жарық көрді. Өзінің бас мақаласында бұл орталық баспасөз құралы, жеңімпаз Қызыл Армия қатарында ашық-жарқын, ержүрек те сенімді қазақтар шайқасып жүр деп келе, газет майдангер қазақтардың ерліктерін баса атап өтеді. Жау «олардың

соққысының күшін біледі, олардың ызасы мен кегінің алдында жауды үрей билейді» деп жазды. «Қазақтар ұрыс даласында жақсы соғысуда, олардың ата-аналары, жұбайлары мен балалары тылда жақсы еңбек етуде. Қазақстан өз жерінің бар байлығымен, тауларының бар қазынасымен майданды алыптай ұстап тұр. Фашистердің қатарын сиреткен әрбір снарядта қазақ табиғатының бір бөлігі бар» деп, «Правда» газеті бар әлемге паш етті. Бұл тарихи шындық. Бұл бағаның жезқазғандықтылықтай қатысы бар. Жезқазғандықтардың майданға қосқан үлесі жайлы айтқанда, Отанға салынған жараны біздің әрқайсысымыз өз жүрегіміздің түпкірінде сезіндік. Міне, сон-дықтан жерлестеріміз ұрыс даласының барлық шебінде қасық қандары қалғанша өз Отанын қорғады. Отан қорғаушыларымыздың біраздары шейіт болып бауырластар зиратында жатыр.

Лапылдаған оттың ішінде жүріп те алға қарай ұлтымызды мақсат еткен жауынгер батылдығының қайнар көзі-еліне деген сүйіспеншілігі, намысы. Бұл ерекшелік бүгінгі ұрпақ үшін қажет. Жезқазған Қарсақпайдан жасалған мина, гра-наттардың соғысқа пайдасы мол, оның қаншалықты қажетті болғанын бәріміз білеміз.

Ұлы Отан соғысындағы халқымыздың жеңісі тек біз үшін ғана емес барша адамзат баласы үшін маңызды.

Жылжып жылдар, ғасырлар өтсе де жұмыр жерді адам баласы мекендеген кезеңде ғаламдағы қадау-қадау оқиғалардың ішінде Екінші дүниежүзілік соғыс саналарда жаңғырып қала бермек. Ол өткеннің қажеттілігін келер кезеңде қайта-ламау үшін, әрі бабалардың ерлік салтын ұрпақтың мұра етуі үшін қажет.

Кешегі қанды соғыста басына қасірет түспеген, соғыс салған ауыр тауқыметті иығымен көтермеген отбасы болған жоқ. Қаншама ана баласынан, қаншама бала әкесінен айырылды. Жары майдан даласынан оралмай қара жамыл-ған жесірлеріміз, жетімдеріміз қаншама. Совет Одағының халықтары бұл соғысты «священная война» дейді. Өте дәл айтылған, Соғыстағы жерлестеріміздің ерлік дәстүрін, тылдағы қажырлы еңбекті, майдангерлер мен тыл ерлерінің есімдерін мәңгі есте сақтаймыз. Жеңіс жауынгерлердің ерлік, батырлық, батылдық, ержү-ректілік, тапқырлық бірлігімен келді.

Жерлестеріміздің жауынгерлік жолы Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Мартбек Мамыраев, Нүркен Әбдіров, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлованың ұлттық мақтаныш екенін естен шығармаймыз.

Ұлы Отан соғысы халқымыздың басына алапат ауыртпалық түсірді, себебі соғыстың аты соғыс, ол сонымен бірге халқымыздың даңқында аспандатты. Май-дан мұқтажы үшін атқарылған тылдағы ерлік істер ұшан-теңсіз. Ананы баласы-нан, баланы әкесінен айырып жер әлемді де, жан жүректерді де жаралаған соғыс отының лаулап барып басылғанына да жетпіс бір жыл уақыт өтіпті. Бірақ, уақыт өтті деп, жаудың әр оғына кеудесін тосып,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

оқтан қорғаған жауынгерлер рухы ұмытылмақ емес, майдандағы ұлынан хат күтті, тәңірден медет тілеген ананың көз жасы мен сүйгенің күтіп, жол жаққа қарайлаған жардың күрсінгені ұмытылмақ емес. Мұның барлығы даулт тарихының қанмен, жаспен жазылған беттерінде сақтаулы. Біздер жыл сайын Жеңіс күнінде жетпіс бір жыл бұрын көз алдымызда жау оғынан мерт болған қанды көйлек достарымызды еске аламыз. Самайына ақ қырау шалған бүгінгі кейуана, баяғы келіншек есіктің артынан жетпіс бір жыл бұрын қара қағаз келген ері кіріп келердей елеңдейді. Барлықтарында бір тілек-елдің амандығы, жұрттың тыныштығы.

Жабкен Ұлмекен

8 сынып оқушысы №1 ЖОББМ КММ

Жезқазған қаласы Қарағанды облысы

Жетекшісі: Сапиянова Гулимай Байзкеновна

Бабалар ерлігі – ұрпаққа өнеге

Ел үшін аянба – ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын
Бауыржан Момышұлы

Батырлық пен ерлік – әр адамның бойында кездесе бермейтін қасиет. Бұл қасиет кей адамда жылдар өте келе қалыптасуы мүмкін. Өмірдегі сан қилы оқиғалар, тосын жағдаяттар өз әсерін тигізіп, адамды көзсіз ерлікке, қайсар батырлыққа итермелейді.

Батылдық – бұл адамның бойына ержүректілік, қайсарлық, еркіндік, сенімділік, табандылық секілді қасиеттерді сіңіре білуі. Батылдық – адамның бір сәтке ғана батыл болып көрінуі емес. Батыл болу – игі мақсаттар жолында табанды, өз ісі мен сөзіне сенімді болып, жасқанбай әрекет ету деген сөз. Мақсатың мен мүмкіндігің, көздеген мүддең, армандаған тілегің, күткен нәтижең барлығы өзара үйлесе қабысқанда ғана түпкі мұратың – батылдыққа жетесің.

Қазақ халқының ұлдары ежелден-ақ өжет, рухты болған. Ата-бабаларымыз дүниеге ұрпақтары келісімен оларды табандылыққа, шыдамдылық пен төзімділікке тәрбиелеген. Көне жазба деректерден, тарихи аңыздардан қазақ халқының арғы тегі – сақтардың да ерекше батыл халық болғанын білеміз. Сақ патшайымы – Томирис, оның ұлы Спаргапис сол кездегі хас батырлар, өршіл рухты қолбасшылар.

Халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы: «Ерліктің негізі – сүйіспеншілік, Отанын сүйген азамат ол үшін отқа да, суға да түседі. Бірақ нағыз азамат оны ерлік жасадым деп есептемейді. Азаматтық міндетімді атқардым, Отан алдындағы перзенттік борышымды өтедім деп қана біледі» деген. Демек, әрбір ерліктің бастау алар қайнар көзі – Отанға деген сүйіспеншілік. Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында қызыл аяқ қар кешіп, жалаң аяқ жар кешіп елін қорғаған Наурызбай, Бөгенбай, Қабанбай батырлар, «қара қазан, сары бала қамы үшін» деп туған жерін қызғыштай қорыған Махамбет пен Исатайлар, екінші дүниежүзілік соғыстың сұрапыл жылдарында да қаныпезер жаудан қаймықпаған қазақтың қайсар ұл-қыздары Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рахымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы соның нақты дәлеліндей.

Жәбікен атам аудандық әскери комиссариатына 17 жасында өз еркімен майданға жіберуді сұрап өтініш жазады. 1942 жылдың тамыз айында соғысқа

аттанады. Майданға барған бетте 18-атқыштар бригадасында атқыш болған. 1942 жылдың желтоқсаннан 1943 жылдың ақпан айына дейін жеке байланыс батальонында курсант болады. Алғашқы дайындық курстарында белсенділік танытқан атамизды 1943 жылдың ақпан айынан 1944 жылдың ақпан айы аралығында 293-атқыштар полкіне РСБ радиостанциясына басшылыққа тағайындайды. Байланыс саласындағы қызметті жылдам меңгерген ол 1944 жылдың ақпан айынан 1946 жылдың маусым айына дейін 285-атқыштар полкінде РСБ радиостанциясына басшы болып тағайындалады. Әскери шені – аға сержант. Можайск түбіндегі шайқаста бірнеше мәрте ұрысқа қатысқан. Соғысты Кенитсберг түбінде аяқтады. 1946 жылдың маусым айынан 1949 жылдың қараша айына дейін 353-атқыштар полкіндегі РСБ радиостанциясында басшы болып, Украинадағы бандыларды жойып, ауыздықтауға қатысады.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген сөз бар. Қанды қырғын арасында 7 жыл 3 ай жүріп, бетпе-бет келген өлімнен 3 рет аман қалдым. Бірде мен блиндаждан шығып кетісімен жанағы жерге бомба түсті. Енді бірде ұрыста жарақат алып, госпитальге түстім, госпитальден шығып келсем, біздің полктан ешкім тірі қалмапты. Украинада Бандераның әскерлерін жоюға қатысқанда да бір ажалдан қалдым, - деп айтады екен. Ол елге 1949 жылдың желтоқсан айында оралады. Елге оралған Жәбікен Шайхымбаев «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 20, 25, 30 жылдығы», «Совет Армиясының Қарулы Күштерінің 30,50, 60 жылдығы» медальдармен марапатталды. Анасы Қалила екеуі 1950 жылы Жездіге қоныс аударады. 1952 жылдан 1955 жылға дейін Қарағандының Абай атындағы педагогикалық училищесінде оқып, бастауыш мектептің мұғалімі деген мамандық иесі болды. Қарағанды педагогикалық институтын сырттай оқып бітіріп, химия-биология пәнінің мұғалімі деген мамандықты алды. Байқоңырдың Қызыл үй елді мекенінде мұғалім, Жетіқоңырдың Ақкеңсе елді мекенінде мектеп директоры қызметін атқарады. 1965 жылы Жезді поселкесіне көшіп келіп, аудандық білім бөлімінде нұсқаушы, Жезді мектеп-интернатында мұғалім, №6 орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарды. Ұрпақ тәрбиелеуге аянбай күш салып, халық ағарту саласында 33 жыл қызмет атқарды. Еңбегін ел бағалап, алдынан дәріс алған білімді азаматтар атамиздың есіміне кір келтірмей әрқашан биік тұтты. Жездіде атам Ілияс Құсайынов, Түсіп Жарылғапов сынды майдангерлермен қатар еңбек етті. Болашақ жастар тәрбиесіндегі елеулі еңбегі ескеріліп «ҚазССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісін омырауына тақты. Атамиздың ерлігін мақтаныш етемін. Арамызда жүрген көзі тірі майдангерлерді құрмет тұтамын. Ұлы істе ұлылығын танытқан ардагерлерімізді қалай құрметтеп дәріптесек те артықтығы болмас. Сол себепті, Отанды, елді қорғауға қатысып, сол қан майданда қаза болған боздақтардың және соғыстан келіп, ұрпақ үшін еңбек

етіп қайтыс болған аталарымыз бен әкелеріміздің рухына тағзым етіп, бас иеміз.

Атамыздың ерлігі елге – мұра, ұрпаққа – ұран!
Туады ерлер ел үшін
Өлмейді ісі мәңгілік,
Өшпейді абзал есімдер.
Ұрпаққа жетіп мәңгілік

Кешпейді асыл ер — деп ақ жалын ақын Жұбан Молдағалиев жырлаған. «Ерлік — елге мұра, ұрпаққа — үлгі» бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы — біз үшін үлгі, шежіре, тағдыр — тарих. «Ел ерімен еңселі», «Елім» деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат. Халық мұндай қаһарман ұлдарын жыр аңызға айналдырып, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтайды. «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ер жетесіз» деп атам қазақ бекер айтпаған ғой. Біз ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралаудамыз. Ондағы мақсат — ұлыларды зерттеп, олардың мол мұрасын кейінгі ұрпаққа аманат ету.

Батылдық пен ерлік жасау арқылы біз жоғарыда аты аталған аға-апаларымыз секілді өшпес із, сөнбес мұра қалдырамыз. Бұл екі қасиет біздің әрқайсымыздың өн бойымызда кездесуі де ғажап емес. Ең бастысы, ерліктің ешқашан есеппен жасалмайтынын есте сақтау қажет. Мейлі, кішкене ғана болсын, мейлі өлшеусіз, орасан зор ерлік болсын, ерліктің аты – ерлік! Тек өзіміз бойымызда бұғып жатқан бұл қасиеттерді дер кезінде көрсетуге әрдайым даяр болайық деп өз ойымды М.Шахановтың «Ерлікке шақыру» деген өлеңінен үзіндімен аяқтағым келеді:

Қорға жаным, сеніміңді жеруден,
Қорлық бар ма, жанбай жатып сөнуден.
Өмірдегі үлкен жеңіс әрдайым,
Басталмай ма, өзіңді-өзің жеңуден.

Жаныбек Айтуар

5 сынып оқушысы

№20 негізгі орта мектеп Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Ахметова Жанар Абаевна

Соғыс – күйретуші күш

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасындар.
Қастерлейді халқымыз қаһарманын,
Жүр есінде сан жарық, сапарларың.
Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер,
Қалды-ау сиреп бұл күнде қатарларың.

1941-1945 жылдар қазақ елі үшін өте ауыр кезең болды. Осы жылдар арасында елді дүрліктірген Ұлы Отан соғысы болды. Соғыс – күйретуші күш. Бірақ осы соғыс арқылы біз өз Отанымызды қорғап қалдық

Осы соғыста қазақтың ұлы батырлары, яғни біздің ата-бабамыз біз үшін, келешек ұрпақ үшін жанын қиды. Көбі қаза тауып, әрбіреуі мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Түгелі болмаса да көбі осы ерлігі үшін ерекше сый-құрметке ие болды. Ұлы Отан соғысын еске түсірген кезде бірден ойымызға Рақымжан Қошқарбаев келеді. Рақымжан Қошқарбаев- Берлинге Рейхстаг қабырғасына алғашқылардың бірі болып жеңіс туын тіккен қаһарман, қазақ жауынгері. Қошқарбаев сияқты қаһармандарымыздың арқасында біз қазіргі күнге жеттік. Батырларымыздың арасында тек қана ерлер емес, елі, жері үшін жанын беруге дайын қазақ қыздары да болған. Барлық батырларды айтып шығу мүмкін емес. Себебі, әрбір қазақ өз елі үшін бәріне де даяр. Бірақ Қазақстандықтан майданда ғана шайқасып қойған жоқ. Тылдағы халық жеңісті жақындату үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Олар күн демей, түн демей аямай еңбек етті. Қазақстан майданға керектінің бәрін берді: нан, ет, киім-кешек, қару-жарақ. Ұлы Отан соғысына жіберілген үш оқтың екеуі Қазақстанда жасалған. Бұл, қазақтар жеңіс үшін бәрін істегенін дәлелдейтін бірден-бір айғақ. Тылдағы ерлік жасаған адамдарды марапаттамаса да, біз олардың есімдерін білмесек те оларды жүрегімізде сақтаймыз.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына, мінеки, 71 жыл толды! Яғни, біз 71 жыл бойы бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Бұл бейбіт өмір осы батырларымыздың арқасында. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Осы батырларымызға, қаһармандарымызға арнап қазақтың ақындары өлеңдер, жыраулары жыр

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жазған. Қазігі кезде қазақ елдімекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындары Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен қазақтардың есімдерімен аталған. Ол дегеніміз біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, ұмытпасын, мақтан етсін деген мақсат. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар - біздің мақтанышымыз! Біз оларды ешқашан ұмытпай, ұрпақтан ұрпаққа жеткіземіз. Бұл біздің басты парызымыз!

Жанат Аяулым

5-сынып, М.Ержанов атындағы ЖОББМ
Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылы
Жетекшісі: Босалова Алтынгүл

Болмасыншы еш соғыс

«Соғыс» деген сөзді естігенде жүрекке қорқыныш ұялатады. Сұрапыл соғыс кімді жылатпады, бала әкесінен, ана баласынан айырған кез еді. Ұлы Отан соғысынан көптеген адамдар дүниеден өткен дегенді естігенде жүрекке оқ болып қадалады.

«Мен соғысты жек көремін!» - деп, Қайрат Жұмағалиев жырлағандай соғыс ешбір жанға жақсылық әкелмегендігі хақ. Қаншама ер-азаматтар, әкелер, ағалар өз Отандарын қорғау мақсатында арттарына қарамай жұбайларының жанарына, жас сәбилердің жалтандаған көздеріне ерік берместен соғысқа аттанып кете барды. Олар Отан үшін артқа қарамай, тек алға қарай ұмытылды. Ұлы Отан соғысы күннен – күнге, айдан – айға, жылдан – жылға созылып өрши түсті. Сол уақыттарда қаншама қиын кезеңдерді бастан кешіргендіктеріне мойымай, қайта жаудың бетін қайтару үшін аянбай еңбек етті. Сұрапыл соғыста жүріп аштыққа да, суыққа да, қиыншылыққа да төзгендерін аталарымыздан естігенде, жаным түршігеді. Осы тұста ержүрек батырларымыздың ерен ерлігі мен қайтпас қайсарлығын аса мақтанышпен айта кетсем деймін. Кеңес Одағының батыры атағын алғандар: Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров, Бауыржан Момышұлы сияқты апаларымыз бен ағаларымыздың ерліктерін бағалаймын. Біздің ауылымыздан соғысқа қатысқан аталарымыз да болған екен. Атап кетер болсам; Жұманбаев Білал, Жексенбин Боранбай, Тілеубаев Баймұқат, Балажанов Сәтенбек тағы басқа да аталарымызды білемін. Сөйтіп 1945 жылы еліміз жеңіс туын желбіреткен екен. Соғысқа кеткен ер – азаматтардың ішінде аман – есен оралған адамдар да болған. Соғысқа қатысқан аталарымызға зор және ерекше құрмет көрсетіп, еске алып отыру біздің міндетіміз. Біздің осындай бейбіт өмір кешіп жүргеніміз сол аталарымыздың өлшеусіз аққан маңдай терінің арқасында деп ойлаймын. Біз қазір бейбіт өмір сүре жүріп, осы күнге жеткенге дейінгі кезеңдерді ұмытпауымыз керек. Аталарымыздың арқасында дастарханымыз бай, Отанымыз аман, еліміз тыныш, әдемі жарық мектепте еш алаңсыз оқу оқып жатырмыз.

Быттыр Ұлы Жеңіске жетпіс жыл толды. Сол жеңісті Қазақстан халқы аса зор мақтанышпен, ерекше тебіреніспен атап өтті.

Арада жетпіс бір жыл уақыт зымырап өте шықты. Сол уақыт арасында көптеген өзгерістер болды. Қазіргі өміріміз күннен – күнге

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

гүлденіп, көркейіп келеді. Заман ағымы бір бағытқа түсіп, халыққа жақсы жағдай жасалуда. Дей тұрғанымен батыр ардагерлеріміз дүниеден озса да, ерліктерін әр уақытта ұмытылмайды. Ол кісілердің ерлігі әрқашанда ел аузында сақталады. Мен болашақта бір маман иесі болып, осы аталарымыздың ерен еңбегін еске алып, Отанымға адал қызмет етемін.

Мен соғысты жек көрем!
Мен соғысты көрмегем.
Бабам айтып отырса,
Кім қасірет шекпеген.
Кім көз жасын төкпеген,
Болмасыншы еш соғыс,

Деп тілеймін мен сөзбен – дей отырып, ардагер аталарымызды ешқашан ұмытпаймыз. Олардың ерлігі бізге үлгі болады. Мен Отанымды мақтан етемін, сондықтан еліміз аман, жұртымыз тыныш болса екен деп тілеймін Болашағымыз жарқын болсын!

Жанат Назерке

Қарағанды қаласы

№82 ЖББОМ-тің 8 сынып оқушысы

Жетекшісі: Жамангарина Э.А

Ұлы Отан соғысы

Ұлы Отан Соғысын еске алсақ, көзімізге жас келіп, қорқынышты және аянышты көрініс елестейді. Бұл оқиға тарихта қызыл әріптермен жазылады, өйткені сол жылдары қаншама адамның қаны төгілді. Жалпы қазақ халқы басынан қаншама қайғылы және ауыр жайттарды басынан кешірген. Бұл біздің, яғни қазақтардың өте шыдамды халық екенімізді дәлелдейді. Сондықтан ата-бабамыз бізге аманат етіп қалдырып кеткен жерді сақтауымыз керек.

Жоғарыда айтылып кеткендей, Ұлы Отан соғысында қаншама адамның қаны төгіліп, қаншама бейкүнә адам өмірінен айырылды. Қаншама қазақтың жас жігіттері соғысқа барып, өмірімен қош айтысты. Ал оның ата-аналары балаларысыз қалды. Тек соғысқа барған жауынгерлердің кей біреулері ғана қайтып оралды. Сол қайтып оралғандардың арасында менің нағашы атам-Мұғұжанов Мұхамедия Мұғыжанұлы да бар.

Мұғұжанов Мұхамедия Мұғыжанұлы-1918 жылы 23 ақпанда, Қарқаралы уезі Нұркен ауылы қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданының Сарытерек ауылында дүниеге келген. 1934 жылы Талғар Ауылшаруашылық Техникумына түсіп, оны 1936 жылы мамандығы бойынша Ақтоғай ауданында жұмыс істей бастады.

1942 жылы 12 ақпанда қызыл әскер қатарына шақырылды. Сол шақта Ұлы Отан соғысы болып жатқан кез еді. 1 айлық дайындықтан өтіп, 95 артиллерия дивизия құрамына қатардағы жауынгер болып қабылданды. 1943 жылдың қарашасында Украина әскери округіне 95 артиллерия дивизиясы құрылды. Дивизия командирлері:

1. Генерал-майор Пастревач Александр Иванович
2. Генерал-майор Воробьев Василий Фролович
3. Полковник Капитихон Александр Григорьевич

95 дивизияның жасаған ерліктері:

1. 37 гвардиялық атқыштар дивизиясының басшысы Жолудевпен біріге 95 артиллерия дивизия Трактор зауытын құлдыратты.

2. 11 қарашада біріккен 2 дивизияның күшінің арқасында 95 артиллериялық дивизия немістің танкілерін талқандап, Волга өзеніне 500 метр жерде жау қолын тоқтатты. Осы кезде олар бетпе-бет қоян қолтық әдісімен жауды жеңді.

3. Дивизия бірнеше рет көмек алған. Тынық мұхитының әскери теңізшілері оларға өз әскерлерін берген. Ол теңізшілерді «Қара өлім» деп атаған.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

4. 21 желтоқсанда қоян қолтық әдісін қолдана отырып, 95 артиллериялық дивизия 6 блиндаж және 2 взводты талқандаған.

5. 1943 жылдың 1 наурызында НКО №104 жарлығы бойынша 65 артиллерия дивизиясының аты 75 гвардиялық атқыштар дивизиясына ауысты.

6. Содан кейін соғыстың соңына қарай 95 дивизиясы екінші дәрежелі Суворовтың қызыл орденімен марапатталды.

1943 жылдың көктемінде немістердің фашисттерінің қолына тұтқынға түскен. Сол жылдың күзінде тұтқыннан қашып шығып, партизандар отрядына қосылған. Партизандар отрядында жүріп Қызыл әскер қатарына қайтадан қосылған. Онда барлаушы топ қатарында болған. Белоруссия, Польша, Венгрия, Австрияның астанасы Вена қаласын азат етуге қатысып, оң қолынан жараланды. Яғни айтқанда оң қолына снаряд жарықшасы тиген. Ол 25 ақпанда 1945 жылы болған. Госпитальда жатқан кезінде соғыс аяқталғаны туралы хабар келеді, сөйтіп Вена түбінде соғысты аяқтап, туған ауылына қайтып оралған.

1945-1947 жылдар аралығында туған ауылында агроном болып жұмыс істеді. 1947 жылы Ақтоғай аудандық мемлекеттік тұғым инспекциясына бастық болып тағайындалып, 1988 жылы зейнеткерлікке шыққан. Менің атамның еңбек кітапшасында екі жұмыс орыны туралы жазылған. Атам екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталған.

1962 жылы сәуірде менің атам үйленген. Менің атамның он баласы бар. Апам ауылда үлкен ұлдарының қолында. Отбасылық шежіресіне тоқталатын болсақ:

Көшкін

Орысбай

Тінібай

Бытығай

Омар

Шәкірбай Әділбай Шаяхмет Нұрахмет Мұғұжан

Мұхамедия Күлшім Күлмара Күләндә

Мұнара Шолпан Еркін Айгүл Беркін Мұрат Мәнсүр Айнұр Анар Лейла

1996 жылы 21 шілдеде атам өмірден озды. Жерленген жері Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылының маңындағы Тоқырауын өзенінің бойында.

Менің атам Ұлы Отан соғысына қатысып қана қоймай, ашаршылық кездерен де басынан өткізген.

Менің анам 9-шы бала болып дүниеге келген.

Соғыс ардагерлеріне басымызды иіп, оларға тағзым ету біздің азаматтық борышымыз деп білемін. Оларға біздің жерді бөгде адамдардан қорғап қалғанына мың да бір ризашылығымды айтқым келеді!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жекеева Камшат

11 сыныбы, №15 қазақ мектеп-гимназиясы, Теміртау қаласы
Қарағанды облысы
Жетекші Коныртаева Гульмира Максутбековна

**Сарғайса да тарихтың ақ парағы,
Ол күндер мәңгі есте сақталады...**

Жалған өмір... Сұрапыл соғыс... Сұм ажал... Бұл үш құбылыс талайды тірідей жетім аттандырып, біреудің бал балалық шағын күл-талқан етіп, енді бірінің бейбіт тіршілігін түзелместей етіп жойды. Әрине, өмірдің дегені болады, ал, ажалдың бізді қашан жалмап әкетері бір Жаратқанға ғана мәлім. Соғыс ше?.. Оның алдын алу, болдырмау өз қолымызда емес пе?

Жер бетін жалмап, аузын айдаһарша ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жоюға жанталасқан азапты қырғын – екінші дүниежүзілік соғыс. Соғыс жайлы сөз болғанда еріксіз терең ойға батамыз. Сондағы ең алғаш көз алдымызға келетін көрініс: танк пен қарудың құлақ тесер шуылы, бала-шаға мен қатын-қалаштың ауыр зары, ерлердің майданда селдей аққан қаны мен күйреп біткен шаңырақ...

Осы ауыр да азап көрініс көз алдымыздан кетіп, мұңға толы естелікке айналған шақта, көп арам шөптің ішін жарып өскен ақ уызды гүл секілді, сол мұңға толы жылдардағы езуімізге күлкі үйіретін жайт – ата-баба жеңісі... Ұлтымыздың, біздің жеңісіміз! Әр еске алған сайын ерекше күйге бөлейтін, жаннан қымбат тәуелсіздігіміздің қайнар көзі болған «Жеңіс күніне», міне, биыл 71 жыл толмақ. Осы жойқын соғыстың салдарынан талай жас қыршынынан қиылып, талай бала ата-анасынан, талай ана жан сүйеуі мен әлдилеген баласынан айырылды емес пе?.. Ал, ең өкініштісі, біраз қандасымыз өз Отанынан айырылып, шет елдерге еріксіз қоныс аударды.

Мұның барлығы – қиямет қырғынның қан қайнатар салдары. Осы орайда, жанға жылу беріп, үзілген үмітті қайта жалғаған – Ұлы жеңісіміздің арқасында келген баға жетпес «тәуелсіздігіміз».

Ал, сол манадан бері тілге тиек етіп отырған тәуелсіздік деген не? Оның өмірлік маңызы қандай?

Тәуелсіздік – әлемде ешбір нәрсеге айырбасталмайтын, жоғалса қайта таптырмайтын, бүгінгі күніміздің жарқын болып, ертеңімізге нық сеніммен аяқ басуымыздың кепілі. Тәуелсіз болу – еңсеңді биік ұстап, «қазақ» екеніңді кеуденді кере мақтан етіп, өз мүдденді талап етіп, өркениетке бастар жолдың жолбасшысы болу. Ал «оның мәні неде?» деген сұраққа жауапты ең әуелі ата-бабаның сол азаттық жолында қиған жанынан, содан соң, өзіңнің жұдырықтай жүрегіңнен іздегейсің.

Шеті-қиыры жоқ кең өрісті «тәуелсіздік» жайлы Елбасымыз өзінің «Тәуелсіздік толғауында»: «Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті

жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі» – деген жолдары еркіндік елінің «кілті» болған батыр баба ерлігін айқындай түскендей.

Ата-бабаларымыздың жасаған құрбандығының құнын бұдан да терең түсінуге мына мысал жетелейтіндей.

Адам бейне бір балық секілді. Су астындағы балықтар құрлықта өмір барын білмегеніндей, адамдар да екінші өмірдің бар не жоқ екенін, оның қандай болатынын білмейді. Балықтар адам тастаған қармаққа ілініп қалып құрлыққа шыққан соң, онда да өмір барын және ажалдың күтіп тұрғанын біледі. Ал, біздің майдангерлеріміз сол фашистердің құрған қармағына өздері ілініп, бізді қорғау үшін құрбан болғандай. Тек балықтардан айырмашылығы олар соғыс майданында өздерін не күтіп тұрғанын білді және біле тұра өз басын бәйгеге тікті. Сондықтан да, елбасымыз айтпақшы, әр атқан арайлы таңымыз бен тәуелсіздіктің арқасында көрген рахатымыз үшін ата-баба рухына мәңгі қарыз болып қалмақпыз.

Оқ пен гүл... Оқ – қыңыр, кекшіл, қатал. Ол – бейне бір ажалдың елшісі. Гүл – әсем, көңілді, шуақты өмір. Гүл өмірін құрбан етіп, оққа ұшқан, ұлт ұранына айналған Әлия мен Мәншүк, Қасым мен Бауыржан, Баубек пен Рақымжан секілді өр тұлғалар есімі ел жадында мәңгі сақталмақ. Махамбет айтпақшы, ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай, ұлты үшін туған ер екенін іс жүзінде көрсететін қиын-қыстау шақта ұлт ұландары батырлық пен ержүректіліктің ел тамсанар үлгісін көрсетті.

Мұның бәрі не үшін? Селдей аққан қан, қарша бораған оқ пен зарға толы көз жасы... Соғыс жылдарында беріле салып, бұл қасіретті тартпау мүмкіндігі де бар еді. Бірақ ата-баба санасында бұл ойлар болған да жоқ. Олар тек келер ұрпақ амандығын ойлады. Осы орайда Баубек Бұлқышевтың «Заман біздікі» әңгімесіндегі: «О, жастар! О, құрбылар! Біз келешек ұрпақтардың алдында жауапты болмайық, біз олардың келешегін өртке шалдырмаймыз,» – деген жолдары еріксіз ойыма оралды. Демек, бұл көрген тауқыметтің барлығы өр көкірегін оққа тосқан бабалар жаны тек біз үшін, біздің келешегіміздің жарқын болуы үшін құрбан болды.

«Отан үшін күрес, ерге тиген үлес» деп ұрандатып шапқан бабалар ерлігін, сұрапыл заманда «қорқу» деген сезімді жүрегінен жұлып, от кешкен қазақ қыздарының қайсарлығына тәнті болдық. Енді бір сәтке өзімізді азап пен мұңға толы сол дәуірдің адамы деп елестетейік. Сол аға-әпкелеріміздің ерлігін қайталай алар ма екенбіз? От кешкен ұландар басып өткен жолмен жүруге өн бойымыздан батылдық таба аламыз ба? Мұндай көкейкесті сұрақтарға лезде жауап беру мүмкін емес. Өйткені, Баубек атамыз айтпақшы, «Елім-ай» десе, ол ант! Ол – серт! «Иә» деген жауабымыз ел алдында берген антпен тең. Бұл антты ердің ері ғана бере алады. Алайда, жан шыдатпас азаппен келген Ұлы жеңісті, тәуелсіздікті көз қарашығындай сақтау – біздің қасиетті парызымыз.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ұлы жеңіс күні – бірлік пен елдіктің арқасында көріп отырған арайлы таңымыз үшін жан пида еткен ерлерді еске алатын күн.

Елбасымыз «Үдеудің сыры – бірлікте» демекші, жұдырықтай жұмылған майдангерлер арқасында бүгінгі күнге жеттік. Одан әрі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып әрекет етсек, өркендеген Қазақ елінің беріктігін одан әрі бекемдер едік.

Туы желбіреген азат та абат ел ата-бабаларымыз арманы болды. Сол арманға енді, міне, біз қол жеткіздік. Олардың қанды күресінің жемісін біз көрдік.

Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған көк аспанымыздың астында баянды да бақытты ғұмыр кешудеміз! Ұлы жеңісіміз мәңгі салтанат құрып, «Мәңгілік Ел» ұланымен бірге жаңғыра бергей!

Жұмабаев Ескендір

9-сынып №4 жалпы орта білім беретін мектебі

Қарағанды обл, Жезқазған қ.

Жетекшісі: Исакова Бақтыкүл Дүйсенқызы

Жеңіс күні – халық тойы

Соғыстың қажеті жоқ!

Соғыс жабайылардың еншісіне қалсын.

Ги де Мопассан

Ұлы Жеңістің 71 жылдығы да жақындап келеді. Уақыт өз дегенін жасайды. Жыл өткен сайын бізге Ұлы Жеңісті сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл жұмыстарында аянбай тер төккен жандардың қатары сиреп барады. Сондықтан Ұлы Жеңістің авторлары – майдангерлерімізді сыйлап, құрметтеу, оларға қамқорлық жасау басты борышымыз!

Біз 71 жыл бойы бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Ұлы Отан соғысына қатысқан ержүрек те, батыл аталарымыз бен апаларымыз: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Мәлік Ғабдуллин, Рашид Жанғозин, Төлеген Тоқтаров, Рамазан Елебаев, Төлеуғали Елебековтер, Талғат Бигелдинов, Төлеген Тоқтаров, партизандық қозғалыстың Ғалым Ахмедияров, Ғалым Омаров, Нұрым Садықов, Қасым Қайсенов, Нұрым Сыздықов, Әди Шәріпов, Тәжіғали Жангелдиннің есімі көпке танылды. Қазақстандық әйелдер — Нұрғаным Байсейітова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ақәділова батырлықпен аянбай шайқасып, біздің жерімізді, елімізді басқыншы жаудан қорғап қалған. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде менің туған жерім- Жезқазған жерінен демайдаң шебінде болып, Отан үшін ерлік көрсеткен ардагер-батырлар аз болмады. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір батырымызды біз ешқашан ұмытпаймыз. Қазір қазақ елдімекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Үлкен кісілердің айтуынша, соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Олардың біразы 1941 жылы Брест гарнизонында қызмет етіп, кейін тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Соғыс Қазақстан үшін кенеттен басталса да, бүкіл Кеңес Одағындағы өзге елдердегідей қазақтар да бірінші күннен соғысқа қатысты.

Бұл – біздің елімізге төнген үлкен қауіп, әрі сын еді. Отанымызды қорғауға еңбектеген жас та, еңкейген кәрі де аттанды. Елді жоқшылық, аштық

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жайлады. Тылда жас баладан бастап, еңкейген қартқа дейін тынбай еңбектенді. Олар майдандағы солдаттарды өз қамқорлығына алды. Соғыс адамзат баласын біріктірді. Әр жауынгер бейбіт өмір үшін қасық қаны қалғанша күресті.

Соғыс туралы әңгімелер бізге ертегі сияқты. Жоғарыда айтып отырғандарымды мен тарихымызды оқып білуде және ардагерлермен болған кездесулердегі әңгімелерден, кинофильмдерден білдім. Осы білгендерімді әрі қарай өрбітетін болсам, қатарында мыңдаған қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастар жүргізген. 1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанда армия қатарына 300 мыңдай, ал соғыс кезінде 1 млн 200 мыңнан артық қазақстандық әскери міндеттілер шақырылыпты. 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрамалар құрылды. Қазақстанда құрылған әскери құрамалардан алғашқылардың бірі болып солтүстік-батыс бағыттағы майданда генерал-майор И. В. Панфилов басқарған 316-дивизия өзінің жауынгерлік жолын бастады. Қазақстандық жауынгерлер Кеңес Одағының түпкір –түпкірінде болған шайқастардың бәрінде дерлік неміс-фашист әскерлерін талқандауға елеулі үлес қосты. Қазақстандықтар тек майдандарда ғана емес, жау тылында да шайқасты. Елдің басқа халықтарымен бірге олар жау уақытша басып алған аумақтардағы партизандық қозғалысқа қатысты. Соғыс жылдары партизан қозғалысына қатынасқан қазақстандықтардың саны 3,5 мыңға жеткен. Халық кекшілдерінің қатарында қазақстандық әйелдер де аянбай шайқасып, фашистерге қарсы күресте батырлық пен ерлік көрсетті.

Қазақстан түкпірдегі оңтүстік-батыс тыл бола отырып, үкімет шешімдеріне сай соғыстың алғашқы күндерінен бастап өз экономикасын майдан мұқтаждықтарын қамтамасыз етуге қарай бейімдеуге тиіс болды. Бұл — қорғаныс өнімдері мен шикізат өндірісін меңгеру мен кеңейту, өнеркәсіп құрылысын кең өрістетуге, еңбек және материалдық ресурстарды қайта бөлуді іске асыру, майдан шебіне жақын жерлерден әкелінген кәсіпорындарды жаңа жерлерде тез іске қосу деген сөз еді.

Соғыс кезінде елдің әр түрлі шаруашылық саласы, зауыттар мен фабрикалар, көмір шахталары, киім тігетін өнеркәсіптер соғыс майданына көмек ретінде өз жұмысын тоқтатпай, жауынгерлер халінің, майдан шабуылының әлсіремеуіне зор үлес танытып отырды. Мысалы Гурьев мұнай өңдеу зауыты жұмыс істей бастаған. Соғыс жылдары республика мұнай өндіруді 40%-ға дейін арттырған. Жұмыс істеп тұрған электрстанциялар жүйесі Солтүстік Қазақстан мен Қарағанды облыстарындағы энергетиканың жаңа ірі және орташа нысандарымен толықты. Қазақстанның жұмысшы күшінің елеулі бөлігін арнайы қоныс аударғандар құрады. Соғыс басталған кезде олардан Еңбек армиялары құрылды. Оның құрамында 700 мыңнан аса

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

адам болған. Ұлан-ғайыр қажырлы еңбектің арқасында Қазақстан экономикасы Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңісті қамтамасыз етуге өзінің лайықты үлесін қосты.

Қиын-қыстау күндерінің артында шуақты, ашық аспанымен астасатын күндердің де, айлардың да қашан туатынын кім білген десеңші! Иә, ол күндер де келіп, халқының бөркін аспанға лақтыртып, қуаныштан жылаған кез де туды. Көптің күткені де осы емес пе?

Ұлы Отан соғысының төрт жылы- 1418 күні мен түні - халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды.

Бүгінгі бейбіт күннің оңайлықпен келмегендіктерін қазіргі ұрпақтары, біздер, өздеріміз жаттаған өлең-тақпақтарымыз, еліміздің қаһарман батырларының ерліктері туралы айтқан әңгімелер арқылы барынша жетік білуге талпынып жүреміз. Ол деген біздің азаматтық борышымыз және ел тарихына деген құрметіміз деп ойлаймын. Ардагерлерді құрметтеу- біздің міндетіміз. Олар жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанында ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлады. Қазіргі таңда мен тәуелсіз Қазақстанның бақытты азаматымын. Сол үшін ардагерлерімізге рахмет айтамын, бас иемін. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға, оны әрі қарай гүлдендіруге үлес қоамын деген азаматтық сөзімді бере аламын.

Жеңіс күнін бүкіл халық тойлайды. 9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау! Біздер 9 мамыр – жеңіс күні ерлердің ерлігіне тағзым етеміз, ортамыздағы ардагерлерге құрмет көрсетеміз. Жеңі күні мәңгі жасасын!

Замиденов Айдар

9 сынып, С. Саттаров атындағы №57 мектеп- лицей
Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Медиева Перизат Ниязбекқызы

Жаныңнан күдер үзе соғыспасаң, жауды күйрете алмайсың
Бауыржан Момышұлы

Ұлы Отан Соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігімен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Жеңіс күнін қайсарлықпен шақас жүргізі, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың жыл санап азайып барады. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш әрине «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Кеңес Одағының батыры атанған Бауыржан Момышұлы. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыш, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі – ел есінде» - демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталарымызды ешқашан ұмытпайық. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбітшілігімізде нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. КСРО Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен 1945 жылдың 24 наурызында ерлігі және соғыс тапсырмаларын бұлжытпай орындағаны үшін Мұқат Мұсаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин орденімен және «Алтын Жұлдыз» медалімен марапатталды. Оқ пен от ортасынан оралған Мұқат Мұсаев Астрахан облысы Наримановск ауданы Буруны ауылында жұмыс жасап, түйе шаруашылығын меңгерді. 1954 жыл 3 мамырда өмірден өтті. Қазір Астрахан облысында ол тұрған ауылда батыр есімі көшеге берілген.

Міне, ұлы жеңіске 71 жыл толғалы тұр. Ашық аспан, бейбіт өмір. Бүгінгі ұрпақ қазіргі тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешуде. Мұндай еркіндік бақытын адамзат тарихындағы ең жойқын күресте бесіктен белі шықпай еңбекке араласып, бұғанасы бекімей қолына қару алып, қасық қаны қалғанша күрескен аға ұрпақ сыйлады. Осыдан 70 жыл бұрын Фашистік Германия Кенестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Соғыс-күйретуші күш. Дәл солай.

Барды жоқ ететін, тауды жери ететін. Жер бетіндегі тіршілік атауларының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезенді еске түсірсем. Аталар ерлігін мақтаныш тұтамын. Ия содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, еш нәрсе ұмытылмайды.

-Қазақ халқының өр тұлғаларының жалғасы, Отан қорғаған қаһарман ұлдарының бірі – Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы. Қазақта «Ақыл жастан, асыл тастан» деген нақыл сөз бар. Бауыржан сияқты халқының ұлдарына байланысты айтылған сөз болар, сірә.

Батырдың өмір жолына көз жүгірте отырып, амалсыз осындай ойға қаласың. Ол Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарасты Көлбастау ауылында дүниеге келген. Шымкенттегі 7 жылдық мектеп-интернатын бітірген соң, біраз жылдар мектепте мұғалім болыпты. Бұл сол кездегі ең бір абыройлы, беделді мамандықтардың бірі. Сол кездің өзінде-ақ еңбекқорлығымен, өз қызметіне деген ынта, жігерімен, дарынымен көзге түскен жас жігітке ауаткомның хатшысы, милиция бастығы сияқты аса жауапты қызметтер сеніп тапсырылған. Бауыржан Момышұлы әскер қатарына 1932 жылы алыныпты. Еңбекқор, іскер азаматтардың қандай да болсын істен нәтиже шығара білетіні белгілі. Баукең бойындағы мұндай қасиеттерін әскер қатарынан оралғаннан кейінгі жылдары көрсетсе керек. Осы уақытта біраз жылдар Шымкент, Алматы қалаларындағы банк саласында жемісті еңбек еткен ол, жақсылап қолға алса, өзінен тәп-тәуір қаржыгердің де шығатынын көрсеткен. Бұдан әрі қарай Баукеңнің өмірі өзінің туа біткен қасиеттерімен байланысты, яғни әскер саласындағы қызметтермен жалғасады. Яғни ол 1936 жылы Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты тәмамдап, қайтадан Қызыл Армия қатарына алынған. Онда жүріп, взвод, рота, командирі полк штабы бастығының көмекшісі сияқты басшылық қызметтерді атқарады. 1941 жылы Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы болады. Ал Ұлы Отан соғысы басталысымен 316-шы атқыштар дивизиясының жасақталуына атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады. Онда Баукең немістермен Мәскеу түбінде болған айқастарға қатысып, әйгілі 8-ші гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болып, соғыс бітердің алдында осы гвардияны басқарады. Тап осы сұрапыл соғыс жылдарында ол өзінің асқан ерлігімен, соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген білікті жауынгерлік қасиетімен ерекшеленіп, оның атақ-даңқы аңызға айналады. Соғыстан соң Баукең Кеңес армиясы Бас штабы жанындағы Жоғары әскери академияны бітірген.

Ал 1950-1956 жылдар аралығында әскери академияда сабақ берген және түрлі әскери қызметтерді атқарған. Бауыржан Момышұлының ерлік істері мен оның соғыс қимылдары жөнінде жазып қалдырған еңбектері мен естеліктері, халық арасында «Бауыржан айтқан екен» деген әңгімелері кейінгі ұрпаққа, өз еліне деген сүйіспеншілік пен махаббатың, ерлік пен елдіктің үлгісі болып қалды. Баукеңнің ерліктері жөнінде осы уақытқа дейін

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

көптеген еңбектер жазылды. Олардың ең танымалдарының бірі белгілі орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» («Волоколам шоссесі») повесі. Бұл кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылған. Бауыржан Момышұлы туралы шығармаларды қазақ жазушылары да көп жазды. Ол туралы түсірілген фильмдер де жеткілікті. Ал осыншама көпті көрген, белді қызметтерді атқарып, үлкен марапаттардың, атақтардың иесі атанған танымал тұлғаның өзгелерге айтары, кейінгі ұрпаққа қалдырары аз болмаса керек.

Қорыта келе түйіндеген ойым, білектің күшімен, найзаның ұшымен ел қорғаған батырларымызды әрқашан жадымызда сақтап, ерлігін бағалай білейік дегім келеді. Иә аспанымызда Жеңіс туы желбірегеніне биыл 71 жыл. Соғыс өрті өшіп, қайғы мұңнан арылып, бейбітшілік орнап, бақыт гүлін тергенде — 71 жыл.

71 жыл — бейбіт көктем таң атқалы,
71 жыл — шуақты күн таратты әнін.
Талай құс содан бері қайта оралды,
Талай бақ әлеміне қайта оранды.
Соғыста мерт болғандар оралмайды,
Тек ұрпақ олар жайлы сыр айтады.

Каримова Назерке

студентка группы ШТ-13-1 Карагандинского колледжа
актуального образования «Болашак»

Карагандинской области

Руководитель: Адамова Галия Шакеновна

Ұлтқа төнген ұлы қасірет

Әлі есімде, біледі жұрт, біледі,
Ел басына қатер төнген жыл еді.
Қимастарын қан майданға ұзатып,
Қарс айырылған аналардың жүрегі.
Аманжол Шамкенов

Соғыс –барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. 1941 жылда бастау алып, бүкіл КСРО қарамағындағы халықтың, оның ішінде қазақ халқының басына төнген бұл зұлмат та ұлы қасірет әрқайсымыздың жүрегіміздің төріне ұмытылмастай, ойып тұрып жара салды. Отан деп жүректері қарс айырылып, кіндік қаны тамған жерлерін қорғау үшін әкелеріміз, аға- бауырларымыз, тіпті апаларымызға дейін қолдарына қару алып, жалындаған жастық шақтарында қасиетті Отанымызды, туған өлкені қаңқұйлы жауға таптатпас үшін өрт пен оқтың арасындағы қанды кешуге аттанды. Асқар таудай әкеден, адал жардан, бауыр еті балаларынан айырылған ана байғұстың басына барлық ауыртпашылық түсті.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр, азапты күндер болды. Төрт жылға созылған соғыстың көрсетпеген қиындығы, жетім- жесірді жылатпаған күні болмады. Майдан алаңына аттана алмай қалған қарттар, жас жеткіншектер мен денсаулығы жарамаған азаматтардың өкініштен өзектері өртенді. Соғысқа жолдама ала алмаса да, соғыстағы қандастардың аман- саулықтарына тілеулес болып, қолдарынан келген қандай болмасын көмек қолдарын созуға ұмтылды. Иә, шынымен де ұрыстағы жауынгерлер ғана емес, сонымен қатар, туған елдің түтінін түтіндетіп қалған қарапайым халық та басынанқыын күндерді өткерді. Қанды қырғында ерлік үлгілерін көрсетпесе де, уақыттың қай мезгілі екеніне қарамастан ақ жаулықты аналарымыз, бесіктен белдері шықпаған өрімдей жас жеткіншектер аянбай еңбек етіп, майданға, яғни жеңісті жақындатуға бір түйір болсын дән жіберіп отырды. Қолдарына қару алмай, танкі мен ұшақта ұшып, соғысқа қатыспаса да, айыр, шалғыларын алып тылда еңбек етті. Тылдағы еңбеккерлер майдандағы батырлардың шығынымен қоса өздерінің де жағдайларын жасап отырды. Шаруалардың көбісі ақ жаулықты әжелер, ардақты да аяулы аналар, қыз-келіншектер болды.

Соғыс қырғыны күннен күнге ұлғайып, қара шаңыраққа жеткен қаралы хабарлардың саны да көбейді. Бейшара кейуана мен жесір қалған келіншектің қайғысы бір үйді ғана емес бірнеше отбасының басынан өтті. Бұл хабарды бір үйдің адамындай болып барлық ауыл адамдары қайғыларына ортақтасып, жұмыла көтеретін. Қара қағазды алмаған ана шіркіннің жүрегінде үміт оты лапылдап, жалындап тұратын еді.

Адамзат тарихында болмаған бұл қаһарлы, қанды қырғын, сұм соғысты тек қазақ халқы ғана емес, туған жерлерінен қоныс аударып келген басқа да ұлт өкілдері бастарынан кешті. Баспанасыз қалған адамдар мен жетім-жесірге қонақжай халқымыз басқа түскен ауыртпашылыққа қарамастан құшақ жайып, бауырларына басып, бір үзім нанды бөлісіп жеп, бір үйдің адамындай, бауырдай болып кетті.

Ел басына туған қатерлі шақта Кеңес Одағының әскерлерімен кеуделерін от пен оққа тосқан миллиондаған ержүрек жерлестеріміз Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Отанымыздың азаттығы мен тәуелсіздігін жан тәндерімен, қасық қандары қалғанша, қаһармандықпен қорғады. Қиян-кескі ұрыстарда ерліктерімен көзге түскен Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Қасым Аманжолов, Нүркен Әбдіров, Нұржан Қазыбеков және тағы да басқа қазақ батырларымыздың саны шексіз. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар, қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш, Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі мен үлгі-өнегесі жас ұрпақтың санасы мен жүрегiнiң төрінде.

Сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталуын күткен халықтың арманы орындалып, 1945 жылдың 9 мамырында қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаев рейхстагқа ту тікті. Көптен күткен бұл жеңіс туы жалындағанда халықтың арқасынан ауыр жүк түскендей болды. Батырларымыз «Ұлы Отан соғысы батыры», «Еңбек ері», «Кеңес Одағының батыры», «Қызыл жұлдыз», «Даңқ» ордені атақтарына ие болып, медальдарын кеуделеріне тақты.

Қан майданның қақ ортасында жүріп шайқасқа түскен, бейбіт күнді аңсап, жеңіс күнін жақындатуға үлесін қосқан бірден бір адам ол менің туып өскен Нұраталды ауылымның тумасы, Ұлы Отан соғысы ардагері, үш мәрте Даңқ орденінің иегері Ботай Байзақов. Ботай Байзақов атамyz 20 жасында әскери ант қабылдап, алғашқы соғыс қимылдарына барлаушы ретінде Москваның оңтүстік батысындағы аудандарда қатысып, 286-ші атқыштар дивизиясының 860-ші полкінде пулеметші, бронь талқандаушы және атқыштар бөлімінің командирі қызметін атқарыпты. Ботай Байзақов 1995 жылдың 22 тамызында бақилық болды. Ол кісіні көзім көрмесе де, осы полкті басқарып жүріп, жаумен айқаста талай жеңіске жеткенін, ерлігі жайлы ауыл

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

үлкендерінен, балалары мен немерелерінен еститінмін. Үш Даңқ орденінің иегері, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Қызыл жұлдыз» медальдарын төсіне қадаған ардагер, ауылға аман - есен келгеннен кейін қираған колхозды аяғынан тік тұрғызуға басшылық жасап, талай марапатқа ие болған екен. Есімде, мектеп қабырғасында оқып жүргенімде 9 мамыр жеңіс күніне арналған салтанатты жиындарда әрдайым Ботай атамызбен басқа да ардагерлерді еске алып, гүл шоқтарын ескерткіш басына қоятынбыз. Ауылымыздың мектебі мен бір көшесіне Ботай Байзақов есімі берілген.

Ерліктің нышанына айналғансың,
Мың жылда бір туатын дара жансың.
Ботай ата,батырлығың үлгі бізге,
Бір өзіңе тәңірдің нұры жаусын!
Дәл өзіңдей батырды елі сүйген,
Өзің жайлы жыр жаздым жүрегіммен.
Өмірден өткенменен, батыр ата,
Халықтың жүрегінің төріндесін.

Ашық аспан аясында тату өмір сүруіміз, тәуелсіздікті тізгіндегеніміз, тыныштықта күн кешуіміз ең алдымен жаратқан иенің, екіншіден соғыс майданында жандарын қиған ата-бабаларымыздың арқасы деп білемін. Олардың саны күннен күнге азаюда, қанша ғұмырлары қалғаны белгісіз. Кей кезде жаңалықтардан ардагерлерімізді соққыға жықты, тонап кетті деген суық хабарларды естігенде жүрегім қанжылайды. Неге бізге, ұрпақтарының қамы үшін өз жандарын қиған ардақты ата - апаларымызды құрметтеп, төбемізге көтермеске?

Сөз соңында, Жаратқан иеден соғыс оты қайта өршіп, бейбіт елдің балалары жауыздықты көрмесе екен деп тілеймін. Мен жеңімпаз әкелеріміздің, достық пен татулықты қастерлеген аға буынның жалғасы екенімді ардақ тұтамын. Миллиондаған адамның қаны мен жасы төгілген бұл ұлтқа төнген ұлы қасіреттің келешек ұрпақтың жады мен жанына салған жан - жарасы ешқашанда ұмытылмақ емес.

Кенесова Ақбота

8 "Б" сынып, №1 орта мектеп,
Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы
Жетекшісі: Абубакирова Сара Манарбековна

Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың кеңес халқының жеңісімен аяқталғанына биыл 71 жыл толмақ. Тарихқа көз жүгіртсек, бұл соғыс жер бетіндегі болып өткен соғыстардың ішіндегі ең қатал әрі ауыр соғыс. Екінші дүниежүзілік соғыс КСРО-ның тарихында бұл соғыс «Ұлы Отан соғыс» деген атқа ие болды. Кеңес Одағы Ұлы Отан соғысына дайындықсыз кірді. Бүкіл кеңес халқы ортақ жауға қарсы күреске жұмылды. Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің борышын өтеп, майдандағы армияның қатарын толықтырды. Қазақстанда құрылған әскери құрамалардың алғашқылардың бірі болып 312-ші атқыштар дивизиясы, солтүстік-батыс бағыттағы майданда Қазақстанда құрылған генерал-майор И.В.Панфилов басқарған 316-шы атқыштар дивизиясы Мәскеу түбіндегі шайқаста жеңіп шығып, неміс-фашист басқыншыларын талқандап, қалаларды азат еткені үшін 28 жауынгерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Мәскеу түбіндегі ұрыстарда қазақ халқының көптеген ұлдары ерлікпен шайқасты. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батырлары – Мәлік Ғабдуллин, Рашид Жанғозин, Төлеген Тоқтаров, Рамазан Елебаев, Төлеуғали Елебеков, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлы бар. Б.Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизияны басқарған жылдары кеңінен ашылды. Оның қаламынан «Офицер жазбалары», «Артымызда Москва», «Генерал Панфилов», «Қанмен жазылған кітап», «Генерал Панфилов», «Соғыс психологиясы» атты туындылары дүниеге келді.

Гитлершілердің дүние жүзіне үстемдік орнату жолындағы жасаған соғысы жеңіліспен аяқталды. Өз Отанын қорғауға ұмтылған, елін шын сүйетін ұл-қыздар бұл зұлым ойдың тас-талқанын шығарды. Осы соғыс жылдары әрбір бесінші қазақстандық соғысқа аттанды. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысының шешуші шайқастарында ерлікпен соғысты. Батыр жерлестеріміз қасық қаны қалғанша дұшпанмен алысты. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысының тарихына талай қаһармандық беттер қосты. Батыр ағаларымыз бен аталарымыз ержүректік, ерлік және жоғары жауынгерлік шеберлік көрсетті. Фашизмге қарсы соғыс жеңіспен аяқталды. Қазақстаннан 100-ге жуық жазушы мен ақын соғыс майдандарында шайқасты.

Ұлы Отан соғысы жайлы бірсыпыра айтып өту мүмкін емес. Қаншама ата-бабаларымыз, апа-ағаларымыз осы жеңіс үшін аянбай соғысып, жандарын қиды. Бұл соғыс адамзат тарихында ең сұрапыл, әлемді дүр

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

сілкіндірген, жан түршігерлік қанды қырғын болды. Екінші дүниежүзілік соғысқа әлемге белгілі 73 мемлекетінен 62-і мемлекеті қатысқан. Ұлы жеңіске еліміздің барлық халықтың жеңіске құштарлығының арқасында, береке-бірлігінің арқасында елімізді, жерімізді, Отанымызды сақтаймыз, – деп жан аямай соғысып, жан аямай еңбек еткеніміздің арқасында қол жеткіздік.

Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Сондықтан да, бұл мереке адамзатқа, олардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш, ортақ жеңіс! Ұлы Отан соғысындағы қаһармандық Жеңіске биыл 70 жыл толса да бұл жеңіс бізге жиырма миллион адамның қанымен, тірілердің табан ет, маңдай терімен келген. Осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан жауынгер жазушыларымыздың бірі де, бірегейі Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан-ұрпаққа өнеге.

«Үстімде сұр шинелім,
Ақсандай басып келемін.
Ұмытса да достарым,
Ұмытар ма мені елім»,

– деп жырлаған халық ақыны Қ.Аманжолов сияқты сұрапыл соғыс жылдарында ерлік көрсеткен ерлерін халық ешқашан да ұмытпайды. Біз – бақытты ұрпақпыз. Ержүрек аталарымыздың арқасында, міне, бүгін тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз.

Сарғайса да тарихтың ақ парағы,
ол күндер мәңгі есте сақталады...

Кирпичникова Юля

8 сынып оқушысы

№21 негізгі мектеп Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Ашимханова Калжан Абдусалиевна

Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыр күні дәл осы шаттық хабарды естіп, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Осы жеңіске жетер жолда миллиондаған адамдар мерт болып, мертігіп, мүгедек болып, миллиондаған адамдар босып кетті. Бірақ бәрібір де Берлиндегі рейхстаг төріне жеңіс туын желбірей көтерді. Осы жеңіс жолында Қазақстаннан шыққан қаһарман жауынгерлердің де қанымен, жанымен жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлесі бар. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті күш. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ.

Биыл ТМД елдері Ұлы Жеңістің 71 жылдығын мерекелеуде. Біз соғыстан кейін туған ұрпақпыз, кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпаққа қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз. Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігін кейінгі буынға дәріптеу азаматтық парызымыз деп білеміз. Соғыста біздің аталарымыз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Қазақстандықтардың Ұлы Жеңіске қосқан үлесі ерекше. Республикамыздың халқы қаһарлы жылдары тас-түйіндей бекілді. Қазақсан Ұлы Отан соғысына біртұтас елдің құрамдас бөлігі ретінде кірісті. Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің 1941 жылғы қаулысымен Қазақстан және Орта Азия, Кавказ Республикаларында ұлттық әскери құрамалар жасақтала бастады. Сол жылы қазақ жерінде жеті атқыштар дивизиясы, үш атты әскер дивизиясы, үш атқыштар бригадасы құрылды.

Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясының (командирі генерал – майор И.В.Панфилов) бөлімшелері 1941 жылдың 16 қарашасында Мәскеуге өршелене ұмтылған неміс басқыншыларының тегеурінді шабуылын тойтарып, жанқиярлық ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. Волоколамск тас жолындағы Дубосеково бекетін қорғаған атақты 28 –ші панфиловшылар сапында Н.Есболатов, Ә. Қосаев, А.Қожабергенев, М.Сеңгірбаев сынды қазақ жауынгерлері қаһармандықпен шайқасты. 1941 жылдың 18-і мен 21-нші қарашасында Мәскеуді жаудан қорғау шайқастарында батальон командирі, аға лейтенант Бауыржан

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Момышұлының сарбаздары асқан ерлік көрсетіп, даңққа бөленді. 1942 жылы Бородино селосының маңындағы қиян-кескі ұрыста қазақ жауынгері Т.Тоқтаров ішін оқ тіліп, ішек-қарны ақтарылып түссе де атысты тоқтатпады. Арыстанша алысып жүріп, 49 фашисті жер жастандырған Төлегеннің ерлігін асқақтатқан «Жас қазақ» әні бүкіл майдан даласына жайылды. 1943 жылы Невель қаласы үшін ұрыста пулеметші Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес одағының Батыр атағы берілді. 1944 жылы жойқын шабуылға шыққан Кеңес әскерлері 900 күн жау құрсауында қалып, адамзат тарихы білмеген азапты күндерді бастан өткеріп жатқан Ленинград қаласын азат етті. Халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың соғыс жылдарында шығарған өлеңдері: «Ленинградтық өренім», «Москва», «Отан әмірі», «Совет гвардеецтеріне» атты өлеңдері майданның алғы шебінде жауынгерлерді ерлік күреске рухтандырған ұран іспетті болды. «Ленинградтық өренім» аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін жанып, рухтарын көтере білді. Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтың қорғаушысы болған майдангерлер еңбектері барша халық өкілдеріне үлгі болды.

Ал Ұлы Отан соғысы жылдары кезінде тылдағы ғалымдарымыздың ерлігі туралы тоқталсақ, белгілі ғалымдар: М.Ғабдуллин, С.Аманжолов, С.Бәйішев, А.Нүсіпбеков, С.Зимонов, А.Абдуллин, Ә.Қайдаров соғыстың қиын сәттерінде жауынгерлердің арасына саяси тәрбие жұмысын жүргізіп, алдыңғы шепте аянбай соғысса, ал соғыстан кейін ғылымның бүкіл бір саласына бағдар, басшылық жасап, Қазақстан ғылымының дамуына ерекше үлес қосты. Сондай-ақ ұлттық академияның академиктері атанды. Соғыстың от-майданында жүріп «алты малтаны ас етіп», «толарсақтан қан кеше жүріп», елге жеңімпаз ретінде оралған олар соғыстың ерлік рухын, адам бойындағы бар қасиетке сын болған алапат қиыншылықта өзінің азаматтық арына дақ түсірмей, тіпті дәлірек айтсақ қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігін, төзімділігін танытты. Кешегі өткен Бауыржан Момышұлы мен Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев бастаған жазушылар мен ақындардың шығармашылық ерлігін, бүгінгі ортамыздағы қайырымдылық пен әділдіктің, патриоттықтың жыршысы мен күзетшісіндей Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әзілхан Нұршайықов, Мұзафар Әлімбаев, Қалмұқан Исабаев және басқаларды айтуымыз парыз. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан 1 миллион 600 мыңдай жауынгер жауларға қарсы жан аямай шайқасты. Одақ

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы атақ – Кеңес Одағының Батыр атағын иеленеді. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді. Олардың ерлігі алдында тағзым етіп, бас июіміз қажет. Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін, Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, соғыста ерлікпен қаза тапқан ,әрбір батырлардың ерен ерліктерін тарих төрінен алатын орнын мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді, әрқашанда жүрек түпкірінде, жадымызда сақтаймыз. Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Әлемнің саяси картасына Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Кеңес жауынгерлерін өз туының астына топтастырған коммунистік идеология мұрағатқа кетті. Қазір Республикамыздың өз мемлекеттік символдары - елтаңбасы, туы, әнұраны бар, басқа елдер секілді Қазақстан Республикасы азаматтарының қауіпсіздігін қорғайтын өз қарулы күштері және құқық қорғау органдары, өз ұлттық валютасы бар. Мен осындай ынтымағы бірлікте, бақытты елде тұратынымды, мақтан етемін.

Көпеева Мадина

10-сынып №4 жалпы орта білім беретін мектебі

Қарағанды обл. Жезқазған қ.

Жетекшісі: Исакова Бақтыкүл Дүйсенқызы

Ұлы Жеңіске 71 жыл

Жеңіс туы,
Желбіресін мәңгілік!
Жеңіс жыры,
Асқақтасын жаңғырып!
Жеңісім – салтанат, сән, сәулет,
Жеңісім – береке, бақ, дәулет!

Дүниеге келдім. Бақытты балалық шағым өтті. Есейдім. Мектеп табалдырығын аттап, сапалы білім алып жатырмын. Ешқандай қиындықсыз, қарным тоқ, көйлегім көк, аспаным ашық, бейбіт өмір сүрудемін. Қоғамды танып, елімнің тарихын біліп, Отанымның салт-дәстүрін үйреніп жүрмін.

Соғыс. Тарихта осы бір сөзді естігенде менде бір жеккөрушілік сезім оянады. Бұл соғыс талайдың өмірін қыршын қиған жауыз десем де болады. Өйткені, соғыс талай дүниені талқандап, бұзып, жер бетіндегі барды жоғалтып кетті. Ол туралы біз, өскелең ұрпақ, газет -журнал материалдарынан, радио мен телехабарлардан, ардагерлеріміздің әңгімелерінен естіп, кинолардан көріп біліп отырмыз. Аталарымыз бен аналарымыздың Отан үшін көрсеткен ерліктерінің арқасында біз бүгінгідей бақытты күнге жетіп, бейбіт өмірде өсіп жатырмыз.

И. В. Сталин халыққа 1941 жылдың 3 шілдесінде радио арқылы үндеу жариялады. Оны бүкіл ел тыңдады. 1941 жылғы 22 маусым - тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Жетпіс бір жыл бұрын осы күні Ұлы Отан соғысы басталды. Аталған күні таңға қарай фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасапты. Ұлы Отан соғысы Екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі болды. Екінші дүниежүзілік соғыс орасан зор кеңістікте жүргізілгенімен, соғыс қимылдары кеңес елінің аумағында өтті. Кеңес Одағы Ұлы Отан соғысына дайындықсыз кірісті. Алғашқы жылдары сәтсіздіктер көп болған.

Барлық жігіттер мен қыздар елін жаудан қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға аттаныпты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауға қарсы тұрған, жеңіске жету үшін аянбай өз үлесін қосуда менің Отанымның да азаматтары бар күшін салды. Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің борышын өтеп, майдандағы армияның қатарын толықтырды. Әскери міндеттілерді әскерге

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

алу өте қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Бүкіл кеңес халқы ортақ жауға қарсы күреске жұмылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің Отандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмаған дегенді естіп жатырмыз. Тарихтан белгілі болғандай, мен танып білген қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалын алуда, Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва үшін, Ленинград үшін болған ұрыстарда ерлік көрсеткен. Жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Соғыс қару –жарағы мен киім-кешегі, тамағы жеткілікті болу үшін тылда да жас баладан бастап қарияларға дейін таңнан кеш болғанша еңбек етті. Бар тапқанын соғыс майдангерлеріне жіберіп отырғанда ел арасында қиындықтар, аштық көрген күндер болып жатты. Ұлы Отан соғысының төрт жылы- 1418 күні мен түні - халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Дегенмен де, бүкіл ел болып күш салған бірліктің арқасында Кеңес Одағының жауға қарсы күш-қуаты арта бастайды. Бір күшке жиналған әр түрлі ұлттар қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылып, өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жанын қиды. Соғыс жылдарында республиканың қара металлургиясы ойдағыдай дамыды. Қарағанды көмір кеніші соғысқа қажетті отынның 65 пайызын өндірген. Қарағанды шахтерлері төрт жыл ішінде 34 млн тонна көмір қазған. 19 жаңа шахта, мен көмір разрезі пайдалануға берілді.

Қызыл Армия жауынгерлерін киім-кешекпен, азық-түлікпен қамтамасыз етуде республиканың жеңіл және тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары да қыруар жұмыстар атқарды. Әйелдер мен балалардың еңбегінің арқасында соғыс жылдары Қазақстан колхоздары мен совхоздары елімізге 56 млн пұт астық, 733,9 мың тонна ет, 1142 мың тонна сүт, 62,4 мың тонна жүн өткізіп отырған. Тары өсірудің шебері Шығанақ Берсиев, атақты күрішшілер Ы. Жақаев, дәнді дақылдардан мол өнім алғандар Олардың ерен еңбектерін атап өтпеске болмайды. Өйткені, тылдағы әрбір күн соғысқа тең еді.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтіпті. Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл - 71 жыл!

Бабалар мұра еткен елдігіне,
Тамсандық ағалардың ерлігіне.

Қан төгіп, қолы жеткен Ұлы Жеңіс,
Бүгінде 71 жасқа толды міне.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – біз үшін де ұлы мереке! Ол жеңіс бізге аталардың қанымен, аналардың терімен келді. Ерлік ешқашан халықтың жадынан ұмытылмайды. Біз ес білгелі осы бір сұрапыл соғыс туралы естіп, оның жеңіс күнін тойлау мерекесіне қатысып жүрміз. Бұл күн- соғыс майданында алғы шептерде жүріп шайқасқан ардагерлер үшін ерекше күн. Аталған мерекені өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын аямай күрескен, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Биыл осы мерейтойға орай еліміздің әрбір жерінде әртүрлі іс-шаралар, мерекелік кештер өткізілуде. Менің қаламда да соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, қошемет жасалуда. Бұл біздің ардагерлер алдындағы, Отан алдындағы азаматтық борышымыз деп білемін. Әрине, олардың орасан зор еңбегін өтеу еш уақытта мүмкін емес.

Бүгінгі ұрпақ, біздер, тәуелсіз елде, бейбіт аспан астында өмір сүріп жатырмыз. Осы күндерді сыйлаған, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, зұлмат соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлер ешқашан ұмытылмақ емес. Жыл өткен сайын қатары азайып бара жатқан майдангер аталарымыздың есімдері ұмытылмай, келер ұрпақтың есінде жатталып қалуы керек. Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі жақсы болса екен деп тілеймін. Көп қасірет әкелген соғыс енді қайталанбаса екен деп тілеймін.

Қурманова Милана

9-сынып, Сарыөзен негізгі орта мектебі
Нұра ауданы, Қарағанды облысы
Жетекшісі: Байжуманова Марал Есеновна

Сұм соғыс... Тұтқиылдан лап берген жау халқымның қабырғасын қақыратты. Ел аузында «ел басына күн туды», «жау бір өрттей қаулады» деген сияқты тіркестер сол кезеңдегі сұрапыл қан төгісті тура әшкерелегендей. 1941 жылы басталған шапқыншылық елге қаншама ауыр қасірет әкелді. Қазірі өз алдымызға мемлекет болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекеті еді. Батыстан шапқан жау шығыстағы елге де шабуыл жасағанмен бірдей болды. Қазақ халқы да фашистік басқыншыларға қарсы әділетті соғыс жүргізе отырып, жалпы әділетсіз соғыс атаулыға қарғыс айтты. Бауырлас, дос халықтармен бірге қан майданның алғы шептеріне боздақтарын аттандырды.

Осыдан бастап қазақ халқының ұлы отан соғысы үшін жан аямай шайқасқан, кірпік ілмей таң атырған, толарсақтан саз кешіп, жауыздыққа қарсы күрескен қанды майдан басталды да кетті. Соғыс ешкімді де аямады. Қаншама халықты қырғынға салды, бақытты бал күндерді аңсатып, бораған снарядтар астында қалдырды. «Соғыс» деген сөзді халық бүкіл жан жүрегімен жек көрді. Бейбіт өмір мен тыныштықты, жауды ойсырата жеңіп ер азаматтарының елге оралуын аңсады. Осы бейбіт күнге жетуге жауынгерлеріне жанқиярлық ерлік істер жасауға рухани демеу болды. Ер азаматтары майданда қан кешіп жүргенде, ауылда қалған жетім, жесір, кәрі қартаң тылда өлшеусіз еңбек етті. Ерлердің жоғын білдірместен, сәбилер ерте ер жетіп, олардың орнына соқаға, егінге аналарымен қоса шығатын болды. Осылайша қаймана халық жабылып, бүгінгі бейбіт күнді жақындата түсті. Зор күрес пен қайтпас қайсар ерліктің нәтижесінде көптен күткен жеңіс келді. Алайда, бұл жеңіс оңайға соқпады. Еліміз көп тауқыметті, қайғы жұтқан қазаны, аштықты басынан өткерді. Оның үстіне майданға жақын жерлерден тылға, Қазақстанға, жер аударып әкелген бауырлас халықтарға достық құшағын да кең жая білді. Қиын –қыстау күндерде олармен бір үзім нанды бөлісіп жеді. Бауырлас халық кең пейілді қазақтан сүйеу тапты. Қатігез неміс басқыншылардың сұрқия жоспарын жүзеге асыруға еш мүмкіндік берместен, кеңес жауынгерлері оларды ойсырата жеңіп, фашистік империяның үстем болуына үміт қалдырмады. Себебі, кеңестік жауынгерлердің ұлы Отанға деген сүйіспеншілігі, жауды жеңудегі қайсарлығы шексіз еді. Кеңестік армияның құрамында шайқасқан барлық жауынгер өздерін бір ананың баласындай, бір Отанның ұлдарындаймыз деп білген болатын.

Сұрапыл қан майданда өшпес ерлік көрсеткен қазақ жауынгерлерін атап өтсек, ерлігі мен тәлімі елге өнеге Ер Бауыржан, Т.Тоқтаров,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Т.Бигелдинов, М.Ғабдуллин, Б.Бұлқышевтардың кешегі ерліктері бүгінгі ұрпаққа ізгі мұраолардан қалмай нәзік жанды қазақ қыздары да майдан шебінде жасындай жарқылдап, отты жылдарда Отан үшін жанын пида етті. Әлия мен Мәншүк апаларымыздың да жеңіске қосқан үлесі өлшеусіз. Мәншүктің: «Ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді майданға жіберуді өтінемін» деген сөздерінен-ақ оның Отанға деген адал ниеті мен сүйіспеншілігін көруге болады. Ару қыздарымыз Кеңестік шығыс әйелдері арасынан алғашқы болып Кеңес Одағы Батыры атағын алды. Қаншама жас сол майдан даласында Отан үшін жанын пида етті. Барша хас батырлар мен аты белгісіз қаһарман жауынгерлердің ерлігін ешқашан ұмытпаймыз. Ерліктеріне бас иіп, рухына тағзым етеміз.

Қызбала Назерке

студентка группы ШТ-13-1

Карагандинского колледжа

актуального образования «Болашақ»

Карагандинской области

Руководитель: Адамова Галия Шакеновна

Отан үшін от кешкендер

«Жұртым» деп – жұмылып,

«Елім» деп езіліп қызмет ет.

Бауыржан Момышұлы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1999 жылы 20 қаңтарда сөйлеген сөзінде: «Даңқты өткенімізден күш ала отырып, жаңа ғасырға нық қадам басамыз», – деген еді. Қазақ халқы өз тарихында қиын-қыстау кезендерді, аласапыран заманды басынан көп кешкен. «Ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен» деген мағынадағы сөз – халықтың сол мезгілдерді суреттеп сөйлегені. Ел басына күн туғанда, адамзат тарихында, әсіресе қазақ тарихында елеулі орын алған оқиғалардың бірі – Ұлы Отан соғысы болып келеді.

Соғыс... Бұл сөз өзінің қатыгездігі мен зұлымдығымен, адамдарға деген жек көрушілігімен жасқандырады. Соғыс өрті алай-дүлей боран, құтырған құйын, бейтаныс апат секілді ес жиюға, саналы түрде ойлануға мүмкіндік бермей, кеңес халқының, оның ішінде біздің қазақ халқының басына қара түнек болып үйірілді. Бірақ алғаш күннен-ақ қазақ халқы өз Отанын қорғау үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, басқыншыларға қарсы тұра білді.

Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Қара бұлтты сейілтіп, күн шуағын сыйлаған ардагерлер қатары жылдан жылға сиреп қалса да, фашизмге соққы берген аталарымыз болашақ ұрпақтардың жарқын келешегін қамтамасыз ету үшін қасық қандарын аяған жоқ. Арада қанша жыл өтсе де қан майданда «Отан үшін» деп алға ұмтылған, қаһармандықпен ерен ерліктің үлгісін көрсеткен жауынгерлер есімі ешқашан ұмытылмайды.

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі еді. Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей, асылдық пен жасындықтың үлгісіндей аттары аңызға айналған батырларымыз – тау тұлға.

Соғыс зардабы кім-кімге де ес жиғызған жоқ. 1945 жылы соғыс аяқталса да, соғыстан кейінгі уақыт ең қиын кезеңдердің бірі болды. Қаншама жауынгерлер жаралы оралса, қаншама адамдардың үйіне күн сайын кара қағаздар жіберіліп жатқан. Сондықтан да біздің бірден бір борышымыз, міндетіміз қазір біз болашағы жарқын, бағыты айқын тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымызға сол батыр аталарымыздың ерліктерін білу, құрметтеу.

Дүние, адамзат жаратылғалы бері қиян-кескі соғыстар да бірге жасасып келеді, қай уақытта, қай кезеңде де адамдар ту сырттарынан соғыстың суық демін сезініп келеді. Айналасын бұзып, талқандап, тіршілік атаулыны көктей солдырып, адамдарды қыршынынан қиып бітетін бұл сұрапыл күш өзімен бірге орны толмас өкініш, қайғы-қасіретін, жан күйзелісін ала келеді.

Соғыс – тек бастан өткеріп қана қоятын оқиға емес, сонымен бірге ой қорытатын, байлау жасайтын нәубет. Ол тек бұзып, талқандап қана қоймайды, көп ретте халықтардың бірігуіне, адами, мәдени, рухани тұрғыда жаңаруына, жаңғыруына алып келеді. Адамдарды ортақ жауға қарсы күш біріктіруге үндейді.

Майдан даласындағы ұрыстар өте ауыр болды, адамдар, табиғат, танктер бәрі-бәрі өртке оранды. Жауынгерлер бейбіт, бақытты өмір үшін, бостандық үшін, болашақ ұрпақ үшін өз өмірлерін қиды.

Иә, олар ерлік жасады, қыршындарынан қиылды, бірақ сынған жоқ, берілген жоқ. Отан алдындағы азаматтық борыш қорқыныш, қауіп-қатер деген сезімдерден, тіпті өлімнен де биік тұрды. Демек, ерлік – ердің асыл келбеті, сол үшін әрбір жауынгер саналы түрде өз өмірін құрбан етті.

«Шіркін, соғыс, соғыс!.. Жанымызға өшпес жара салды – бірақ қайта ауырмайық, мәңгілік жадымызда – бірақ қайта еске алмайық!» - деген еді Виктор Астафьев. Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан бері қаншама уақыт өтті. Соған қарамастан, оны ешкім де, ешқашан ұмытпақ емес. Өйткені, соғыс құрбандарына мәңгі тағзым – бүгінде асқан адамшылықтың, батырлық пен ерліктің тарихи тағылымы болып қалыптасты. Кешегі ер етігімен су ішкен сұрапыл соғыс жылдары, онда қан кешіп, жан берген мыңдаған адамдардың аяулы ғұмыры, ересен еңбегі мен өжет күресі соны айғақтайды. Олардың кеудесіндегі намысты, оты жігерді қарау ниеттің кара дауылы өшіре алмады. Олар тұтатқан шырақ бүгінде азат елдердің алаулы тағдыры болып маздап тұр.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қарағанды облысының тұрғындары Қызыл Армия қатарында барлық майдандардағы ұрыстарға қатысты. Әскерге 60 мыңға жуық қарағандылықтар шақырылды. Облыста 72-ші Красноград, 387-ші Перекоп және 310-шы Новгород атқыштар дивизиялары жасақталды. Майданға аттанғандардың әрбір төртінші адамы еліне оралмады. Қарағандылықтардың 33-і Кеңестер Одағының Батыры атағын алса, ал жеті адам Даңқ орденінің толық иегері болды. Олардың ішінде М.Сүлейменов, И.Карабанов, Н.Покатиловтер 1945 жылғы 24 маусымда Москвадағы Қызыл

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

алаңдағы Жеңіс парадына қатысты. Ұлы Отан соғысы майдандарында көрсеткен ерліктері үшін 6000-нан астам адам түрлі орден-медальдармен марапатталды. Бұл жылдарда Қарағанды көмір бассейні қорғаныс өнеркәсібін жоғары сапалы отынмен үздіксіз қамтамасыз етіп отырды. Денсаулық сақтау қызметкерлері қажырлылықпен еңбек етті, жаралы жауынгерлерді емдеу үшін қалада 6 госпиталь ашылды.

Сол кездегі адамдардың ерік-жігері, күш-қайраты еріксіз қайран қалдырады. Адамдар жеңіс үшін өмірлерін қиюды қасиет деп таныды. Бұл соғыста қаншама миллион адам қаза тапты?!. Аналар мен жұбайлардың майдан даласында, окоптарда жан берген жолдастарын, балаларын, бауырларын жоқтауға да уақыты болмады, тылдағы барша жұмысты қажырлылықпен атқара білді, қажет болған жағдайда қолдарына қару алып, жауға қарсы аттанды. Ұлы Отан соғысында біздің халқымыз ынтымақ пен бірліктің ерен үлгісін көрсетті.

Мен Жеңіс жауынгерлердің жоғары патриотизмінің арқасында келді деп есептеймін. Әрбір адам өз Отанын жат пиғылды жаудың қолына беруге хақылы емес екенін терең түсінді. Сөйтіп, барлық халықтардың, барлық адамдардың берік ынтымақтастығы арқасында біз жеңіске жеттік, тек туған елімізді сақтап қана қалмай, Гитлердің қанқұйлы армиясының тас-талқанын шығардық.

Бұл қасиетті күрестен қоғамның қозғаушы күші – ақын-жазушылар, суретшілер, сазгерлер т.б. шет қалмады. Олар соғыс адам бойындағы «адамшылық абзалдыққа» қайшы келеді, өйткені ол еркектерді, қарттарды, жасөспірімдерді, әйелдерді қолдарына қару алуға шақырады деуден танған жоқ.

Ақындар қарапайым халықтың кешкен бейнетін, соның арқасында жеткен бақытын шабыттана жыр етті. Соғыс кезінде, соғыстан кейінгі жылдары жазылған өлең-толғауларда көптеген адамдардың талайлы тағдырлары көркем көрініс тапты:

Қаралы қағаз жіберіп,
Қаншама қайғы салды оқтар.
Барады үнсіз түнеріп,
Соғыстан қайтқан солдаттар!
Сырбай Мәуленов

... Соғыс көрген әкелерден жаралып,
Соғыс көрген аналарды емгенбіз!
Жарасқан Әбдірашев

Мен дүниені шарпыған соғыс өртінен ешқандай мағына көрмеймін, миллиондаған адамдардың өмірін қиған, тамырына балта шапқан қырғи

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

кабақ соғыстарға ешқандай араша жүрмейді деп білемін. Бүкіл әлемдегі демократия үшін деген желеумен бейбіт халықтың үстінен қаһарлы күшпен қауіп төндіріп тұрған «жат пиғылды агрессорлардың» тіршілігі аса қорқынышты. Мен елдің ырыс, ынтымағын тек экономиканың өсуі, валюта курсының тұрақтануымен ғана өлшемей, сонымен қатар адамдардың рухани, жан дүниесінің саулығы арқылы да бағалау керек деп ойлаймын. Қалыпты, саналы адам ешқашан жайдан жай қолына қару алмайды, әлемдік масштабтағы ессіздік – соғысқа қатыспайды.

Сонымен, Ұлы Отан Соғысы – азапты тарихымыздың ашуға толы ақтық беті, азат тарихымыздың арман мен айбынға толы алғашқы беті. Ұлы Жеңіс оқиғасын баяғы ата-бабаларымыздың бермен қарай арман болып көкейкесті болып келе жатқан барша мұраттарымызға жеткізер жарқын бетбұрыстың жойқын беташары деп бағаласа да болады. Ендігі міндет – Ұлы Жеңіс жол салып берген жаңару мен жаңаша даму үдерістерін баянды ету, барынша өрістету. Саяси-әлеуметтік, қоғамдық тұрғыда сындарлы мемлекет болу. Ұлы Жеңістің рухы бізді осыған шақырады. Ұлы Жеңіс ұлылығын жете ұғына отырып, ортақ Отанымыз – қазақ байтағының болашағы үшін бірлік, берекемен еңбек ете беруге, тер төге беруге үндейді. Ендеше, азаттық туын асқақ ұстайық, Тәуелсіздік тұғырын бекемдей түсейік, Тәуелсіздігіміз мәңгі, баянды болсын!

Қапанова Аяна

9 сынып оқушысы

С.Саттаров атындағы №57 мектеп-лицейі

Қарағанды қаласы Қарағанды облысы

Жетекші: Жумабекова Тогжан Ордабайқызы

Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстандықтардың ерлігі

Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл, жүрек!
Қ.Аманжолов

Соғыс. Қантөгіс. Бұл екі ұғым егіз. Бірінсіз бірін елестету мүмкін емес.
Ұлы Отан соғысы...

Еліміз бен жерімізге қаншама қасірет ала келді. Халық басына төнген ауыртпалықты Отанының адал ұлдары мен қыздары қайыспай көтере білді, қарсы шығып, жеңе білді. Сол ата-бабаларымыздың арқасында біз бейбіт өмір сүріп отырмыз. Шүкіршілік!

Қазақ халқының жаратылысынан елін, жерін қорғап, жауға қарсы тұра білетін халық екендігін тарихтан жақсы білеміз. Қанмен берілген қасиет дер едім. Ұлы Отан соғысына да біздің ата, апаларымыз аянбай ат салысып, ерліктің туын биік көтергенін біз мақтан етеміз.

Ұлы Отан соғысының тарихында қаһарман Брест қорғанысы-совет жауынгерлерінің теңдесі жоқ ерлігінің асқақ бір үлгісі болып қалды. Белоруссиядағы Батыс Буг өзенінің бойында орналасқан осы көне қамал Отанымыздың қасиетті тыныштығын қапыда бұзған қасақы жауды алғашқылардың қатарында кеудесін оққа тосып қарсы алды. Соғыс басталған сәтте небәрі бір ғана полктей жауынгері бар қамал гарнизоны күші әлденеше есе басым жаумен бір ай бойы беріспей шайқасты. Олар басқыншылардың терең тылында қалса да нағыз қайтпас қайсарлықтың, Отанға деген асқақ адалдықтың хас үлгісін көрсетті.

Қазақ халқы ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша күрескен жауынгер халық болған. Отан үшін жан беріп, жан алысып жүрген қазақ жауынгерлерінің ішінде көптеген ақын-жазушыларымыз да бар еді. Олардың қазіргі күні бізге жетіп отырған көптеген шығармаларында осы сұм соғыс туралы, оның ауыртпашылықтары жайлы да жазылған. Соның ішінде Қасым Аманжоловтың «Абдолла» поэмасына тоқталатын болсақ, осы поэманы оқи отырып мен ерекше бір күй кештім.

...Құдірет күші жер-жаһанның!
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!

-деген өлең жолдарындасол кездегі қара майданда жүрген жауынгерлердің рухын көтеріп, оларға күш-жігер беретіні байқалады.

Сонымен қатар, өз Отаны, туған елі, жері, халқы үшін өшпес ерлік жасаған қайсар жауынгерлеріміздің бірі – Бауыржан Момышұлы еді. Осындай қиыншылық заманында дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, жауынгерлердің бойында Отанға деген сүйіспеншілік қасиетін оятып, оларға рух берген мақтанышымыздың бірі. Ержүрек бабаларымыздың қатарында біз үшін Бауыржан Момышұлының алатын орны ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұрандаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін, біз үшін өз басын қатерге тігіп, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті.

Тек жаумен шайқасып жүрген қазақ әскерлері ғана емес, сонымен қатар, сол жауынгерлерді тамақпен, керек-жарағымен қамтамасыз етіп отыру үшін аянбай тер төгіп тыл қатарында еңбек еткен ата – әжелеріміздің де алатын орны ерекше. Ол кісілердің қатарында өзімнің атам – Мұхтаров Қапан да бар. Ол кісінің әңгімелерін тыңдай отырып, көз алдыма сол кездегі қазақ халқының бастан кешірген оқиғаларын көз алдыма елестетемін. Әкесі соғысқа ел қорғау үшін аттанғанда, алты жасар қазақтың қарапайым қара домалақ баласы анасының қолғанаты болу үшін анасымен бірге тыл қатарында жұмыс жасай бастады. Атам сол тыл жұмыстары кезіндегі оқиғаларды айтып отырғанда қызыға тыңдаймын. Сонымен қатар, Отан үшін барын салып шайқасып. Майдан шебінде жүрген үлкен аталарым жайында айтар болсам, бойымды мақтаныш сезімі билеп алады. Менің үлкен атам Нығманов Мұхтар соғыс басталмай тұрып Белоруссияның Могилев деген жерінде әскери міндетін атқарып, еліне қайтуына бір айдай уақыт қалғанда ойламаған жерден соғыс басталып кетеді. Ол кісі сол соғыс жылдары Белоруссияны қорғауда ерлікпен қаза тапты. Және де менің әжемнің әкесі Елубаев Камали Қарағанды облысының Шет ауданында мектеп директоры болып қызмет атқарып жатқанында, аяқ-астынан ел қорғауға майданға аттанады. Ол кісі де соғыс жылдарында Мәскеу қаласын қорғауда ерлікпен қаза тапты. Мен өз аталарымды мақтаныш етемін. Аталарым туралы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, әрдайым ұмытпай еске алып, естеліктің ұмытылмауы үшін барымды саламын. Басына барып, топырақ салып, құран оқыту мүмкін болар ма екен... Уақыт көрсетеді. Ол күн де келер.

Қазіргі таңда ҰОС деген жастардың көзқарасы әрқилы. Бұл тек біздің елімізде ғана емес...

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жыл сайын біз 9 мамыр күні – Ұлы Жеңіс Күнін атап өтеміз. Өкінішке орай... Жеңіс күніне жеткен де бар, жетпегенде бар.

Биыл соғыстың аяқталғанына – 71 жыл болса, ал соғыстың басталғанына – 75 жыл.

Жылдар өткен сайын ардагерлердің саны азайып барады. Соғыс тауқыметін көрген аталарымыз бен әжелеріміздің бар үміті ұрпағының бейбіт заманда өмір сүруі болғаны күмәнсіз. Біз ол кісілердің алдында қарыздармыз. Осы Жеңістің оңайлықпен келмегенін біліп, оны қадірлей білу – парызымыз.

Соғыс-күйретуші күш. 1941-1945 жылдар аралығында болған Ұлы Отан соғысы естен кетпес қиын кезеңдердің бірі болды. Бұл сұм соғыс сол кездегі әрбір қазақ азаматының жүрегіне өшпес жара салып кетті. Бұл соғыстың адам баласына көрсетпегені жоқ. Осы күнге шейін сол соғысты бейнелейтін, сипаттайтын фильмдер түсіріліп, көптеген әңгімелер мен өлеңдер жазылып бізге жеткізіліп отыр. Бұл соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Бұл соғыс қаншама ананы баласынан айырып, ал балаларды жетім атандырған соғыстардың бірі еді. «Ешкім де ұмытылмайды, еш нәрсе де ұмыт қалмайды» деген сөз бекерден бекер айтылмаған. Біз ерлігін жыр қылып айтатын әрбір батырымызды құрметтеп, ешқашан ұмытпауымыз қажет.

Енді қайтіп соғыс болмаса екен деп тілеймін. Біз Тәуелсіз елде өмір сүріп, білім алып жатқанымызды мақтан тұта отырып, еліміздің дамуына аянбай еңбек етіп, өз үлесімізді қоссақ екен.

Қасым Найяна

4 сыныбы 8-гимназия Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы
Жетекшісі: Алмағанбетова Айымторы

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!

1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отын соғысының аяқталғанына 70 жылдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Өйткені сол уақытты елестетіп, ұқсататын көптеген киноларда көріп, әртүрлі кітаптар мен газет-журналдарда оқимыз. Сонымен қатар сол Ұлы Отан соғысында жақындарын жоғалтып, ойға келмейтін қиындықтарды басынан кешкен ардагерлер бізге айтып жеткізеді. Жылдан жылға ардагерлер саны азайып бара жатыр.

9-мамыр - тарихта мәңгі қалатын Ұлы Жеңіс күні. Біздің еліміз жыл сайын жақсылап тойлайды. Өйткені осы тыныш өмірде, бейбіт елде өмір сүріп жүргенімізге ардагерлерге мың алғыс! Солардың жанымен, төккен қанымен, аққан терімен, көз жасымен, ерлік күшімен, ар-намысымен туған жердің топырағын жауға таптатпай, ертедегі батырларымыз секілді еңіреп жүріп, батырлық көрсетіп жауды жеңіп алған күн – Жеңіс күні. Бұл күн біз үшін Ұлы мереке.

Сол жеңіске жету үшін Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ елі - басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысында ерлігін көрсеткен батыр Мәншүк пен Әлия секілді апаларыма, Бауыржан мен Нүркен ағаларымызға мың алғыс. Осы берекелі тыныш елде өмір сүріп жүргенімізге батырларымыз көптеген қиындықтарды басынан кешті. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын жүректен сүйгендігінен деп ойлаймын. Бауыржан Момышұлы 1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқаста қазақстандық 316 - атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды.

Әскердің қиындығын Мәншүк пен Әлия ерлермен қатар көрді - жер жорғалап, судан жүзіп, қалың ну ормандардан өтіп, пулеметпен жауларды атты.

Біз осы бейбітшілік заман үшін қан төгіп, елін, жерін қорғаған жауынгер аталарымызды ешқашан ұмытпаймыз, оларды ұмыту мүмкін де

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

емес. Ұрпақ алғысы сол батыр жауынгерлеріміздің жанына нұр сыйлап, өмірге деген құлшынысын артырады деген үміттеміз. Ешкім де, ешнәрсе де ешқашан ұмытылмайды!

Лашкарев Рүстем

9 - сынып, «№14 ЖББМ» КММ Сәтбаев қаласы.

Қарағанды облысы

Жетекші мұғалім: Жунусова Қаракөз

Өткен күрестер жеңісі-бүгінгі күннің жемісі

1941 жылдың 22-маусымында таңғы сағат төртте Германияның неміс-фашист басқыншылары елімізге күтпеген жерден ойран салды. Бұл олардың «барбаросса» жоспары бойынша іске асырған әрекеті еді. Бейқам жатқан елге тұтқиылдан шабуыл жасауы - неміс фашистерінің опасыздықтарын көрсетіп берді. 1941-1945 жылдары соғыс кезінде ең көп қырылған ұлттар қазақтар болды. Еркіндік үшін, артындағы ұрпақтары үшін жалаңаш кеуделерін оққа тосты. Соғыс - адамзат баласына қасірет пен қайғы әкеледі. Соғыс - әрбір отбасының шаңырағын шайқалтып, тағдырын мүлде басқа арнаға өзгертіп жіберді. Балалары әкелері мен үлкен ағаларынан айырылды. Әйелдер сүйікті жарынан айрылып, жесір қалады. Ал жау басып алған жерлерде, тіпті қасірет үлкен. Кәрі ата-әжелер небір қорлықтарды көрді. Әйелдер мен қыздар зорлыққа ұшырайды. Ол да басымыздан өткен қасірет.

Ұлы Отан соғысында ерлігімен тарихта есімдері алтын әріптермен жазылған Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегильдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова және басқа да батырларымыз бар. Олар ешқашан ұмытылмайды. Ел қорғаған батырды ардақ тұту - Отанын сүйген әрбір азаматтың парызы.

Әрбір соғыстың салдары - шығын, оның ішінде адам шығыны. Соғысқа аттанғандар - өмірлік тәжірбиесі жоқ жас жігіттер мен қыздар. Олар Отан алдында берген антын орындау үшін қолдарына қару алды, бұйрықты орындады. Олардың елде ата-анасы, әжесі-атасы, туған-туыстары қалды. Ал соғысқа аттанғандар қан кешіп жүрді, бүгін тірі қала ма, оққа ұшама оны ешкім білмеді. Бұл соғыстың қиын жері - осы.

Жауынгер өліп кеткеннен кейін оның соңынан қара қағаз баруы - ата-ана мен бауырлары үшін үлкен соққы болып тиеді. Бұл онсыз да жанын шүберекке түйіп жүрген жандарға қабырғаларын қайыстыратын хабар жеткенде одан бетер сұм соғысқа лағынет айтты. Соғыс барлық елге кесірін тигізді. Еңбектеген бала мен еңкейген қарияға дейін соғыстың зардабын көрді. Қайтып соғыс болмасын деп тіледі. Қаншама қазақтың өрімдей он жеті мен он сегізге толар - толмас жігіттері жер жастанды, арттарында ұрпақ та қалмады. Сол кезде мен тізерлеп отырып анасына: «Ана, жүрегіңіздегі жараны жаза алмаймын, о дүниедегі балаңызды алып келе алмаймын. Енді сол балаңыздың орнын толтыра алмасам да бір балаңыз болайын», - дегім келеді. Кейде өзім тұңғыық ойларға сүңгіп кетемін, себебі соғыс дерті санадан өшпейді. Аққан қандарымен, қас пен көздің арасында соғысып

жүрген жауынгерлер бір-бірлерінен көз жазып, жоғалып жатты. Көз ілеспей атылған оқтар, жарылған миналар, ауыр танкілер, басты айналдыратын жау самолеттері адамның берекесін кетірді. Осындай адамды мезі ететін әрекеттерден әбден қажып, қаңғыған оқтан қансырап, шаршаған күйде өлім құшып, жерленіп жатты. Оны түрлі кинофильмдерден де көріп жүрміз. Мен өзім соғыс туралы киноларды жақсы көремін. Олардың ерлікпен, табандылықпен жаулармен соғысып жатқаны маған үлкен рух береді. Айталық «Жаужүрек мың бала», «Бауыржан Момышұлы», «Қасым» көп сериялы фильмдері тамаша туындылар екені сөзсіз.

Соғыстың салдары біреу. Қандай соғыс болмасын адам шығыны болады. Біздің бабаларымыз соғыс жағдайы туа қалған жағдайда, қан төкпей, бейбіт жолмен шешуді ойлаған. Көрші елдер мен қыз берісіп, қыз алған. Сол арқылы да соғыстың «қара бұлтын» сейілтіп, халқын аман алып қалған.

Әрбір саясаткердің міндеті соғысты болдырмау. Міне, сонда ғана оны мықты саясаткер деп айта аламыз. Біздің Президентіміздің де бейбітшілікті нығайту үшін қайраткерлік еңбегі зор. 2013 жылы Елбасымыз «Әлемнің №1 рыңары» орденімен марапатталды. Елбасы елдегі ядорлық арсеналдан бас тартты, сынақ полигонын жапты. Көп векторлы саясатты қолдады. Ол орденді Бейбітшілік пен Келісім сарайында Қорғаныс министрі Елбасына табыс етті.

Ел тыныштығын күзетіп тұрған қаншама азаматтарымыз бар. Олардың да жан-жары, балалары, туған туыстары үйінде күтіп отыр. Еліміздің Қарулы Күштері соғыс ашу үшін емес, бейбіт өмірді қорғау үшін қажет. Олар шекарада халқының тыныш ұйықтағанын қалап күзетуде. Әрине, бейбітшілік пен соғыс бір-біріне қарама – қарсы ұғым. Ал бейбітшіліктің қадірін соғыс көрген адамдар жақсы түсінеді.

Қаншама батырлар қыршын кетті. Біз тәуелсіз елдің иесі болдық, бұл олардың ғасырлар бойы аңсаған арманы ғой. Бүгінгі таңда қазақ елі осы ұлан-ғайыр жерді жаудан қорғап қалған батырлардың есімін ардақтап жыл сайын мәртебелерін биіктете түсуде. Соғысқа қатысқан ардагерлеріміз де жылдан жылға азайып барады. Оларды құрметтеп, еткен ерліктерін ұмытпай алдарында басымызды иіп, қадірлеуіміз қажет. Барлық жағдайларды жасауымыз қажет.

Елбасы басты мұратымыз – «Мәңгілік Ел» орнату екенін айқындап берді. Міне, бүгінгі таңда «Ұлы Дала» еліне айналып отырмыз. Осының бәрі біздің тарихымыздың, батыр бабаларымыздың бізге табыстап кеткен ерлік рухынан шығып отыр. Тарихын қадірлеген ұрпақ жоспарлаған әрбір іргелі ісін ерлікпен іске асыра біледі. Былтыр Қазақ хандығының 550 жылдығын, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын атап өтсек, биыл Ұлы Отан соғысының 71 жылдық мерейтойын, Ұлы Отан соғысының басталғанына 75 жылдығын атап өткелі отырмыз. Егер бейбітшілік болмаса, біз тәуелсіздікке жетер ме едік.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Біз, қазақ жастары соғыс жылдары және тәуелсіздік жылдары қол жеткізген табыстарымызды бағалай білейік. Қазақ хандығының 550 жылдығын былтыр кең көлемде атап өттік. Жаңа ғасырдағы «жасыл экономиканың жетістіктерін паш ететін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін келесі жылы өткізгелі жатырмыз.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша біздің жастар әлемнің барлық дамыған елдеріндегі әйгілі оқу орындарынан білім алады. Ғарышкерлер біздің жерімізден ұшады. Міне, жақында ғана ғарышкеріміз Айдын Айымбетов ғарышқа ұшып, елге сәтті оралды. Жуырда ғана Елбасы Жарлығымен оған «Халық қаһарманы» атағын берді. Бұл оның еліміз үшін атқарған еңбегінің бағасы.

Осының бәрі – елдің ортақ қуанышы, толағай жеңісі. Өткен күрестер жеңісі-бүгінгі күннің жемісі. Қазақ елінің қол жеткізер ауқымды табыстары әлі алда деп білемін. Себебі мақсатымыз айқын, 2050 жылға дейін белгіленген стратегиялық жоспарымыз бар. «100 нақты қадам»-болашағы бар елдің ұлттық стратегиясы.

Халқымның тілеуімен келген жеңісіміз баянды болғай! Өнұранымыз әуеде асқақтап, елтаңбамыздың еңсесі биік болып, туымыз көкке шарықтай берсін!

Накупова Айдана

10 сынып «№7 ЖОББМ»КММ

Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласы

Жетекшісі: Нуридинова Бибалима Шариповна

Мәңгі өшпес ерліктер

Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.

Бауыржан Момышұлы

Міне, қаншама азаматтар Отан үшін жан алысып, жан беріскен Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл болды. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз еңбек еткен жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көздері жасқа толып төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпай, әке орнына әке, аға орнына аға бола білген аналар, қыз – келіншектер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып, бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы Жеңістің құрдастары тойлайды.

Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді еске салады.

Қазақ – ел басына қара бұлт үйірілген шақта жалғыз жанын шүберекке түйген жауынгер халық. Ұлан – байтақ даласының жаудың қол астына өтіп бара жатқанына намыстанып, қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған, осылайша майданда ерлік көрсеткен. Тіпті арыға бармай – ақ кешегі Ұлы Отан соғысының тарихына көз салсақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанын анық көреміз.

«Тізе бүгіп, тірі жүргеннен, тіке тұрып, өлген артық» деп Бауыржан Момышұлы бастаған ел азаматтары ел үшін арпалысып, болмайтынды болдырып, жеңіп шықты, батыр атанды. Мәселен, осы Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанның 500-ден астам ұлы мен қызы «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды. Олардың жүзден астамы «Даңқ» орденінің иегері атанды.

Біз, бүгінгі ұрпақ, ештеңені ешқашан ұмытқан емеспіз және ұмытпаймыз да. Бүгінгі тәуелсіз еліміз үшін, сәулетті өмір үшін жанын пиде етіп, кеудесін оққа тосқан, арамызда әлі де белгісіз болып келген ерлер есімін

ел есінде қалдыру – бәріміздің азаматтық борышымыз. Қазір от – жалын кешіп, Отанды қорғаған майдангерлер қатары сиреп келеді. Осыны сезініп, арамызда жүрген соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіп, олардың қарттық кезеңді сергек өткізулеріне көңіл бөлу – баршамыздың борышымыз. Майдангерлер ерлігі – әрқашан сый – құрметке лайық. Жастық шағының шуақты кезеңін қан майданда өткізіп, жауды жеңіп, Жеңіс туын желбіретіп, одан кейін қаншама жылдар бойы бейбіт өмір жолымен жүріп бар ғұмырын таза, жігерлі, нәтижелі еңбекке арнаған ардагер ақсақалдар бүгінде саусақпен санарлықтай сиреп қалды. Сондықтан мен де бірнеше майдангер аталарымыздың ерліктерін жазуға бел байладым. Себебі олар ердің ері ғана шыдайтын, жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері уақытша болса да тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл соғыс жылдары олар өздерінің Отанына, отандастарына, туған жеріне деген патриоттық сезімін даусыз дәлелдеді.

Отан үшін от кешкен майдангерлеріміздің бірі Даутов Күнтуған 1906 жылы Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Қарсақбай жерінде қарапайым жұмысшы отбасында өмір есігін ашқан. Жастайынан тұрмыстың тауқыметін тартып өскен. Ата – анасы сол бір аласапыран шақтарда Есілдің бойындағы Атбасар жеріне қоныс тебеді. Сол өңірде әкесі, кейін бір жылдан соң шешесі өмірден өтеді. Үйінің тұңғышы Күнтуған ата үш інісі, бір қарындасымен жетім қалады. Әке – шешесінен көз жазып қалғанда ол небары он екі жаста болады. «Тірі адам тіршілігін жасайды» демекші бұғанасы қатпаған бала бір орыс байының малын бағып күн көреді. Інілері мен қарындасын туған – туыстары қанатының астына алады. Біреуі балалар үйінде тәрбиеленеді. Екі жыл орыс байының малын баққан Күнтуған ата елге қайтқысы келіп, ойын қожайынына айтады. Орыс байы мейірімді кісі болса керек, әлде қаршадай баланы аяды ма екен, Күнтуған атаның қалтасына ақша салып, өзін киіндіріп, елге оралуына көмектесіп, шығарып салады. Елге аман – есен оралған Күнтуған бауырларын тауып алып, Қарсақбайдағы «Өрнек» колхозына жұмысқа тұрады. Жасы он алтыға жеткенде Қарсақбай мыс қорыту зауытында еңбек етеді.

Майдангер ата жиырма бес жасында Көпей (Көпейбала) есімді бойжеткенмен қосылып шаңырақ құрады. Сөйтіп екеуі де «Өрнек» колхозына барып жұмысқа орналасады. Шаңырақтарында сәбидің інгәләған үні шығады. Соғысқа дейін екеуі үш балалы болады.

1942 жылы маусым айында Күнтуған ата майданға аттанады. Сол кезде келіншегі алты жасар үлкен баласымен, алты айлық кіші үш баласымен қалады.

Күнтуған ата 1942 жылы 12 қарашада 3 ай дайындықтан өтіп, присяга қабылдайды. Жиырма алтыншы мото – стрелковый бригадада атқыш болады. Калмыцкие степи, Ростов на Дону, Таганрог қаласын, Украина, Кыргыз,

Прибалтика жерлерін азат етуге қатысқан. Прибалтиканың «Шауляй» (Шавли) қаласын азат еткенде Сталиннің алғысын алады. Майданда көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен, «За победу над Германией» медалімен марапатталған. Адамзат жүрегіне жазылмас жара салған соғыста жеті мәрте дене жарақатын алған. 1943 жылы Украинада ауыр жарақат алған. Жарақаты жазылған соң соғысқа қайта кіріскен. 1945 жылы 25 қыркүйекте бұйрық шығып, қараша айында аман – есен елге оралады.

Соғыстан соң «трудармия» дейтін соғыстан бұзылған қалаларды қалпына келтіру жұмысына шақырылып, алты ай болып келеді.

1958 жылы Целинаға қатысады.

1959 жылы «Төртінші» елді мекенінде үй салып, 1961 жылы құтты қара шаңырағына көшіп келеді.

1961 – 1966 жылдар аралығында №44 шахтада еңбек етеді. 1966 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Жары Көпей екеуі қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай жеті баланы тәрбиелеп өсірген.

Аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа қатысқан Күнтуған Даутов 1983 жылы қараша айында жетпістің жетеуіне келгенде дүниеден өтеді. Ел шетіне жау тиген шақта қолына қару алып, қан майданға аяқ басқан майдангер қашан да құрметке лайық.

Елі үшін отқа түскен ардагердің бірі Байтоғаев Нұрахмет 1921 жылы Қарағанды облысы, Жезқазған ауданы, «Бала Жезді» колхозында дүниеге келген. Ұлты қазақ. 1962 жылы Ұлытау ауданының №2 Қорғасын орта мектебінің толық курсын бітіреді. Отбасылы болып, он бір баланы зайыбы Байтұгаева Шамшиямен тәрбиелеп өсіреді. Жары Байтұгаева Шамшия тыл ардагері, соғыс жылдары қазіргі Сәтбаев қаласында «покро» кенішінде еңбек еткен.

Еңбекқор ардагер өмірінің соңғы шақтарында Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде бас есепші болып еңбек етеді. Бұл қызметке келмес бұрын Ұлытау ауданында, Қарсақбай поселкесінде есепші қызметін атқарады. 1950 жылдан бастап партияның мүшесі болады.

1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы қайғы – қасірет әкелмеген бір де бір отбасы қалмады. Сұм соғыс Нұрахмет атаның да шаңырағын шайқады. Ол 1942 жылы 13 қаңтарда Ұлы Отан соғысына аттанады. Соғыста 114 атқыштар бригадасында, 106 атқыштар бригадасында пулеметчик болады. 1943 жылға дейін 95 атқыштар гвардиясында болып, жарақат алғаннан кейін 1944 жылдан 1946 жылдың маусым айына дейін 240 әскери тұтқындар лагерінде атқыш болып қызмет етеді. 1943 жылы 7 шілдеде 95 атқыштар гвардиясында жүріп, оң аяғынан ауыр жарақат алады. Бұл оқиға Рисев қаласында болады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Салқыны сан жылдарға созылған сұрапыл соғыста көрсеткен ерлігі үшін «За победу над Германией», «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

1946 жылы 15 маусымда Жоғарғы Советтің үкімімен соғыста елге оралады.

Жауынгер қаһармандығы мен Ұлы Жеңіске еселі еңбегі арқылы үлес қосқан майдангер Байтоғаев Нұрахмет 1979 жылы дүниеден өтеді. Ел басына күн туып, «ер етіктен су кешкен, ат ауыздықпен су ішкен» кезде батырлықтың сан үлігісін көрсеткен батыр әрқашан жадымызда сақталады.

Фашистік Германияға қарсы шығып, елді азат еткен тағы бір ардагер Ембергенов Жұмабек 1917 жылы Қарағанды облысы, Қарсақпай поселкесінде дүниеге келді. Асқар тауы әкесі – Емберген (Иемберген), аяулы анасы – Бадиша-Дәдей Қыржігіт Қыпшақтың қызы. Ардагер отбасында бес ағайынды болған екен. Апасы – Жамал, інілері – Қорғанбек, Мұқанмедия, қарындасы – Зейпін.

Ембергенов Жұмабек 1941 жылдың он сегізінші шілдесінде Жезқазған военкоматынан әскер қатарына шақырылып, №30 стрелковый полкта әскери қызметін атқарған. 1942 жылы 14 сәуірде қиян – кескі ұрыс кезінде мина жарылысында оң қолынан жарақат алған. 1942 жылы 20 сәуірде қолына ампутация жасаған. 1942 жылы эвакогоспиталінде 6-20 шілде аралығында емделіп, әскердің учетынан шығарылған.

Інісі Қорғанбек (1918 жылы туған) 1939 жылы әскерге шақырылған. Ақырғы хабар Хабаровский крайдың Комсомольск на Амуре қаласынан келген. Барлық жерге іздеу салынған, бірақ ешқандай хабар болмаған. Кейін 1943 жылы Эстонияда хабарсыз кеткені туралы мәлімет ғаламтор арқылы белгілі болған.

1418 күнге созылған соғыста ел үшін арпалысқан Ембергенов Жұмабектің ерлігі ұрпаққа үлгі.

Қырғын соғыстың қиындықтары мен зұлматтарын көрген, Отан үшін майдан даласына барып, жеңістің таңын орнатуға үлес қосқан ардагер Исатаев Әбіш Ғаббасұлы 1923 жылы 15 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев облысы, «Зара» совхозында ауқатты отбасында дүниеге келген. Отбасының тірегі әкесі – Исатаев Ғаббас 1938 жылдың құрбаны болған. Ол орта мектепте балаларды білім нәрімен сусындырған көзі ашық, сауатты адам болған. Ол кісінің балаларға білім беріп жүргенін көре алмаушылар «халық жауы» деп ұстатып жіберген. Содан бүкіл отбасы қуғын – сүргіннің құрбаны болған. Осы қуғын – сүргіннің салдарынан Әбіш Ғаббасұлы өзі сұранып 1941 жылы небары он сегіз жасында соғысқа аттанады. 1941 жылы 26 желтоқсаннан бастап атқыштар полкінде курсант болады. Харьковте, Гомельде атқыштар полкінде оқып, соғысқа аттанады.

1943 жылы 12 мамырда жараланғанына қарамай соғыстан қалмайды. Әбіш Ғаббасұлы Украина, Кировоград, Прибалтиканы, Еділ өзенін польшаға

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

дейінгі аралықтарды неміс басқыншыларынан азат етеді. 1941 жылдан 1945 жылға дейін соғыста болған.

Әбіш Ғаббасұлы 181 атқыштар полкінде болып, немістерге тойтарыс беріп отырған. Соғыстан аман – есен оралып, 1950 жылға дейін Украинада аэродром салуға көмектеседі.

1950 жылы еліне қайтып, Өскемендегі учетно – кредитный техникумға түсіп, ойдағыдай аяқтап, Жезді поселкесіне жолдамамен келеді. Сол жерде Балықбаева Төре есімді қызбен кездесіп отбасын құрады. Отбасында он бір баланы тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырады. Өзі №31, №55 шахталарда еңбек етіп, құрметті демалысқа шығады. Әбіш Ғаббасұлы «Жуков» медалінің иегері. Соғыстың 50 жылдығында «Таврия» машинасын сыйға алады.

Бүкіл әлемге аждаһадай төнген жаудың бетін қайтарып, мысын басқан жауынгер Әбіш Ғаббасұлының ерлігі ел есінде мәңгі қалады.

Әр майдангер – бір-бір тарих. Кешегі қасіретті қырғын соғыс зардабын тартқан майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінен естелік алып қалсақ, ұрпаққа үлкен өнеге, мұра емес пе?! Ардагерлердің Отанға деген сүйіспеншілігін, өмірден көргені мен түйгенін қазіргі ұрпақ жадында ұстауға тиіс.

Мен бақытты, бейбіт өмірде тудым. Жас ұрпақтың жарқын болашағын қамтамасыз еткен ардагерлердің алдында басымды иіп тағзым етемін. Жылдар өтер. Алайда соғыста ерлік көрсеткен ата – әжелеріміздің отаншыл рухы кейінгі ұрпаққа үлгі – өнеге болып қала береді.

Насибуллина Алсу

9 сынып, № 1 қосымша білім беру

мектеп-орталығы Абай қ.

Қарағанды облысы

Жетекшісі: Аяпбергенова Гүлнәзия Қадыржанқызы

Ер есімдері ел есімінде

Әрине, ойымызға ең алдымен біз үшін жанын қиған ата-бабаларымыз еске түседі. Міне осыдан жетпіс бес жыл бұрын Германияның қалың қолы Кеңестер Одағына шабуыл жасаған болатын. Енді кішкене соғыстың қалай басталғанына тоқтала кетсек. Бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жыл жиырма екінші маусым тарихымыздағы ең ауыр да, қасіретті күн болып саналады. Жиырма екінші маусым күні таң атысымен неміс әскерлері Кеңес Одағының жеріне басып кіреді. Сол кезеңде біз Ресейдің қол астында болатынбыз. Бұл төтенше жағдай еді, сондықтан Кеңес Одағы тез арада оларға жауап қайтару үшін, елін сақтап қалу үшін әскер жинай бастайды. Олар әскерді жан-жақтан жинайды, тіпті Қазақстанға да келеді. Олардың жасына қарамай, күштеп алып кете бастады. Тек ауруға ұшыраған, соның ішінде басқаларға тез жұғып, тарайтын ауруларға жеңілдік бар еді. Тіпті кейбір өз балаларын соғысқа жібермеу үшін ата-ана баласын сол ауруға ұшыратқан. Соғыста айдалада өлгенше, өзіміздің көз алдымызда дүниеден өтсін деп санаған. Әрине ата-ана жүрегін түсіну қиын. Қиындықтарға шыдамаған қазақ отбасылары көрші елдерге көшіп кетуге мәжбүр болған. Соғыстан қашып өз өмірін сақтап қалу үшін бәріне дайын азаматтар бар болса да, бірақ оларға қарсы шығуға дайын, кеудесінде жүрегі Отан деп соғып тұрған қыздар мен жігіттер де бар. Соңында қоса келгенде бір Қазақстаннан Кеңестер Одағының әскерінің қатарына бір миллион екі жүз мың адам аттанған.

Ұлы Отан соғысы төрт жылға созылды. Майдан даласында алты жүз мыңдай қазақ қаза тапты. Көбісі хабар-ашарсыз кетті. Олардың тіпті денелері қайда қалғанын білмегені туысқандарына қатты батты. Аман-есен оралмаса да, оларды ең болмаса денесін дұрыстап жер қойнына тапсырғысы келді. Бірақ амалдары жоқ. Бірақ соңғы жылдары кейбіреулері қайда жатқанын тауып, денесін Отанымызға әкеліп, туған жердің топырағына денесін тапсырған болатын. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы қаралы мәлімет бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірді. Табылған мәліметтер бойынша, адамзат тарихымыздағы бұл кәтігез соғыс жиырма миллион адамның өмірін қиды. Соның ішінде біздің батыр ата-бабаларымыз бар. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерекше ерлікпен шайқасты, себебі оларды үйлерінде ата-анасы, жұбайлары және ең ауыры балалары күтіп отырған еді. Ол азаматтар өз ұрпақтарының қиыншылық

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

көрмей өсуін қалады. Әрине бізге олар ондай болашақты сыйлап кетті. Осы батырлықтары үшін оларға әр түрлі медаль-ордендер тапсырылды, бірақ көп адамдар дүниеден өтті. Оларды әрине әр түрлі атақтармен қайтара алмаймыз, бірақ десе де болашақ ұрпақ олардан үлгі алсын деп санады.

Кеңес Одағы батырлары қатарында: қазақтың қос жұлдыз қыздары Әлия мен Мәншүк, бізге жеңісті сыйлаған, Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев, жаудың тылында партизандық қызмет атқарған Қасым Қайсенов, Бауыржан Момышұлы, 28 панфиловшылар және тағы басқалар. Ал төрт қазақстандық батыр- ұшқыштарымыз. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Олар Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Соғысқа қатысқаннан басқа қазақтар әр түрлі тыл жұмыстарында қызмет атқарады. Немістер Кеңес Одағының батыс бөлігін басып алған соң, ондағы өнеркәсіптік маңызы бар зауыт, фабрика тағы басқалары Қазақстан жеріне көшіріліп әкелінді. Осы қысқа мерзімнің ішінде қырық екі кәсіпорын көшіріліп әкелінді. Бес жүз мыңға жуық адам көшірілді. Тіпті оған қоса Қазақстанның өзінде жиырма бес кең орны, он тоғыз шахта, он бір кең байыту фабрикасы, төрт мұнай кеніші іске қосылды. Темір жолдар салынды. Әрине, осының бәрін қазақтар істеді. Олар бір мың тоғыз жүз қырық бірінші-бір мың тоғыз жүз қырық бесінші жылдары елден соғыс майданына 30,8 миллион астық, 14,4 миллион картоп және көкөніс, 15,8 миллион ет, 3,194 центнер сүт, 17,6 центнер жүн жіберілді. Соғыстың соңында есептер бойынша бір мың жеті жүз он қала, жетпіс мың ауыл, алпыс бес мың темір жолы, отыз бір мың сегіз жүз елу кәсіпорын, тағы басқалары жермен-жексен болып қираған болатын.

Бүгінгі күні бүкіл Қазақстан тіпті дүние жүзі бойынша тоғызыншы мамыр Жеңіс күні болып саналады. Ол күні барлық қалалардағы тұрғындары Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою салтты дағдыға айналып кетті. Олардың рухына табанып, көмектесіп жүруін тілейді.

Менің ойымша осы жүрекке ауыр із қалдырған соғысты және біздің қорғаушыларымыз ешқашанда ұмытылмайды. Оларды ұмыту біз үшін күнәға тең шығар!? Бізге осындай жарқын болашақ сыйлағандарыңыз үшін мың алғыс!!! Рахмет ата-бабаларым.

Нұрлыбаева Ақбота

10 сынып, № 10 жалпы орта білім беретін мектебі Жезқазған қаласы

Қарағанды облысы

Жетекші: Қазангапова Венера Орынбековна

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!

Ерлерін еске алғанда кім егілмес...

Иә, адам соңына қалдырған тарихына үңілмей, алдындағы өмірін болжай да алмас. Сондай үлкен, маңызы бар тарихи оқиға-Ұлы Отан соғысы. 1941 жылы 22 маусымда гитлерлік Германия КСРО-ға опасыздықпен шабуыл жасады. Сол күні кеңес үкіметі халықты Отан қорғауға шақырды. Үкіметтің елге арналған үндеуі «Біздің ісіміз әділ. Жау талқандалады. Біз жеңіп шығамыз!» деген сөздермен аяқталды. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін қанқұйлы соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтармен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты.

Адамзат жаралғалы атам қазақ аттан түскен емес. Біздің елде аттан түсіп қалу азамат ерге - сын, намысына - нұқсан. «Аттан» дегенде, ат жалын тартуға жараған алты жасар балаға шейін жауға тұра шапқан. Ордалы елдің Отан қорғаушы ерлері осындай болған қазақта.

Қазақ деген - батыр халық. Ол еңкейгенге еңкейеді, шалқайғанға шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкейе қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Осындай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттерімен сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пида етті десеңізші. Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығымен көрінді.

Осындай ұлы халықтың ұлдары мен қыздары Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батырлық жасап, ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарынан жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Сол сұрапыл соғыс жылдары бүкіл әлем 50-млн-нан астам адамынан айырылды. Оның ішінде Қазақстаннан 1млн.800 мың адам майданға аттанып, соның жартысы елге, өз отбасына қайтып оралған жоқ. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Соғыста

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қазақстандықтардан жасақталған әскери бөлімдер ата-бабаның ежелгі қаһармандық дәстүріне адал бола алды. 500-ден аса жерлесіміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Сонымен қатар, жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарды ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына мейіріммен тартушы, эвакуацияланған заводтар мен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Сол бір сұрапыл отты жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының да ерлік істері ешқашан ұмытылмақ емес. Ұлы Отан соғысының қырғынында да қазақ халқы өздерінің жауынгер халық екендіктерін мойындатты. Өз ерліктерімен көзге түсіп, қазақ халқының қайсарлығын паш етуші жауынгерлерімізді атап өтер болсақ. Соғыс кезінде аты аңызға айналған шоқтығы биік тұлға-Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы қол бастап, мыңдаған жауынгерлерді соңынан ертіп, Мәскеуді жаудан қорғағаны. Ол-шені жоғарылар алдында жалтақтап, төменшіктемеген, ары мен намысын таптатпаған біртуар тұлға. Бауыржан Момышұлының 30-дан астам ұлт өкілін ұрысқа 207 рет өзі бастап, қан майданға араласқаны, 5 рет саны басым жаудың қоршауында қалып, оны асқан жігерлікпен бұзып шыққаны-әлемді таңдай қақтырған, баламасы жоқ оқиға. Тәуелсіз еліміздің ертеңі-бүгінгі ұрпақ Бауыржан Момышұлының бітіміндегі асқар шың басындай тәкаппар рухынан қанаттанып, батырлық, отансүйгіштік қасиеттерді бойымызға сіңіріп, атамыздың ерлігін ұмытпауымыз керек. Сонымен қатар, екі қазақ қызын ерекше атағанымыз жөн. Мәншүк Мәметова-пулеметші, Әлия Молдағұлова-мерген. Мақтанарлығы сол, Ұлы Отан соғысында ерлермен иық теңестіре соғыса білген аз ғана әйел адамдардың арасында шығыстан шыққан қос жұлдыз айрықша жарқырап еді. Қазақ қашан да жауынгер халық, батыр халық. Оның осы қасиеті ұрпақтан-ұрпаққа үлгі, ата дәстүр болып табылады. Бұл дәстүрлер айтып, қайталағанда ғана өміршең болмақ. Мәншүк пен Әлия да осындай рухтың жалғасы... Атағына бүкіл Шығыс халқы ортақтасқан, қазақтың атын әлемге шығарған аяулы қос батыр қызымыздың даңқы арта бермек. Елі үшін, жері үшін соңғы деміне дейін айқасып, аққан жұлдыздай ғұмыр кешсе де, алмас қылыштай жарқ етіп, елі үшін қасқайып кеткен қос қызғалдақты қадірлеу бүгінгі ұрпаққа аманат.

Ел үшін, туған жері үшін жанын шүберектің ұшына түйген ардагерлер жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Ұлы Жеңіс адамдардың өмірімен, қанымен, маңдай терімен келді. Ұлы Отан соғысындағы аға ұрпақтың жаңқиярлық ерлігі-кейінгі жас ұрпаққа өшпес өнеге. Соғыстың қайғы қасіреті мен зардабын ешқашан ұмытуға болмайды. Олардың көбі соғыстан оралмады. Олардың есімі біз үшін әрқашан қадірлі.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ұлағатты ұрпағына аманат етіп қалдырған ұлан-ғайыр жеріміздің және еліміздің тыныштығын сақтау-әрбір азаматқа үлкен жауапкершілік пен зор міндет жүктейді.

Сүйікті Отанымыздың іргесі берік болып, Азат еліміздің аспанын бұлт шалмасын!

«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс,-деп қайсар ақын Қасым айтқандай, адамзат баласының басына нәубет болып келген сұм соғысқа соңғы нүкте қойған 9 мамыр-Ұлы Жеңіс күніне биыл 71 жыл толады.

Шын мәнінде, біз, келер жас ұрпақ, осы 71 жыл тыныш, бақыты күндеріміз үшін жан пидә еткен, қырғын шайқаста тайсалмай жау шебін бұзған ата-апаларымыздың атын ғана біліп емес, олардың ерлігін үлгі тұтып, өзімізден кейінгі ұрпаққа да мақтанышпен жеткізейік. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген халқымыздың көрегендігін ескеріп, халықпен қоса жасайтын адал перзенттері бар ұлт екендігімізді ұмытпай, Отан тағдырының аласапыран кезеңдерінде жан аямай адал еңбек, қыршын өмірлерін ардақты ұлдар мен аяулы да асыл қыздардың заңды жалғасы болып қала берейік.

Алтынның қадірін қолда бар кезде бағалаған абзал. Сондықтан да бізге бейбітшілік пен тыныштық сыйлаған батыр бабаларымызға барынша құрмет көрсету-елдік парызымыз...

Жастарымыз отаншыл болсын. Отаншылдық-әр адамға керек ең ұлы қасиет. Адам жер бетінде ізін қалдырады. Бүгінгі ұрпақтардың жарқын өмірі үшін, жан аямай, кеуделерін оққа төсеген, сұрапыл соғыстың жауынгерлері көрсеткен ерлік ешқашан ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, жаңғырып, жасай берері сөзсіз. Өйткені, ерлік-елге мұра, ұрпаққа-ұран. Жан алысып, жан беріскен кездегі аталарымыздың ерен ерліктері қашанда кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болмақ.

Соғыс салған жарадан арылған жоқпыз. Арыла алмаспыз да. Өйткені, мезгілсіз құлаған шаңырақтардың, есепсіз төгілген қан мен көз жасының орнын толтырар, бомбалармен ойрандалып, боздақтардың қанымен суарылған Жер-Ананың жазасын жазар күш жоқ шығар. Тек, жеңімпаз рухты қастерлеп, аға буын ерлігін лайықты дәріптеу арқылы соғысқұмар пиғылдың мысын басып, бейбітшіл ұрпақтың тірілігін берекелі, бірлігін бекем етеріміз анық.

Ұлы Отан соғысындағы аға ұрпақтың жаңқиярлық ерлігі-кейінгі жас ұрпаққа өшпес өнеге. Соғыстың қайғы қасіреті мен зардабын ешқашан ұмытуға болмайды.

Ұлағатты ұрпағына аманат етіп қалдырған ұлан-ғайыр жеріміздің және еліміздің тыныштығын сақтау-әрбір азаматқа үлкен жауапкершілік пен зор міндет жүктейді.

Сүйікті Отанымыздың іргесі берік болып, Азат еліміздің аспанын бұлт шалмасын!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ұрпақтар сабақтастығын ұран еткен игі істер өз жемісін беріп жатса, ұл-қызымыздың бойынан ұшқын атқан отансүйгіштік рух егемен еліміздің еңсесін биіктете түсері даусыз. Тек, ендігі ұрпақтың ұшқын атқан өр рухы сұрапыл майдан шебінде, соғыс өртінде емес, өркениет бәсекесінде шыңдалсын!

Рахимова Жансая

У-21к тобы, Экономика, бизнес
және құқық колледжі, Қарағанды қ.
Жетекші: Түсіпбекова Зинаида Ашыққызы

Отан деп соққан жүрегі...

Жатқанда Отан жері отқа жанып,
Тұрғанда туысқандар жауда қалып,
Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасақ,
Жігіттің неге жүрміз атын алып?!
Жұбан Молдағалиев

1941 жылдың 22 маусымның таңы шапағат атып келе жатқан шағы еді... Дала құлпырып көк майса шалғын қыз көйлегіндей желкілдеп, құрбақа шұрылдап, құстары тамылжыта ән салып, шегірткесі шырылдап, адам баласы қолымен жасай алмайтындай табиғи симфониялық таңғажайып кез еді. Осындай мамыражай кеңістік тыныштығын кенеттен шыққан мотоциклдің, машинаның және танктың қосыла шыққан гүрілі әлем-тапырық етті.

Бұл - басқыншы Германияның Кеңес Одағына жарияламай, тарихта болмаған күшпен басып кіруі еді. Бұл кезеңде қазақ елі Ресей мемлекетінің отаршылдығында болатын. Жалғыз қазақ емес, тағы да оннан астам мемлекет Ресейге бодан еді. Сол уақыттағы идеологиялық саясат өте қатты қарқынмен жұмыс істегені соншалық, осы соғыстың алдында ашаршылықтан қазақтың жартысы қырылғаны, жазықсыздардың репрессияға ұшырап, атылып түрмеге қамалғаны, тағы басқа зардаптарға қарамастан сол сәтін "ең бақытты елдің азаматтарымыз" деп мақтаныш тұтты. Ақиқатты білетіндер болса, олар үнсіз қалды. Өйткені, қылышынан қан тамып тұрған қанішер Сталиннің жандайшаптарынан зәрезап болғандар бір-біріне сөз айтудан үркіп сақтанатын. Дегенмен, тарихтың аты тарих. Жоғарыда айтылған он бес мемлекет КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы) деп аталды. Біз енді сол мезеттегі ата-бабаларымыздың, ана-әжелеріміздің көзқарасымен бағамдасақ, ол кісілердің жан дүниелеріне ене алсақ, тарихқа әділеттікпен қарау болып табылады. Өйткені ол кісілер астанасы Мәскеу болған он бес мемлекет "бір тудың астында бауырмыз", - деген ұранға бек сенген болатын. Сондықтан фашистік Германия Украинаның шетін басып кіргенде, елімізге жау баса-көктеп енді деп, ел басына күн туған алмауыт заман жеткен шақты Ұлы Отан соғысы деп жариялады.

Еркек кіндіктілер жаппай соғысқа аттанды. Ауылда жас балалар, қариялар және әйелдер улап-шулап қала берді. Ауыр жұмыстың тауқыметі енді соларға түсті. Қаланың, ауылдың барлық ауыр жұмыстарын тылда қалған қарапайым халық атқарды. Олар таңнан кешке дейін тынымсыз еңбек етті.

Сол азаматтардың ерен еңбектерін 71 жыл бойы мыңдаған том кітаптармен толассыз айтылу арқылы тауыса алмай келеміз. Салыстырмалы түрде қарасақ, сол қария, жас балалар, әйелдердің еңбегі қан майданда болғандардан бірнеше есе асып түсер еді. Жауынгерлерді қарумен де, тамақпен де, киіммен де қамтамасыз еткен солар болатын.

Ал енді сол сұрапыл соғысқа жан аямай қатысқан қазақ елінің майданға қосқан үлесі де өте зор болды. Толарсақтан қан кешіп, қыстың аязында, күздің ызғары мен көктемнің суық жауынның астында діріл қағып жүріп, окопта түнеп, қарша бораған оққа қарсы ұмтылып, қыршынынан қиылып немесе қол-аяғынан айырылып, қаншамасы мүгедек болып қалды. Отанға деген ыстық махаббаттары берік болғандықтан осынау адам төзгісіз таукіметтің бірі де оларды мұқалта алмады. Тіпті жігерлерін шыңдап, өмірге деген құлшынысын арттыра түсті.

Солардың ішінде аты аңызға айналған батырларымыз да болды. Атап айтсақ, Рақымжан Қошқарбаев атамыз. Бұл кісі қырғынды төрт жылдан кейін фашистік Германияны тізе бүктіріп, Рейхстагқа алғашқы ту тіккен адамдардың бірі. Осынау ерлігі үшін "Кеңес Одағының батыры" деген ең жоғары атақпен марапатталды. Бұл - біз үшін үлкен мақтаныш. Одан соң, соғыстың алғашқы жылдарында қоршауда қалған дивизиясын біліктілікпен, алғырлықпен аман алып шыққан, кейінгі ұрпақ үшін аты аңызға айналған - Бауыржан Момышұлы. Бауыржан атамыздың көзі тірісінде ол кісінің өшпес ерлігі жайлы бірнеше том кітап жазылып шықты. Соның бірі Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» атты атақты кітабы. Өзі қайтыс болған соң "Кеңес Одағының батыры" атағы берілді. Дегенмен атамыз еліміздің жоғары наградасы - "Халық қаһарманы" атағын көзінің тірісінде алуы қуанарлық жағдай. Біздің батыр аталарымызбен қатар қазақтың батыр қыздары да елі үшін қан майданда жантүршігерлікпен шайқасты. Олар Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова. Сол үлкен соғыста өз еркімен майданға сұранып, шет жерде "Кеңес Одағының батыры" деген жоғары атаққа ұсынылуы біз сияқты қазақ қыздары үшін үлгі-өнеге. Олардың қайсарлығы, Отанына деген ыстық сезімдері бізді қанаттандырып, масаттандырып, жүрегімізде үлкен мақтаныш сезімін тудырады.

Ал енді үйінде жатып, оқты жауынша нәсерлетіп, немістерге ауыр соққы берген адамды білесіздер ме? Ол – сол уақытта жүз жасқа жетіп қалған атамыз – Жамбыл Жабаев. 1941 жылдың күзінде неміс әскері айтса адам сенбес қалың қолмен келіп Ресейдің Ленинград қаласын (қазіргі Санкт-Петербург) қоршауға алды. Бұны кейін «Ленинградская блокада» деп атады. Екі жарым жылға жуық қоршауда халық өте ауыр шығынға ұшырады. Аштықтан ит пен мысық жеген сәттер де тіркелді. Қақаған қыста көшеде ауру мен аштықтан өлген адамдар шашылып жатты. Осы тұста қарт бабамыз «Ленинградтық өренім» деген жыр шумақтарын жолдады. Ол өлең Ленинградтың барша көшелеріне ұран ретінде ілінді. Бұл өлең қоршаудағы

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

кала тұрғындарына да, совет әскерлеріне үлкен күш жігер беріп, рухтарын күшейтіп, іштерінен жеңіске деген сенімдерін арттырып, жауға жігермен ұмтылып, жеңіске жетуге үлкен септігін тигізді.

Бородино селосының маңында Төлеген Тоқтаров немістердің штабына көзсіз батырлықпен басып кірді. Осы ерлігі бағаланып «Кеңес Одағының батыры» орденіне ие болды.

Біздің батырларымыз әуеден де жаудың есін шығарып үлкен шығынға ұшыратты. Олар екі дүркін «Кеңес Одағының батыры» атағын алған Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский сияқты даңқты батырлар.

Генерал-майор И.В. Панфилов басшылығымен Мәскеу түбінде қалың жауға тосқауыл болған 28 панфиловшылардың батырлығы мен ерен ерлігі аңызға айналған. Олардың барлығы дерлік қазақстандықтар еді. Тізіп жаза берер болсақ, мақтан тұтар батырларымыз өте көп. Айқас алаңында өшпес ерлік жасаған 500 қазақ «Кеңес Одағының батыры» атағын алды. Бұл батырлық осы Ұлы Отан соғысында тосыннан келмеген еді.

Қазақ хандығы құрылғаннан бері осы ұланғайыр жерді аттың жалында, түйенің қомында, найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап аман алып қалған ата-бабаларымыз бен ана-әжелеріміз еді. Сол қанымызға сіңген батырлық үлгісімен осы соғыста тағы бір дәлелденді.

Қазір бір Алланың арқасында ата-бабаларымыз өз жандарын беріп, қасық қаны қалғанша арпалысып, ұрпақ үшін күрескен арман тілектері қабыл болды. Еңбек үміттері ақталып, біз бақытты елде яғни, тәуелсіз, баянды, бейбітшілік жайлаған, гүлденген Қазақ елінде өмір сүріп жатырмыз. Біз соғыспасақ та сол бабалар ерлігін, елдігімізді мақтан етеміз. Еңбегімізді қазақ елінің бай қуатты, бақ дәулетті, алдыңғы қатарлы мемлекетке айналуына арнаймыз, жан-тәнімізбен тер төгеміз және соған бек сенеміз!

Рыспаев Мақсат

9А сынып, Қарағанды қаласының
№82 жалпы білім беретін орта мектебі .
Жетекші: Битимбаева Карлығаш Оразбековна

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері біраз уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлауы керек еді, дегенмен де аталарымыздың қатары азайып, барларының өзі қартайып, уақыт өз әмірін жүргізуде.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

-деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Сол аталарымыздың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргеңді Ел,

Ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нүрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ елі басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Шығыс қыздары Мәншүк пен Әлия –мәңгі ел есінде. Қаршадай қыз еш қорықпай жауды қыра берді. Қанша ән арналсада, қанша жыр арналсада аз көрінеді.

Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамызды айтпай кету- күнә. Қазақ халқы үшін, қазақ жастары үшін Баукеңнің еңбегі зор.

Қазіргі уақытта адам баласы адамгершілік, парыз, ар –деген ұғымдарды білсе де, түсіне бермейді. Себебі, қазіргі жастар тым ұсақталып кеткендей. Бұның дәлелі мектептерде Бауыржан атамыз туралы сынып сағаттар, өмірі туралы мәліметтер аз. Қазіргі біз сияқты, жастарға өз тарихын, өз елінің өткені туралы білуі тиіс.

Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде",- демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Сагинтаев Карим

5 сынып, «Теміртау қаласының №24 ЖББОМ» КММ
(орыс тілді мектеп)Қарағанды облысы
Мұғалімі: Анарбаева Фарида Сметовна

Ұлы Жеңіске - 71 жыл!

Ел үшін аянба – ерлігіңе,
Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын!
Бауыржан Момышұлы

Міне, Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да – 71 жыл толып отыр!
Яғни, біз 71 жыл бойы бейбіт өмір сүріп жатырмыз.

Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні, дәл осы шаттық хабарды естіп,
бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан
лүпіл қақты...

Кеңес Одағының халықтары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста -
1418 күн мен түндерді, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған миллиондаған
адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Сонда да,
Берлиндегі Рейстах қамалының үстінде Жеңіс туы желбірей көтерілді.
Осы Жеңіске Қазақстаннан шыққан қаһарман жауынгерлердің қанымен,
жанымен, мына – жарық өмір үшін аянбай ұмтылған үлестері мол еді.

Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты.
Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында
«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН» мемлекеті орын тапты. Кеңес халқының Ұлы
Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Біздің
қазақстандықтардың қосқан ерлік- үлестерін біз мақтан етеміз.

Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың
болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухына
тәрбиелейді. Олардың ерлігіне тағзым етіп, бас июіміз қажет. «Өз халқын
құрметтеп, сүймеген адам – опасыз оңбаған адам» деп Бауыржан Момышұлы
атамыздың айтқанынан, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен
алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағандығы өз халқын
сүйетіндігінен болса керек.

Ер есімі – ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ
емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, құрметтейді. Біз өз
аталарымыздың ерлігін мақтан тұтамыз! Өйткені, олар біздің бақатты
өміріміз үшін, Отанымыздың гүлденіп, дамуы үшін - қасық қаны қалғанша
күресіп, бізге Жеңіс сыйлады. Бұл, Жеңістің басты себебі, әрине, Отанға
деген сүйіспеншілік, қайтпас қайсарлық, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті.
«Өз Отанын жан – тәнімен сүю – адамшылдықтың асқар шыңы», - деп орыс
ақыны Г. Белинский айтқандай, менің атам да өз Отанын жан – тәнімен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

сүйгендіктен Отанын қорғауға Ұлы Отан Соғысына аттанады. Шын мәнінде, мен өз атамды мақтан тұтамын!

Соғыстың кенеттен басталуы Қазақстан халқына да жойқын соққы болды. Бұл – біздің елімізге төнген үлкен қауіп- қатер, әрі сын еді. Отанымызды қорғауға жасы да, еңкейген кәрісі де аттанды. Осы соғысқа менің анамның атасы, менің үлкен атам да қатысқан екен. Ол кісі 1943 жылы соғысқа шақыртылыпты. Оларды Қарағанды қаласынан таң ата батысқа қарай ала жөнеліпті. Әрбір станцияда оларға жергілікті халық қолдарында бар тамақтарын беріп, ақ ниеттерін білдіріп, жеңіс тілепті. Барар жерге жете салысымен бірден ұрысқа кірісіп кетіпті. Ұлы Отан, қан майданда отыз жеті ай болыпты. Өйткені, атам елге соғыс біте сала оралмаған. Біз мұны атамыздың соғыс кезінде жазған күнделіктерінен оқыдық. Күнделік, атамның қызында сақталған екен. Менің бүгінгі күнде бақытты өмір сүруіме өз үлесін қосқан атамды мақтан етемін! Анығырақ айтқанда, мен нағашы бабамды мақтан тұтамын!

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар»,- дей келе, Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына орай ата – бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашығымыз жасаған ерліктерін мәңгі есте сақтап, әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын ала алатыны және ұрпақтарға өнеге болары сөзсіз. Мәңгі Жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді ұмытпай, жүрек түпкірінде сақтаймыз!

Сағынбаев Ерқанат

Екібастұз жалпы орта мектебінің 8-сынып оқушысы

Адал ұл ер боп туса-ел тірегі

Отанға деген сүйіспеншілік- еліміздің, оның кемелдүрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік. Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп, қалдырған басқа қаламгер жоқ! Ол «өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу- сатқындықтың белгісі. Ел дегенде адал қызмет еткен.

Отан үшін отқа түс,- күймейсің. Опасызда Отан жоқ. Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды»,- дейді... - Біздің халқымыз, әсіресе жастар осы қағидаларды естерінде ұстаса деймін.

Нұрсұлтан Назарбаев

Отан үшін отқа түскен аталарымызға деген алғысымды ақ қағазға түсіруді жөн көрдім. Мен соғыс туралы алғаш ақпарат құралдарынан, кинофильмдерден көргенде жанымның түршігіп, көзіме жас алғаным әлі де есімде. Кейін ата-әжемнен, ата-анамнан, ұстаздарымнан сұрағанымда, олар: «Құдай бетін аулақ қылсын, сендер соғыс деген зұлым сөзді естімеңдер, алапат соғысты көрмеңдер!» деп соғыс туралы айтып бергендері жадымда сақтаулы.

Жеңіс деген- жақсылықтың сыңары,
Жігер менен құштарлықтың құралы.
Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Өздеріңіз білетіндей, биыл Ұлы Жеңістің 71 жыл мерейтойы! Осыдан тура 75 жыл бұрын таң алдында тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасын ұрланып өткен жау оғымен ғаламат, сұрапыл соғыс басталған еді. Бұл соғыс тек тәтті ұйқыны ұрлаған жоқ, ананы баласынан, жарынан айырса, ақын, инженер, ұстаз болам деген бозбалалар мен бойжеткендердің арманын ұрлады.

Еліміздің жауынгерлері қасықтай қаны, шыбындай жаны қалғанша жаумен шайқасты. Олар батырлықтың, батылдықтың, қайсарлықтың үлгісін біздерге үлгі етіп көрсетті. Әлі күнге дейін қанды соғысты ешкім де ұмытқан жоқ. Соғыс өрті, мұңы халықтың есінде.

Ұлы Отан соғысы – жас ақын-жазушылардың творчествосына бүтіндей өзгеріс жасап, жаңа бағыт берді. Жігерлі, талапты, алғыр жастар ел басына ауыр күн туған кезеңде құрыштай шыңдалып, ширай түсті. Олар келешекке зор сеніммен қарап, Отанды қанды балақ жаудан қорғауға үндеген отты сөздері, рухты өлеңдері мен шығармалары кең – байтақ Совет Одағының

түкпір- түкпіріне тарап жатты. Еліміздің отаншыл жастарының қаламынан терең мағыналы, мәнді туындылары дүниеге келіп жатты. Қаламы мен қаруын қатар ұстаған ақын-жазушыларымыз Б.Момышұлы, Б.Бұлқышев, Ә.Нұршайықов, І.Есенберлин, Қ.Қайсенов, Мәлік Ғабдуллин, жерлесіміз Қ.Бекхожин және тағы басқа майдангер батырларымыздың ерлігі мен өнегесі баршамызға аян.

Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,
Менде де жан бар, менде де ар бар жан тебіrentкен.
Халқымның қарапайым бір ұлымын,
Жанымды арым үшін құрбан еткен»,

-дегенжолдарарқылы
Бауыржан Момышұлы өзінің адами, азаматтық болмысын бір ауыз өлең жолымен танытқан.

«Бауыржан Момышұлы тек атақ -даңқы шыққан батыр ғана емес, терең ойлы, өзіндік пікір толғанысы бар, алғыр да тапқыр, білімді азамат» деп бағалаған қазақ халқының заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов.

“Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті” деген екен даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы. Сол сұрапыл жылдары Кереку өңірінен талай боздақ соғысқа аттанса, кейбіреулері ұрыс даласында ерлікпен көз жұмған. Ал, хабар-ошарсыз кеткендері қаншама?!

Есімі Ертіс өңіріне кеңінен таныс Кеңес Одағының Батыры атанған керекулік майдангер ұстаз Серікбай Мүткенов, Қанаш Қамзин, Құдайберген Сұрағанов, Баймолдин Әбілқайыр көпке үлгі, мақтан.

Қазақта: «Ер елі үшін туады, елі үшін өледі» деген қанатты сөздің күдіреттігін айтсаңызшы! Соғыс жылдарында жау өртіне шарпылып, елі үшін жанын құрбан еткен аталарымызға қандай сый-құрмет көрсетсек те, артық емес екені хақ.

Қазақстанның әр түпкірінде батырларымыздың ерлік өмірлерін насихаттау, жас ұрпақ санасына сіңіру бағытында көптеген іс-шаралар аталынып өтті. Атап айтсақ, жапон соғысына қатысқан Беков Сембі майдангер атаның жұбайымен кездесу - сұхбат өтті, технология пәнінің мұғалімі Р.Солтанова апайдың бастауымен қолөнер жұмыстарының сайысы, достарымның жазған шығармалары, танымдық-патриоттық бағыттағы тәрбие сағаттары, суреттер көрмесі жүйелі ұйымдастырылып, тағылымды кештер өткізу - жоспарда бар.

Жапон соғысы ардагерінің жұбайы – Зоя апайдың біздерге берген ақыл-кеңесі еріксіз есіме түседі: «Әр адамның рухани байлығы-Отанға деген сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі... Бұл байлыққа ие болған жастар ғана Отанның қадір-қасиетін түсіне алады. Ал, егер мұндай сезім жүректерінде болмаса, Бауыржанша, «опасыз» болғаны»дегені.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ержүрек, батыл, намысқой ерлеріміздің өмірінен үлгі алған біздер-ертеңгі күні пайым-парасаты биік тұлға азамат болып ер жететініміз анық. Біздер үшін , елі үшін, келешек ұрпақ үшін өнегелі ерлік істердің батырларына сәбилік жүрегіміздің ұядай орынында қалатынын жақсы білемін.

Садуова Мейрана

7 сынып, №12 ЖББОМ

Қарағанды облысы, Октябрь ауданы

Жетекшісі: Елеусизова Акку Канатовна

Ұлы Жеңісті жүрегімізде сақтаймыз!

Орағың өткір болса,
Қарың талмайды.
Отаның берік болса,
Жауың алмайды

Соғыс, соғыс! Қандай қатал, қандай зілді, ауыр батпаны бар сұрапыл айкастың мағынасын ашатын ауыр сөз десеңізші. Осы бес әріптен тұратын қасіретті көп сөздің астарында қаншама тағдыр, адамның көз жасы мен талай адамның басынан кешкен елеулі оқиғасы тұр. Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып – жоюға бағышталған. Адам, адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Гитлердің жер бетінде тек асыл текті неміс халқы ғана өмір сүруі қажет деп, өркөкіректік пен шектен шыққан менмендікке бағытталған зұлым саясатының салдарынан тұтанған алапат соғысқа тек қазақ жерінен ғана аттанған мыңдаған қазақ қайтып еліне оралмады. Олар соғыс жылдарында Отанын, туған жерін жаудан асқан ерлікпен қорғай білді.

Миллиондаған боздақтар майданда шейіт болды. Біреуі әкесінен, ал біреуі жарынан, қанаты қатып, бұғанасы бекіп болмаған бауыр еті баласынан, отбасы ошақ қасынан айырған қанды айкасты ұмыту, сірә мүмкін емес. Ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген халық, ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді білмеді деп айтсам артық айтқаным емес. Көзбен көріп, жүрекке түйген адамдар үшін еске түсіру бүкіл тұла бойыңды шымырлатып, жаныңды түршіктіріп, көзіңе жас үйіретін оқиға екені айдан анық. Әрине, осындай ардагерлеріміздің де саны азайып бара жатқаны жүрегіңді сыздатады.

Біздің тарихымыздағы елеулі оқиғаның бірі - Ұлы Отан соғысы. Бұл 1941 жылдан 1945 жылға дейін созылған елдің басына туған қайғылы күн еді. Соғыс киліктірген ауыр қасірет пен қайғы шер бүкіл халықтың басына түсті. Осы соғыс адамның өміріндегі ең қиын, ең ауыр жылдар болды. Менің білуімше соғыс деген сөздің мәнінде қасірет, қиыншылық, азаматтық ар-

намыс тұр. Бізге бейбіт өмір сыйлаған, елі мен жерін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған ата-бабаларыма мың да бір алғысым шексіз. Бар өмірін болашақ ұрпағы үшін елі мен жерін азат ету барысында кеудесін оққа төсеген, намысты қолдан бермеген батырларымызды, аяулы да асыл қыздарымызды мақтан етемін. Олар бізге, кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге көрсетіп елдің мақтанышына айналған мықты батырларымыз біздің жүрегімізде мәңгі сақталмақ. Қасықтай қаны, шығар шықпас жаны қалғанша арпалысып, жан түршігерлік оқиғаны басынан кешірген кең пейілді адамдарды ұмыту, білмеу тарихымызға үлкен сойқан келтірумен пара –пар. Ердің ерлігін елі бағалайды. Туған Отанының тәуелсіздігі, оны мекендеген көп ұлтты халықтың бостандығы жолында аждаһадай аранын ашқан жауға қарсы тұра білген Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бегилдинов және тағы басқа мықты батырларымыз бар. Ердің ері шыдайтын, жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Ел басына күн туған қиын – қыстау күндерде азамат жүгін арқалап мыңдаған қыз келіншектері уақыт сынынан, тарих талқысынан сүрінбей өтті. Аяғына солдат етігін киіп, Отанымыздың астанасы Мәскеуден Берлинге дейін шеру тартты. Рейхстагта желбіреген Қызыл Туда қазақ әйелдерінің де даңқ жолы, ерлік дастаны бар. Оны бір мақала, бір кітапқа да сыйғызу мүмкін емес. Қазақ даласының қос сұңқары Әлия мен Мәншүкті бүгін кім мақтан етпейді. Бүкіл дүниежүзі жырына қосып, ерлігіне бас иді.

Сол сұрапыл соғыста менің нағашы апамның анасы болған. Өз көзім үлкен әжейді көрмесем де естіп, білгенімді жазу жөн деп санадым. Аты жөні: Имангулова Шәмшінахар Менғызы. 1914жылы Уфа қаласындағы Чичменский ауданында дүниеге келген. Шәмшінахар әжей 1941 жылы соғысқа аттанып кетіпті. Ол кезде әжем Бауыржан Момышұлын таниды екен. Шәмшінахар әжем сол Бауыржан ағаның қол астында жұмыс істеп, қолынан келген көмегін аямаған. Әжемнің мамандығы дәрігер болса керек. Содан Бауыржан ағай оны жарақаттанып алған адамдарға көмектес деп міндет жүктейді екен. Әжем өзінің міндетін жақсы атқарып, бәріне көмектесіп жүргенде бір күні қасында жүретін құрбысына оқ тиеді. Сосын әжем құрбысына ем-домын көрсетіп жатқанда ойда жоқ жерден оң жақ көзінен жарақат алады. Бұл тұтқиылдан келген оқ жаудыру болатын. Осы жерде екеуі де бірдей ауыр халде жатып, әжем өз-өзін қолға алып, Бауыржан ағай жүктеген міндетін атқара бастайды.

Осы кезден бастап, әжем бәріне көмектесіп, қолдау көрсетеді екен. Мен Шәмшінахар әжемнің осындай ерен еңбегін мақтанышпен айтамын. Өзі ауыр халде болса да өз қара басының қамын ойламай, басқаларына көмектесіп, барынша қолдау көрсетіп жүректеріне үміт отын жаққан бірден бір адам ол менің әжем. Әжем өзінің ауыр халде жатқанына қарамастан Бауыржан Момышұлымен бірге Мәскеу, Балакарзан қалаларында бірге

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

соғысқа аттанған. Мен осындай әжем бар болғанына, ерлігі үшін, тірлігі үшін мақтанамын. Әжем өз міндетін адал атқарған деп, бәрін маған атам әңгімелеп берді. Соғыс 1945 жылы бітсе, ал менің әжем сол жақта тағы да бір жыл қалып, жарақаттанып, ауырып ,ауыр халде жатқан адамдарға көмектесіп жүрген екен. Әжем сол жерде барлық адамға бірдей қарап, қамқорлық танытқан ақ халатты абзал жан болды деп айтсам артық емес деп ойлаймын. Осы Шәмшінахар әже 1980 жылы 76 жасында қайтыс болды. Соғыс зардабын көрген әжемнің жаны жәнатта болсын демекпін. «Отан үшін отқа түс-күймейсің» деген осы болар...

Міне, Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толып, бейбітшілік заманда өмір сүріп отырмыз. Бірлігі мен татулығы жарасқан елде өмір сүргенге не жетсін. Біз бақытты ұрпақпыз. Барлық адамзат мейірімді, бір – біріне түсіністік танытып, қанағатшыл болса соғыстың ұшқыны байқалмас еді. Жеңісті күнге жеткізген намысшыл ерлерге, жаны нәзік жандарға бүкіл болашақтың туын биік тұғырға жеткізетін жастардың атынан тағзым етемін. Әрқашан еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Сейітова Арайлым

8 сынып, №1 орта мектеп,
Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы
Жетекшісі: Абубакирова Сара Манарбековна

Соғыс берді аналарға жесірлік,
Дей алмаймыз «Санамыздан өшірдік»
Боздақтардың қаны судай төгілген
41- де көрмеді жұрт не сұмдық?

- Иә, миллиондаған адамның өмірін жалмаған, әрі мерейін үстем еткен соғыс халық санасынан ұмтылған жоқ. «Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздықпен су ішкен» ауыр сын кезеңде біздің ондаған мың жерлестеріміз кешегі ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін, жер бетінде бейбіт өмір орнауы жолында кеуделерін оққа тосты. Табаны күректей 1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысы ел басына ауыр сын болып төнді. қаншама ана баласынан айырылып қалғанымен, қанша бүлдіршін тұл жетімге айналғанымен қайғы жамылған ел-жұрт еңсесін түсірмеуге тырысты. "Бәрі майдан үшін, бірі Жеңіс үшін!" деген жалынды ұранның заңға айналған тұсы еді. талай боздақтар қанқұйлы жауға қарсы аттанды, талайы майдан даласында ерлікпен қаза тапты. Соның ішінде ерекше атап өтетін халқымыздың батыр ұл-қыздары да бар. Ұлы Отан соғысы жылдары КСРО бойынша 11600-ден астам адам ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алса, соның 497-і қазақстандықтар, ал қазақтар 97 болды. Ұлы Отан соғысы жылдары ең алғаш Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандық жауынгер К. А. Семенченко еді.

Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңес Одағының Батыры атағын алған ең жас қазақ жауынгері 18 жасар Ж. Елеусізов еді. Қатарлары күн санап сиреген майдангерлердің салмағы күн санап арта түскенін де сеземіз. Отанымызды жау оғынан, дұшпан табанынан қорғаған қарт жауынгерлердің саны туған жерім Жезқазғанның өзінде де күн санап кемуде. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз! Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне биыл 71 жыл толады.

Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі.

Қорған болған елінің елдігіне,
Батырлардың бас идік ерлігіне!
Ұрпақтары қаһарман бабалардың,
Тәуелсіздік қамалын көрді міне!

Тайжанова Дильназ

Қарағанды қаласы
№ 82 ЖББОМ, 8Ә сынып
Жетекші: Қазыбаева Ж.Қ.

Ұлы Отан соғысы

Ұлы Отан соғысы (1941—1945) — Кеңес Одағының нацистік Алманияға және оның еуропалық одақтастарына (Мажарстан, Италия, Румыния, Финляндия, Словакия, Хорватия) қарсы жүргізген соғысы; Екінші Дүниежүзілік соғыстың ең маңызды және шешуші бөлігі. «Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылғы шілденің 3-інде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде «ұлы» және «отан» деген сөздерді бөлек-бөлек, бір-бірімен байланыстырмай қолданды.

XX ғасырдың алапат соғысы Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Ұлы Отан соғысы болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтардың қолдарына қару бермей, ауыр тыл жұмыстарына алса, Ұлы отан соғысы кезінде Қазақстандықтар қолдарына қару алып бір кісідей майданға барып Отан қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге арзанға түспегені әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кеткені баршаға аян. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үніліп қарасак, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы дүниежүзілік капиталистік қоғамның дамуына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Соғыстан Франция, Ұлыбритания әлсіреп шықты. Германия, Италия және Жапония жеңілді. Соғыстан Америка Құрама Штаты байып шықты. 1945 жылы атом бомбасын жасап шығуының нәтижесінде дүниежүзіндегі бірден-бір күшті елге айналды. КСРО соғыстан қираған және бүлінген экономикасын қалпына келтіру үшін күресіп жатты. АҚШ дүниежүзілік үстемдік үшін күресті.

Капитализмнің экономикалық-әлеуметтік дамуында монополиялық капитализмнен мемлекеттік-монополиялық капитализмге өтті. Жалпы капитализм әлеуметтік қоғамға айналып, қайырымды мемлекет саясатына көшті. Мемлекеттік реттеудің негізгі үлгісі либерал-реформалық жүйеге сүйенді. Көптеген капиталистік елдерде экономика национализацияланып, мемлекеттік меншікке айналды. XX ғасырдың екінші жартысындағы капитализмнің дамуы қазіргі кезеңдегі капитализмнің сипатын анықтады. Қазіргі капитализм нарықтық, рынок пен өндірісті корпоративтік реттеуге көшті. Қазіргі кезеңдегі капитализм мемлекеттік-корпоративтік және әлеуметтік қоғамға өтті.

Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы адамзат баласының тарихи дамуында соғыстың сабақтарын әр уақытта естен шығармай, бейбітшілік үшін және ХХІ ғасырда үшінші дүниежүзілік соғысты болдырмау үшін күресу керек екендігін жоққа шығармайды. Соғыстың қорытындысы мен сабақтары осыған үйретеді.

Тайлақбаева Данагүл

10 сынып «№7 ЖОББМ»КММ

Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласы

Жетекшісі: Нуридинова Бибалима Шариповна

Елін қорғау-елге сын

Ұлы Отан соғысының ерлік шежіресі шексіз. Кеңес халқының фашизмге қарсы қасиетті соғыс тақырыбы оқырман жүрегін әрқашан толғандырады. Танкінің гүрілі жер жарып, ауыр зеңбіректерді сүйреп, айналаны шаңға бөктіріп, аттылы-жаяуы аралас үздік-создық шұбатылған әскердің алды биік дөңнің басына шыққанда, арғы беттегі жартылай қираған, үстін түтін аралас қалың тұман басып жатқан қасіретті соғыс алаңы тым аянышты. Ерлік керек десеңіз... Соғыс. Атауының өзі-көз алдыңызға жетім бала, жесір әйел, берекесі кеткен жұрт, қара қағазды елестететін қасірет. Соғыс қасіретпен қоса қасиетті де әкеледі. Ерлік, Отанға деген махаббат, рух, намыс, жігер барлығы да осы соғыс кезінде пайда болады емеспе? Иә, біз соғысты көрген жоқпыз. Бірақ ата-әжелеріміздің әңгімелерінен соғыстың не екенін біліп, түсініп, жанымыз түршігеді. Болашақ ұрпақ үшін жанын қиған ата-бабаларымыздың ерліктері жылдар тұрмақ, ғасырлар өтсе де, ұмытылмастай тарихта жазылып қалды.

Екінші дүниежүзілік соғыс-адамзат тарихындағы ең ірі жанжал, ең ірі шиеленіс. 1941 жылы 22 маусымда гитлерлік Германия тұтқиылдан Кеңес Одағына қарсы соғыс бастады. Германияның КСРО-ға шабуылы бастала салысымен, Кеңес Одағының басшылары В.М.Молотов және И.В.Сталин өздерінің сөйлеген сөздерінде бұл соғысты Отан соғысы, кейіннен Ұлы Отан соғысы деп атады. Соғыстың бірінші сағатынан бастап бірнеше мың шақырымға созылған кеңес-герман майдан шебінде кескілескен шайқастар басталды. Осы кезден бастап-ақ гитлерлік әскерлер жергілікті тұрғын халық пен Қызыл Армия әскерлерінің қарсылығына тап болды. Бірақ гитлерлік әскерлер Литваны, Молдавияны, Эстонияны, Белоруссия, Украинаның көп бөлігін жаулап алды. Ресей Федерациясының батыс облыстарына баса көктеп кіріп, Ленинградқа, Смоленскіге, Киевке қатер төндірді.

1942 жылы жазда неміс-фашист әскерлері кеңес-герман майданының оңтүстік бөлігінде шабуылға шықты. Сталинградта үш ай бойы кескілескен шайқас болды. Кеңес Одағының әскери басшылығы Сталинградтың стратегиялық маңызы зор екенін сезіп, әрбір қадам жер үшін шайқасты.

1941-1945 жылдарда болған соғыста қазақ халқы өз рухын түсірмеді. Миллиондаған сарбазға көмек үшін елде қалған туған-туыс, әкешесі, асыл жар, білек сыбана тылда еңбек атқарды. Тыл даласында күндіз-түні тыным таппай, егін егіп, қара жұмыс атқарған қазақтың мықтылығына қайран қалмасыңа амалың қалмайды.

Майдан қызу жүріп жатқан кезінде де жерлестеріміздің тынымсыз тер төккен тылдағы еңбегі мен ерлігі, тыныс-тіршілігі, сонымен қатар жергілікті басқару органдарындағы атқарылған маңызды шаралар туралы құнды деректер күні бүгінге дейін мұрағатымызда сақтаулы. Еліміздің өткен өміріндегі бел-белестеріне ойша көз жіберсек, Ұлы Отан соғысының отты жылдары еске түседі. Иә, бұл бір халықтың басына туған қиын-қыстау, сұрапыл кезең еді. Майдандағы жауынгерлер де, тылдағы еңбеккерлер де бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бүкіл халқымыз жеңіс үшін қажеттінің бәрін істеді. Майдан мен тылдың осы іс әрекеті сол ұлы Жеңісті әкелді.

Тыл ардагерлері-мақтаншылықтан аулақ жандар. Соғыс жылдарында еңбек еттік, жоқшылық көрдік, жан азабын тарттық деп ешкім міндетсінбеді. Біреуге алақан жайып жалынбай, еңкейіп құлдық ұрмай-ақ қанағатшыл болмысымен өмірден өткендері де аз емес. "Тылдағы еңбек болмаса, майданда жеңісте болмас еді" деген болатын хас батырымыз Бауыржан Момышұлы. Қазақстандықтар соғыстағы жауынгерлерге 2,5 миллион жылы киім жіберді. Сонымен қатар майдандағы жауынгерлерге арналған жеке және ұжымдық сыйлықтары бар 1600 вагон жеткізілді.

1941 жыл ақпандатқан,
Сыртта аяз.
Ауылды ақ қар жапқан.
Үңірейген үрей тұр соғыс дейтін,
Алапат аспан, жерді аттандатқан.
Аттан, әке
Таныс қой күрес саған,
Күресуі керек қой күші бар жан.
Неге бізге үмітсіз тесілесің?
Аттан, әке
Жолыңнан кешігесің.
Кеудесінде шыбыны бар паңырлар,
Тауып жейді сенсіз де несібесін.
Жалынған ғазиз Анам, сұрап қалған,
Жоғалды сол бетімен бірақ та арман.
Сенбеймін әкең өлді дегенге мен,
Себебі ол үйімізден тірі аттанған...

-деп артта қалған бала-шаға, інілер жылап қалды. Бірақ сол-бір көзден аққан жастың соңы қуанышпен аяқталды.

Неміс жендеттерін талқандаған, күллі Кеңес Одағы халқына зор қуаныш сыйлаған 9 мамыр келді. Ұлы Жеңістің жалауы желбіреген күнде

туды.Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз,ардақты ардагерлеріміз қуаныштан көздеріне жас алды.Бүгінгі мамыржай тыныш өмір аталарымыз қалыптастырған бірлік нәтижесінде келгені белгілі.Әуеде ұшқыш,жерде танкист,теңізде-теңізші,окопта әскер,блиндажда байланысшы және тылда еңбеккер-бәрі де Ұлы Жеңіс үшін қараниет арам пиғылды фашист оғына өз кеудесін тосты.

Уақыт өткен сайын кешегі күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары да арасын аулақ салып,алыстап барады.Бірақ қаншалықты алыстағанмен ол көңілден кетіп,жүректерден өшпек емес.Өйткені ол соғыс қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп,өмірін өксітіп кетті.Сондықтан да жыл сайын мамыр айының 9 жұлдызында сол сұрапыл соғыстағы Жеңіс күні айрықша атап өтіледі.Және ол жалпыға бірдей халықтық мереке болғанымен,бұл күні әсіресе,кешегі соғыста Жеңіс үшін қолдарына қару алып,майданның алдыңғы шебінде қанқұйлы жаумен шайқасқа түскен соғыс ардагерлеріне көрсетілер құрмет айрықша.Ер есімі-ел есінде мәңгі сақталады.Ешкім де,ештеңе де ұмытылмақ емес.Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді. Біз өз батырларымызды мақтан тұтамыз.Өйткені,олар біз үшін,Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп,бізге жеңіс сыйлады.Бұл Жеңіс әр кезде де батылдық пен ерліктің,қаһармандықтың символы,Отан деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі,ал арадагерлеріміз болашақ ұрпақ үшін,егемен еліміздің тәуелсіздігін қорғаушылардың бәрі үшін жарқын үлгі қалады.Қазір біз болашағы жарқын,бағыты айқын тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз.Бүгінгі ұрпақ бұл азаттықтың қалай келгенін әрине біледі.Қазіргі таңда қаншама елдің бірлігінің бұзылған уақытында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан біздер,шыныменде бақыттымыз.Бұл тәуелсіздік біздің Отанымызға берілген тәңірдің сыйы.Ешкім де,ештеңе де ұмытылмайды.

Тасболатова Ұлжан

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің «Теміртау қаласы № 8 ЖББОМ0» КММ 11 сынып оқушысы
Жетекшісі: Нурмағанбетова Ж.А.

Ұлы Отан соғысына 71 жыл!

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 71 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер - солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Тарихымызда қалған бұл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз аман болсын! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге ала құйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан қаһарлы зұлмат-екінші дүниежүзілік соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымды жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті. Соғыс – уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап. Ұлы Отан соғысы кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Қариялар азайып бара жатқанын, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе? Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе

шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

Ұлы Жеңісті сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл жұмыстарында аянбай тер төккен жандардың қатары сиреп барады. Сондықтан Ұлы Жеңістің авторларын, майдангерлерімізді сыйлап құрметтеу, оларға қамқорлық жасау – басты борышымыз. Осы сұрапыл соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды, қаншама ана, жесір балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Қазір қазақ елді мекендерінде көптеген көшелер, ғиматтар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ұлы Отан соғысы біздің әрбіріміз үшін ұмытылмастай ізін қалдырды. Осы күндерді сыйлаған, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, зұлмат соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлеп ешқашан ұмытылмақ емес.

Төрт жыл, мың төрт жүз он сегіз күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинградта болған ұрыстарда батыл ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті. Польша, Румыния, Венгрия, Чехославакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті.

Қазақ - ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына көзіміз жетеді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль, ордендермен марапатталса, бес жүздей адам Кеңес Одағының Батыры, жүзден астам адам даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар: Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы: мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жау тылында партизандардың қатарында қазақстандықтар да шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлы мен жиырма сегіз панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Миллиондаған адам мерт болды. Миллиондаған адам мүгедек болып қалды. Миллиондаған адам бет алдына босып кетті. Осы жеңіске қаһарман жауынгерлердің ерен ерліктерінің арқасында жеттік. Біз, осы күнге жеткізген, қара түнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. «Ұлы Отан соғысы» және «Ұлы Жеңіс»... Бұл екі сөз бірін-бірі толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс - біздің халқымыздың орасан құрбандықтарымен келген қасіретті арифметика.

Ұлы Отан соғысында қасық қаны қалғанша ел үшін, жер үшін соғысқан ата-апаларымызға мың тағзым! Шығармамды жүрегімді елжіретіп, көзіме еріксіз жас ұялататын Сырбай Мәуленовтың «Соғыстан қайтқан солдаттар» атты өлең шумағымен аяқтағым келеді:

Жаутандап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Біз әрқашанда жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз, бұл күнді әлі талай буын мерекелейтін болады.

Терлікбаев Нұрасыл

Қарағанды қаласы №82 ЖББОМ 7 сынып оқушысы

Жетекшісі: Жамангарина Э.А

Отан үшін, жан берген ерлер!

Қазақ халқы ел басына күн туған қасіретті шақта Отанды қорғауға аттанды. «Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан анасындай, Отанның дегенін істеу – қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты бізде өлшеуге болмайды», - деп Баубек Бұлқышев айтқандай, жаратылысынан ақкөңіл, ақжүрек, батыр, намысты халық өз мүддесінен Отан мүддесін артық қойып, өмірін құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ екенін, Отанға деген махаббатын оыслай дәлелдей білді.

Қазақ деген – батыр халық. Ол еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанда шалқаяды. Шірене қалса, асқар – асқар тауларына сүйенеді, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қолынан қиыстырып жол табар Абылайдай тірілігі бар ел. Қазір өз алдымызға мемлекет болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қаншама ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пίδα етті десеңші! Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығымен көрінді.

Сол кездегі Кеңес Одағы халықтарының тұтасқан бірлігі мен мызғымас достығы, халық пен әскердің жаппай ерлігі Жеңісіміздің кепілі болды. Басынан аяғына дейін құрыштай қаруланған гитлершілдер соғыстың бас кезінде 190 дивизияны, 5 мыңдай самолетті, 3700 –дей танкті, 50 мыңнан астам қару мен минометті шабуылға шығарды. ССРО жеріне басып кірген жау әскерлерінің жалпы саны бес жарым миллион адамға жетті. Оған дейін 12 мемлекетті басып алған және 14 одақтасы болған жау Баренцов теңізінен Қара теңізге дейінгі аралықтағы зор майдан шебінде соғыс ашты. Гитлер және оның төңірегіндегі дүлейлер Кеңес елін «тұтқиыл» шабуылмен талқандап, әлемдегі тұңғыш социалисті мемлекетті құртып жіберуді, совет адамдарын құлға айналдыруды, Кеңес елін герман империализмінің отарына айналдыруды ойлады. Бірақ совет халқы міз бақпай, анталап келген жауға айбындылықпен қарсы тұрды. Халық Коммунистік Партияның басшылығымен өзінің Отанын қорғауға батыл бел буып шықты, әділетті азаттық соғысқа жұп жазбай тұтаса көтерілді, бұрын болып көрмеген

табандылық пен қайсарлық танытты. Осындай сұрапыл соғыс күндерінде халқымыз майдан мен тылда жеңіс үшін керекті жағдай жасаудың ауыр жүгін көтерді.

Майданға кеткен талай мыңдаған жұмысшылармен шаруалардың орнына шексіз қиын, ұйқысыз, ас-сусыз еңбек вахтасында әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Әр отбасының басшысы майданда болды. Сондықтан сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді. «Бір минут ішінде сен соғысқа дейін бір сағатта істегенінді істеуге тиіссің!» деген ұранды ұстанған адамдар қатал тәртіп пен еріксіз жұмыс істеулеріне қарамастан, асқан шыдамдылық танытып, ешқандай қысым көрсетусіз-ақ ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті.

Ер елім, көрсет тағы еңбек күшін,
Еңбекпен қас дұшпанның өрте ішін,
Түр білек, түс еңбекке ту астында
Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін,

- деп халық ақыны Нұрпейіс Байғанин елді майдан үшін еңбек етуге үндегендей, тылдағы жұмысшылар Республикамыздың ауыр өнеркәсіп саласында да адам айтқысыз жетістіктерге қол жеткізді.

Мәселен, осындай қысқа мерзім ішінде Қазақстанның түсті металлургия саласында ондаған рудниктер, шахталар мен байыту фабрикалары ашылды. Содан кейін Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Теміртаудағы металлургия зауыты, Гурьев мұнай айдау зауыты іске қосылды. Кенді Алтай өнімдері, Шымкент қорғасыны, Балхаш мысы, Ақтөбе ферроқорытпалары, Қарағанды көмірі, Ембі мұнайы – осылардың бәрі майдан қажеті үшін жөнелтіліп жатты.

Осындай сұрапыл жылдарда да қонақжай, адал ниетті, ақкөңіл, меймандос халқымыз ізгілік сипатын, адами қасиеттерін жоғалтып қоймады. Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, басқа да республикалардан келген баспанасыз миллиондаған адамдар мен жетім – жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүректен бауырына басты. Басқындармен өз баспанасын да, қолындағы соңғы тілім нанын да бөлісіп жеді. Әрине, мұның бәрі де мақтан тұтарлық әрекеттер, Жеңіске жетуіміздің бірден бір себепшісі.

Балам, сенің бұл халқың –батыр халық,
Батырлығын жауына татырды анық,

- деп ақындар жырына арқау болған халқымыздың батырлығы, ерлігі қан майданда талай рет дәлелденді. Дүниені дүр сілкіндірген осы алапат соғыста қазақтың 497 азаматы Кеңес Одағының Батыры атағын алды, тарихта өшпестей із қалдырды. «Ел шетіне жау тиді» дегенді естігенде Қабанбай, Бөгенбай, Амангелді батырлардың ұрпақтары қолдарына қару

алып, бір кісідей кеуделерін оққа тосуға әзір екендіктерін білдірді, ел үшін өлуге, елін қорғауға ант берді. Қазақ халқының ой – сезімін Шығыс Қазақстан облысындағы «Еңбек» ауыл шаруашылық артелінің колхозшысы Рахым Қондыбаевтың: «Фашистік құзғындар еркіндік сүйгіш халықты құлдыққа түсіруге, жерімізді, малымызды тартып алып, мойнымызға арқан салуға тырысады. Бұлай болмақ емес! Қазақ халқы бойындағы Амангелдінің айбынды рухы өлген жоқ. Біздің даламызда ержүрек жігіттер мен сәйгүлік аттар қашан да бар. Отан соғысында қазақтар құлдыққа түсірушілерге қарсы қасық қаны қалғанша шайқасады деп ант етеміз!» деп қасиетті жерімізге шабуыл жасаған фашистік хайуандардың сұмдық арсыздығынан сырт қала алмайтындығын, басқыншы жауға туған жер топырағын таптатпайдындығын айтқан жалынды сөздерінен көре аламыз.

Жау жағадан алғанда елін қорғау өмірлік парызы деп білген, елін ерлерше қорғап, Отан соғысының лапылдаған отының ішінде қаза тапқан жалынды публицист, ер жүрек жауынгер Баубек Бұлқышев Отанды қорғауды азаматтық борышы деп түсінді. «Өмір сүргім келеді» деп шырылдаған небәрі жиырма сегіз жастағы жауынгер өзінің ерен еңбегі мен керемет батырлығының арқасында дүние жүзіне танылып, үлкен құрметке бөленді. Жауынгер қаламынан шыққан жалынды үн жерлестерінің жанып тебіrentіп, отты жылдарда өз рөлін атқарды, болашақ ұрпаққа айнымас ұран болып қалды. «Біз кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес, бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болсада ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік», - деп еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген, бүкіл әлемді шошытқан халқымыздың біртуар азаматы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлының ел үшін еткен еңбегін айтпай кеткен мүмкін емес.

Даңқы генерал –майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 –атқыштар дивизиясының құрамында Мәскеу түбіндегі ұрыстарға қатысудан басталған Б. Момышұлы тарих сахнасына шықты. Атақты әскер қолбасшысы Б. Момышұлы жарық жолын Жетісудан бастап, Европаның төріне – Берлинге барып ат басын тіреді. Полк командирінен дивизия командиріне дейінгі даңқты жолды басып өтті. От – жалын кешіп жүріп:

Болса егер менің саған керегім,
Күндерімді, түндерімді,
Ой толқынын, сыр толқынын
Саған ғана беремін!

– деп ерлкті, елдікті, отансүйгіштікті насихаттады. Бауыржан ата – соғыс өнерін жетік меңгерген, әскери қимылдарға әзірліктің және оны жүргізудің теориясы мен практикасын, әскери стратегияны, оперативтік өнер мен

тактиканы ұтымды қолдана білген қолбасшы. Ол – 207 рет соғысқа қатысқан қаһарман батыр. «Халқымның қарапайым бір ұлымын, жанымды арым үшін құрбан еткен» дейтін өмірлік ұстанымынан бір мысқал да ауытқымаған, бойында иненің жазуындай жалғандығы жоқ, бір өзіне ғана жарасар ерлік пен өрлік бар, төрт жыл сыз жастанып, жер кепе мен окопта ұйқысыз, мазасыз түндерді, кескілескен шайқастарды басынан өткізген қайсар да қайтпас ер есімі қазірде батырлықтың символына айналды.

«Есімі ер жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» деп Баукеңнің өзі айтқандай, оның есімі ел жүрегінде мәңгіге сақталды. Ендеше, Бауыржан батыр шын мәнінде бақытты ер!

Майданда шайқасып, жеңілістің ащы дәмін де, жеңіс қуанышын да татқан жерлестеріміздің бірі, ротаның саяси жетекшісі – Василий Колочков. Оның «Россия кең –байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда Москва!» деген жалынды сөздері бүкіл әлем жұртшылығына тарап кетті. Ол жетекшілік еткен 1075- атқыштар полкінің танк жоюшылар тобының 1941 жылғы 16 қарашада Дубосекова разъезі түбінде жаудың 18 жауынгерлік машинасын жойып, оны шығысқа жібермеген өшпес ерлігі бүкіл дүние жүзіне мәлім. Сондықтан да, 28 батырдың бейнелері әндерде, дастандарда, аңыздарда айтылып, мәрмәр тастарда қашалып, бояулармен бейнеленіп мәңгілікке қалдырылды.

Рейхстаг баспалдақтарының кіре беріс бағанына бірінші болып шабуыл туын қадаған Ақмола қаласының Қырыққұдық деген жерінде туып өскен Қазақ лейтенанты Рахымжан Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер, вяткалық орыс Григорий Булатов еді. Бұл туралы 1945 жылдың 3 мамырында Берлинде шыққан «Воин Родины» газетінде: «Они отличались в бою! Родина с глубоким уважением произносит имена героев.. Над цитаделью гитлеризма они водрузили знамя Победы. Запомним имена храбрецов: Рахымжан Кошкарбаев, красноармеец Григорий Булатов» деп жазылған еді.

«Қолын кессең бір сөз айтпас,
Шын қаһарман ер жігіттер
Аз болмады қазақта»

дегендей, төсін оққа төсеген батыр аталарымыз Т. Тоқтаров, М. Габдуллин, Н. Әбдіров, Р. Амангелдиев, С. Баймағамбетов, Д. Шыныбеков, С. Жылқышев, Т. Мырзаевтің есімдері алтын жұлдыздың сәлесімен шағылысып, өткен ғасырдағы сұрапыл күндерді еске салады. Сол майданда біздің аруларымыз да талай қиындықтарды бастан кешті. Қолдан келместей көрінгенімен, сол кездері нәзік жанды әйелдер кез –келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашанда жауынгерлермен бір сапта тұрды. Тіптен, дәл осы қыздардың бар болуы жауынгерлерді рухтандырыа, оларға күш қуат берді.

Ерліктің қос қанаты деп білемін

Аяулы Әлия мен Мәншүгімді, - деп есімдерін ән жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. «Майданға жіберетін ешкімім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін» деп Алматыдағы медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қайсарлығы таңқалдырмай қоймайды. Сол секілді мергендігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қалады. Мәншүк пен Әлиядан басқа халқының абыройын асырып, елінің даңқын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, жаралыларды өлімнен құтқарған көптеген қазақ қыздары майдандағы ерліктеріне лайық орден, медальдармен, бас қолбасшының алғыс хаттарымен марапатталған. Алайда, осы сұрапыл қанды қырғында өмір мен өлімнің арасында жас өмірін сарп еткен Қазақ қыздары жөніндегі деректер өте аз, олардың көбісінің есімдері де белгісіз. Мұны майдангер қазақ қыздары кешіре қоймас!

Ұлы Отан соғысы, ондағы Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгертті, талай жанның өмірін үзді. Ал енді бүгін, 9 мамыр күні, бұл мейрамды бүгінгі майдангерлер – соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгілерін көрсеткендер, ал бүгінде бейбіт еңбекке араласып жүрген Ұлы Отан соғысының мүгедектері тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбектерімен жеңісті шындаған шаруалар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен аналар мен қыздар тойлайды.

Осынау Ұлы Жеңіс күнінде Отанымыз үшін өзінің жанын пида еткен, туған –туысқандарына, жақын жарандарына, тамыр – таныстарына қайтып оралмай қалған қаһарман ерлерді ел болып еске түсіреміз.

9 мамыр – фашизмді жеңген қаһармен халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Бұл күні аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан 70 жыл бұрынғыдай сыздайды. Бүгін жеңімпаздардың, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен еңбектері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

өмір сүріп келе жатуы – тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында, Сондықтан біз, ХХІ ғасыр балалары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Шаканова Мадина

10 класс, СШ № 25 с.Родниковское

Карагандинская область

Руководитель: Смаилова А.А.

Халық қаһарманы Батыр қазақ-БАУКЕЦ!

Жеңіске тек рухтың күштілігімен ғана жетуге болады

Б.Момышұлы

Биыл қазақтың біртуар батыры, Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлының туғанына 106 жыл толып отыр. Баукеңнің ерлік істері, жарқын бейнесі ел жүрегінде мәңгілік сақталады. Жадымызда мықтап жатталған даңқты тұлға есімі тарихта алтын әріппен жазылған. Қызыл империя белсенділерінің қатыгез саясатының нұсқауымен қасапшы машина қаймана қазақтың «сүт бетінен сылып алар қаймағын», яғни, саналы һәм санаулы асылдарын аяусыз қырып-жойғаны белгілі. Бір өкініштісі, бұл келеңсіздік Ұлы Отан соғысы тұсында да жалғасып, ұлы далада өсіп-өнген қайсар ұлдардың есепсіз ерлігін тиісінше бағаламады, тылдағы ерен еңбекті елемеді. Керісінше, аз ұлттарға әрдайым қысым көрсетіп, қиянат жасап, марапат-атақтан, жоғары лауазымнан шеттетіп әлекке түсті.

«Қызыл империя күшейіп тұрған шақта Баукеңнің асқан батырлығы да, қайраткерлігі де, жазушы ойшылдығы да дұрыс бағаланған жоқ. 45 жыл бойы батыр атағына екі рет ұсынылса да берілмей қойды. Мәскеудегі Жоғары академияда 5 жыл “Жоғары тактикадан» аға оқытушы болып қызмет атқарып, ұстаздықтың ең биік шыңына жетті. 13 жыл генералдық қызмет атқарды. Бірақ генерал шені берілген жоқ». (Әскери журналист қолжазбасынан).

Сол кезде жоғарғы әскери басшылыққа өзге ұлттың өкілін араластыра бермейтін саясаттың зардабы өлшеусіз болды, оны жария заманда бірақ білдік. Оның үстіне жалғандықты, жағымпаздықты өлердей жек көріп, жақтырмайтын бірбеткей Бауыржан Момышұлының ешкімнен қаймықпас өжет мінезі де шовинистік пиғылдыларды әбден қитықтырып, биліктегілер шешім қабылдар кезде әдейі сыңар езулікпен бұра тартуын тоқтатпады...

Баукеңнің баласы Бақытжан келтірген дәйекті деректерде кейбір жұмбақтарға жауап молынан табылады. Одан білетініміз, «Кеңес Одағының Батыры» атағына үш рет, генералдық шенге төрт рет ұсынылыпты. Алайда, қыңырлар «тұрғызған» қамал алынбаған. Димекен (Дінмұхаммед Қонаев) тәулекелге бел буып, іске білек сыбана кіріскенде КСРО Қорғаныс министрі Гречко: «Только через мой труп», - деп қасарысыпты дейді. Кейін осы тақырыпта жайсыз әңгімені тағы қозғап, Брежневке өтініш жасағанда,

«Димаш тарихты қайта қарамай-ақ қояйық», - депті самарқау («Баукеңнің университеті», журналист Қ.Аманжол сұхбатынан). Солақай саясаттың сасық ойлы сойылұстарлары ақиқаттың ақырында жеңіп шығатынын, келешекте ақ пен қараның ажыратылып, әділдік орнайтынын сезді ме екен, кім біледі? «Дананың жолы елден елге дейін, шаланың жолы төрден көрге дейін» - деген мақтанышымыз Бауыржан Момышұлы есімін қалай әйгілеп, төбемізге көтерсек те, артық етпес! Азаматтықтан, адалдықтан айнымаған Баукеңге ұқсаған өскелең ұрпақ өкілдері көбейіп, өркен жая берсін!

Кешегі күркіреген соғыстың зұлмат күндерінде етегімен су кешкен хас батырладың Отан үшін кеудесін оққа тосып, жан қиған жанкештілгі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Кеңес одағының екі мәрте батыры атанған Талғат Бигелдинов пен Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, шығыстың қос шынары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова сынды аға-апаларымыздың есімдері көңілге мақтаныш ұялатады. Солардың ішінде Батыр Бауыржан Момышұлының орны бөлек. Соғыстан кейінгі өмірін шығармашылыққа арнаған Баукеңнің жазған дүниелері тегіс дерлік ерлік, майдан хақында. 2010 жылы туғанына жүз жыл толған батырдың мерейтойы еліміз бойынша тойлануды.

2010 жылы еліміз үшін мерейлі жыл болып отыр. Майдангер жазушының жүз жылдығы ЮНЕСКО көлемінде тойлануы ел абыройының белгісі. Біздің елімізден Ұлы Отан соғысына 53 майдангер жазушы қатысты. Солардың көш басында Бауыржанның есімі мақтанышпен аталады. Соғыс жазушыға не берді, ал жазушы әскери өнерге не берді? Осы жауапты Баукеңнен табуға болады. «Қанмен жазылған кітап», «Москва үшін шайқас» секілді шығармалары нағыз ерліктің бейнесі, - деп ойын білдірді профессор оқушылармен әңгіме кезінде. Баукең-жалпы ұлттық дәрежедегі қаһарман. Ол тұтас халықтың бөліп – жармайтын ортақ әрі әрбір қазақтың жүрегіндегі кіршік түсірмейтін аяулы сезімі сияқты меншіктеген өз Бауыржаны болуға лайықты ұлылық тұғырына көтерілген тұлға. Ұақыттың мәңгілік, бақилық кеңістігінде оған пендешілік шаңы жұқпайды. Қала берді, Бауыржан бүкіләлемдік, күлліғаламдық күрделі де сирек құбылыстардың санатына қосылады.

Құдайға мың қайтара шүкір – тәубе деп айтайық, осындай асылдан қалған тұяқ, батырдан тараған ұрпақ барына. Бұл да болса халқымыздың бір көз қуанышы, көңілдегі жұбанышы болар. «Дананың жолы елден елге, дейін шаланың жолы төрден көрге дейін»- деген мақтанышымыз Бауыржан Момышұлы есімін қалай әйгілеп, төбемізге көтерсек те, артық етпес! Азаматтықтан, адалдықтан айнымаған Баукеңге ұқсаған өскелең ұрпақ өкілдері көбейіп, өркен жая берсін!